


Қайролла МҰҚАНОВ



**АБЫЛАЙ
РАМАЗАНОВ –
АЛАШ
ҚАЙРАТКЕРІ**



Деректі ғұмырнама

Қайролла МҰҚАНОВ

**АБЫЛАЙ
РАМАЗАНОВ –
АЛАШ
ҚАЙРАТКЕРІ**



Деректі ғұмырнама

Петропавл – 2018

УДК 534 (84)
ББК 84.3 (Каз) 5-2
М 5

Редакторы – т.ғ.к., доцент Гүлнар Мұқанова

Ескерту: Бұл кітап алғаш 2003 Астанада басылып шыққан болатын. Биыл бұрынғы басылымға түзетулер енгізіп және жаңа табылған деректерді енгізіп қайта шығарып отырмыз.

Мұқанов Қайролла

М 5 АБЫЛАЙ РАМАЗАНОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ. Деректі ғұмырнама.
Қызылжар, 2018–2-ші басылуы, толықтырылған.

ISBN 978-601-7247-53-4

Бұл кітапта деректерге сүйеніп Алашорданың қолдаушысы, Алаштың ардагер азаматы, Кеңес үкіметінің әкімшілік-әміршілік саясаты кезінде құғын-сүргінге ұшыраған Абылай хажы Рамазанұлының өмірі баяндалады. Алашорданың жергілікті комитетінің мүшесі болып, халыққа алаш идеясын насихаттаған. Ол Алаш қайраткерлері Міржақып Дулатов, Айдархан Тұрлыбаев, Салмақбай Күсемісов, Жұмағали Тілеулин, Мағжан Жұмабаев, Әбу Жұсыпов, Ахмет Жанталын, т.б. және ақын-жыраулар: Үкілі Ыбырай, Әсет Найманбаев, ақын Тұрлыбайұлы т.б. өнерпаздармен жақсы қарым-қатынаста болған.

Көшебе Керей Майлы бидің шаңырағында 1871 жылы дүниеге келген. Троицк қаласында медреседе білім алған. «Айқап» журналы, «Қазақ» газетің үзбей алдырып отырған және көптеген қазақ жастарды мектеп ашып оқуға тартқан. Абылай хажының елінің қаранғылықтан, надандықтан шығуы жолына бағышталған еңбегі, адамгершілігі, адалдығы, турашылдығы, батылдығы көрсетіліп көптеген мысалдармен дәлелденеді.

Кітап қазақ ұлтының мәдениеті мен тарихын, елін, жерін сүйетін, әділеттілікті жақтайтын әрбір адамның көңілінен шығатынына сенім мол.

УДК 534 (84)
ББК 84.3 (Каз) 5-2

ISBN 978-601-7247-53-4

© Мұқанов Қ, 2018
© Издательство «Северный Казахстан», 2018

АЛҒЫ СӨЗ

«...Біздің мұратымыз — Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады».

Мұстафа Шоқай «Жас Түркістан», 1929 ж.

Тәуелсіз Қазақстанның азаматтары әсіресе жаңа мемлекет құрып жатқан қазіргі жас ұрпақ өз елінің, мемлекетінің тарихын білуі тиіс. Өйткені еліміздің әр өңірінде көптеген саналы, зиялы азаматтар халқымыздың азаттығы үшін, оның бақытты болашағы үшін аянбай күресті. Сондай ардақты азаматтардың бірі әйгілі абыройлы билердің ұрпағы Абылай хажы Рамазанов.

Ол бірнеше тіл білген өте сауатты, білімді болған және қазақтың талантты дарынды жастарын білім алуға, ғылымды меңгеруге шақырған, өз үйінде мектеп ашып жас өспірімдерді оқытуды ұйымдастырған.

Абылай Рамазанов басқа ауылдастарынан көп бұрын егін егумен, асыл тұқымды мал өсірумен, нарықтық қарым-қатынастарды да жақсы түсініп, сауда-саттықпен айналысқан. Өз кезіндегі заңдарды жетік біліп қазақтарды басқа ұлттардың озбырлығынан қорғап отырған кедей-кепшікке, жетім-жесірлерге әрдайым жәрдемдескен, ұрлыққа, басқа да тәртіпсіздікке қарсы күрескен.

Алаш партиясының мүшесі ретінде Алаш көсемдерінің идеясын, саясатын қолдап отырған. Ол «Айқап» журналын, «Қазақ», «Жас азамат» т. б. газеттерді үзбей оқып зиялы азаматтардың пікірлерін біліп, оларды халыққа түсіндіруден жалықпаған. Сол басылымдарға үнемі қаражат беріп көмектескен.

Ол Алаштың белгілі қайраткерлері Міржақып Дулатовпен, Мағжан Жұмабаевпен, Жұмағали Тілеулинмен, Ахмет

Жанталинмен жақсы таныс, пікірлес болған. Абылай Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Есім Байғаскин, Ұмсын Жұсыпқызы, т. б. жастардың оқу оқып, білім алуына жағдай жасап көмектескен.

Алаш азаматтары ұйымдастырған Бүкілқазақтық съезге қатысқан бірегейі. Басқа да Алашорда үкіметінің шешімдерін іске асыруға атсалысқан нағыз қаһарман Абылай Рамазанов – жұмбақ адам. Оның отансүйгіштігі, елін азат етудегі зор еңбегі әлі толық зерттеліп болған жоқ. Бұл салада оның өмірі мен еібегін зерттеуге алғаш жол ашқан осы кітаптын авторы белгілі тарихшы, өлкетанушы, педагогика салсының ардагері Қайролла Мұқанұлы Мұқанов. Ол бұл кітабында Алаштың белсенді қайраткері жерлесі Абылай Рамазановтың өмірі мен Алаш идеясын іске асырудағы еңбегін мұрағат құжаттарына басқа да деректерге сүйеніп көрсете білген.

Бұл кітапты әсіресе жастар ден қойып оқыса, ұлттың келешегі үшін өз сана-сезімін оятар еді.

**Сабыр Қасымов, белгілі заңгер,
заң ғылымдарының кандидаты,
Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер.
Астана қаласы.**

КІРІСПЕ СӨЗ

«Біз бүгінгі тіршілігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз».

Нұрсултан Назарбаев

Бұл кітап Керейдің Көшебе руының Жоламан бұтағынан шыққан, кезінде көпшілікке есімі мәлім болған әйгілі Абылай хажы Рамазановқа арналған. Абылай Рамазанов 1871 жыл мен 1931 жылдар аралығында өмір сүрген, халқының қамын ойлаған, ғарып-қасерлерге көмегін аямаған, ұры-қарылармен, біреулерге қиянат жасаушылармен аяусыз күрескен. Жастардың оқып білім алуын жақтаған, әділ де турашыл, ешқандай мәймеңкелеуді білмеген батыл да өжет адам болған. Абылай елін, Отанын сүйген нағыз патриот азамат болған. Ол Алашордашылардың қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күресу идеясын қолдаған, Алаш орда партиясының және Алашорданың жергілікті комитетінің мүшесі болып, халыққа алаш идеясын насихаттаған. Ол Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жұмағали Тлеулин, Әбу Жұсыпов, Ахмет Жанталин^{*} т. б. Алаш қайраткерлермен жақсы қарым-қатынаста болған.

Бірақ, кешегі өткен кеңес заманында ондай адамдар құдаланып, құғын-сүргінге ұшырады. Әсіресе, 1928 жылы әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйе жүзеге асырған қазақ байларын күштеп кәмпескелеу және оларды зорлап жер аудару тұтас бір халықты құғын-сүргінге ұшыратудың және бұқараны жаппай қырудың бастауы болды. Қазақ байларымен қатар елдің игі жақсыларын

^{*} Жанталин Ахмет (Жантелин, Жантөлин деп деректерде жазылғаны мүмкін).

да, алаш зиялыларының көрнекті қайраткерлерін де көптеп түрмеге қамауға, жер аударуға баса мән берілді.

Міне, осындай құғын-сүргінге ұшыраған еліміздің зиялы азаматтарының бірі осы Абылай хажы еді. Көп жылдар бойы оның аты аталмады, тек өз ұрпақтары ғана естеріне алып жүрді. Оның өзінде де кейінгі жастар оның кім екенін, қандай адам екенін білмеді.

Тек соңғы жылдары ғана, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері тарихымыздың сан алуан «ақтаңдақтары» ашылуда. Тоталитаризмнің қанды құғын-сүргінінің құрбаны болып кеткен еліміздің біртуар азаматтарының есімдерін халқына қайтарып, елім деп өткен абзал қайраткерлердің басынан кешкен тарихын бүгінгі ұрпақтың терең түсінуіне және оларды қастерлей білуіне осы кітабымыз азда боса үлесін қосса, мақсатымыз орындалды деп білер едік. Өйткені кешегінді білмесең келешегің де бұлдыр болмақ қой.

Бұл кітапты құрастырып жазу үшін біз Абылай атамыздың қазіргі тірі жүрген ұрпақтарымен, әсіресе оның баласы Үкітай Абылайұлымен, хажының інісі Мұхаметжанның баласы Қармаш ақсақалмен әңгімелестік. Облысымызға белгілі фольклоршы Қаратай Биғожиннен кейбір мәліметтер алдық. Облыстық, республикалық мерзімді баспасөзден, облыстық мемлекеттік мұрағаттан (архивтен), Алматыдағы Қазақстанның Орталық Мемлекеттік мұрағатынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының мұрағатынан бірқатар материалдар алдық. Бұдан басқа осы кітапта аттары аталған бірсыпыра адамдардың туыстарымен, ұрпақтарымен әңгімелесіп, кейбір мәселелерді анықтадық.

Кітаптың тұсаукесері 2003 жылғы желтоқсан айында еліміздің Тәуілсіздік күнінің қарсанында Бескөл ауылында Абылайдың баласы Рамазанов Үкітайдың үйінде өтті. Осы кітап туралы және оған арналған тұсаукесер мәжілісі туралы

жерлесіміз Дәстен Баймұқанов «Солтүстік Қазақстан» газетінде арнайы мақала жариялады. Ол мақаланы бүгінгі жаңа кітапқа еңгіздік.

Соның өзінде Абылай хажыға байланысты барлық мәселелерді түгел қамтыдық деп айта алмаймыз. Шынында да бізге белгісіз жағдайлар бар екен. Оны біз «Егемен Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 30–шілдеде жарияланған профессор Ерлан Сыдықовтың «Ахаң мен «Ғалия» медресесінің шәкірттері» атты мақаласынан білдік. Бұл мақаласында автор Абылаймен жақсы таныс болған ұстаз Хайролла Ибрагимов пен Әрхам Кәкитайұлы Ысқақов туралы айтады. Бұл мақала туралы мен «Солтүстік Қазақстан» газетінің сол 2003 жылғы 27 тамыздағы санында «Абылай Рамазанов туралы жаңа деректер» атты мақала жаздым. Ол мақала осы кітапқа енгізілді.

Абылай туралы, оның маңайында бірге болған әр түрлі адамдар туралы, сол кездегі тарихи жағдайлар туралы көптеген материалдарды біз әйгілі жерлесіміз академик жазушы Сәбит Мұқановтың кітаптарынан алдық. Кезінде Сәбең ол кісімен бірнеше рет кездескен, ол кісіден көмек алып, кеңесін ғыңдаған. Сондықтан кітаптың бір тарауы түгел Абылай мен Сәбиттің қарым-қатынасына арналады.

Архивтерден алынған бірсыпыра құжаттарды түсінікті болуы үшін сол қалпында өзгертпей орыс тілінде келтірдік.

Бұл Абылай туралы тұңғыш жазылған кітаптың толықтырылған шығарылымы. Кітапта тек қана Абылай туралы жазбай Абылай өмір сүрген уақыттағы облысымыздың тарихын қамтуды да мұрат тұттық. Сонымен қатар Абылаймен қарым-қатынаста болған көптеген адамдардың есімдерін де атадық. Абылай туралы жазылған кейбір уақиғалар жазушы Сәбит Мұқановтың пікірлерімен қабыспауы да мүмкін, өйткені Сәбең өзінің шығармаларын сол кездегі саясатқа сәйкестендіріп жазды ғой.

АБЫЛАЙДЫҢ АТА ТЕГІ

Абылай қажы Орта жүздің Керей руынан. Керей — тайпалық одақтың арғы атасы. Ұраны — Ошыбай, таңбасы — ашамай (Х).

Керей руының ата қонысы жайлы Қожаберген жырау өзінің «Ата тек» деген дастанында былай дейді:

Атанған бабам Ғали — «Ашамайлы»,
Өсірген мыңдап тайлақ, құлан-тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.

Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен Керей елі.
Егін сап, күн көрудің қамын ойлап,
Бас қосып кеңес құрған би мен тегі.

Ғали (Ашамайлы) шежіре бойынша XIV ғасырдың басында өмірсүрген адам. Керей руының мекендеген жері туралы Қожаберген жырау «Елім-ай» атты дастанында айтқан:

Мекендеп Тобыл, Ертіс екі арасын
Қазақтың күйге бөлеп ен даласын.
Сауықшыл Орта жүздің Керейі едік,
Үш жүздің жат көрмеген еш баласын.

Керейден бір бала — Меңліқаған. Одан 2 бала — Арыстанбек, Асланбек. Арыстанбектен — Наурызхан, одан 2 бала — Ғали (Ашамайлы), Меркіт. Ғалидан — Бағдат батыр. Одан 2 бала — Төбей, Көбей. Төбей биден 2 бала — Әзизбек, Бабай. Әзизбектен — Тұрсынхан сардар. Одан 3 бала — Жарғақ, Балдақ, Қоянбай, Жарғақтан — Қажыхан, Қазихан. Қажыханнан — Әлимұхамед.

Одан 3 бала — Ұызбек, Ұызхан, Ұызбай. Ұызбектен — Қанай, Жанай батырлар. Жанайдан — Бағлан би. Бағлан би осы күнгі Солтүстік өңірдегі көп керейлердің түп атасы болып есептеледі.

Бағлан бидің бейіті Ресейдің Қорған облысының Половинка (Ақ сиыр) ауданына қарасты Зверинологовка (Бағлан) қалашығының түбінде, Тобыл өзенінің жағасындағы Керей тоғайында жатыр. 1928 жылға дейін ол жерде атақты Бағлан жәрмеңкесі болғаны тарихтан мәлім. Бағлан би өз заманында қазақ халқының айтулы көсемдерінің бірі болған.

Бағлан бидің Архат, Фархад, Сарымұрат есімді 3 ұлы болған. Фархад батырдан Танаш, Аббас, Манас туған.

Танаш би Фархадұлы өзінен жасы кіші Мамай, Тоқтамыс, Ақсақтемірге ақышы болыпты. Сөйтіп, ол өз заманында Алтын Орда хандығының көрнекті адамы — әділқазы би атаныпты. Танаш бидің балалары: Балға, Балта, Едіге батырлар әр кезеңде Мамай, Тоқтамыс хандардың әскер басы қолбасшысы болған. Кейін олар Ақсақтемірдің әскерін басқарыпты. Едіге батыр Әмір-Темір әскерінің бір ботын бастап жаумен соғысып жүргенде ауыр жараланады. Ол сарбаздарына өзін Ұлытаудың ең биік шыңына жерлендер деп өсиет етеді Ақыры сонда жерленді. ✓

Танаш бидің Манас есімді інісі майданда қаза болады да, оның келіншегі Сәлиман жесір қалады. Ақылды бәйбише Айша ұрпақ көбейту мақсатымен қайынысының әйелі Сәлиманды өз ақсақалы Танаш биге қосады.

Танаш биден 17 бала туалы. Оның 16-сы — Балға, Балта, Едіге, Емен, Есен, Аман, Аспан, Ақпан, Сапу, Қанатар, Ораз, Одақ, Орман, Көшебе, Мамыр — Айша бәйбишеден, біреуі — Тарышы Сәлиманнан туады.

Танаш би өзінің үлкен баласы Балғаға Сібір татарының бегі Ағайынбектің қарындасы Ғалия сұлуды әпереді. Одан Әзім есімді ұл туады. Әзімтуғаннан кейін көп ұзамай Танаш бидің әйелі ел жайлауға көшкенде көш үстінде босанып ұл туады. Баланың атын көшіп келе жатқанда туды деп Көшебе қояды.

Ел жайлауға көшіп барғанда Танаштың інісі Аббас батырдың әйелі Батиха да босанып ұл туады. Оның атын Жайлаубек қояды. Әзім туғаннан кейін екі шешесі де ұл тапты, арты құтты болды деп жеңгелері Әзімді «Сыйлы бала» деп, содан Әзім «Сыйбала» атанып, келе-келе «Сыйбан» атанып кеткен. Керейдің Сыйбан руы осыдан тараған. Керей елінің қара шаңырағы Танаш бидің жұлдарының бірі — Көшебе батырда қалған екен. Көшебеден 15 бала туған. Олар: Жауынгер, Жәдігер, Жанкөрпе, Жазы, Жомарт, Жарқынбек, Жанат, Жауғашты, Жалайыр, Жандарбек, Жантелі, Жұмат, Жаған, Жанәбіл, Жанкелді.

Көшебенің Жауынгер атты баласынан тараған ел Үлкен Көшебе, немесе Жауынгер Көшебе деп аталады, себебі, Жауынгер Көшебе батырдың бәйбишесі Балумәржаннан туған тұңғышы екен. Ол туралы Қожаберген жырау «Баба тіл» атты тарихи дастанында:

Көшебенің тұнғышы
Жауынгер баба ер болған.
Темірдің қолын басқарып,
Мұсылманға бел болған.
Жауынгерден өрбіген
Үлкен Көшебе Керейде, — деп жазған.

Жауынгерден — Асылболат, одан — 2 бала: Байбол, Бибол туады. Байболдан — Алдаспан, одан — Шілікші би туған. Шілікшіден-Жаңбыршы, Бораншы, Құланшы, Аққас, Қарақас, Жастабан, Жолжақсы есімді 7 ұл туған. Жаңбыршыдан — 3 бала: Ораз, Шәміл, Мәміл туады. Ораз батырдан — Айболат, Байболат, Биболат, Ерболат, Есболат, Жанболат, Ақболат, Сойылгер, Найзагер, Қамыгер, Сойырғаш, Еламан, Жоламан, Таузар, Баузар, Қанжарбек есімді 17 ұл туған. Ораз батырдың Жоламан есімді баласы қыдыр дарыған аса бай болса да, тек қартайған шағында перзентті болыпты.

Осы Жоламаннан тараған ұрпақты Жоламан Көшебесі деп атап кетіпті. Жоламанның Ханша (Сары бәйбіше деп аталапты) деген әйелінен Алтыбасар, Мәмбет, Үмбет есімді 3 бала туады.

Жоламанның екінші ұлы Мәмбеттен – Сәмерке, Шора, Жезмұрт, Телпекбай, Жарылқамыс, Жарылқап, Қалжан туады. Қалжан батырдан – Алдаберген, Атығай, Көпе.

Алдабергеннен – 5 бала: Бақы, Жаулы, Майлы, Жаныс, Мұсайт. Алдаберген малды кісі болыпты. Оның қолында Қос деген кісі болыпты. Өзінің қайдан келгені белгісіз. Сол кісі ауа райын болжап айтып отырады екен және айтқаны тура келіп отырған. Ол бір күні Алдабергенге: – биыл жұт болады, малыңнан айрыласың. Сен Орал тауына қарай көш, үйткені Орал тауының басына бұлт оралып тұр екен, – дейді. Алдаберген оның айтқанын істеп, малын айдап Башкирия жеріне барып Кантон деген жерде тау арасында қыстап малын аман сақтап қалады. Қыстан жақсы шығып, енді елге жүретін кезде Алдаберген сол жердің адамдарын жинап қонақ асы беріп отырып, мен елге не деп барамын – дейді. Сонда Кантон иесі тұрып:

– Мен балаларыңды сынап берейін, – дейді. Алдаберген оның алдына бес баласын отырғызып қойып, сына дейді. Сонда Кантон иесі балаларға қарап айтқан екен:

– Бақың – сопиған өз бетімен болады

– Жаулы – әпербақан, сотқар болады.

– Майлы – алдына екеу салып, артына екеу салып, ортадан жарып шыққан би болар.

– Жаныс – бұл Жаулының серігі болар.

– Мұсайт – мал иесі, түбінде бар байлық осында қалар.

Білетін қариялар сол кісінің айтқандары дәл келді дейді. Майлы шынында да елге белгілі атақты би болыпты. Оның інісі Мұсайт байлығының арқасында 1767 жылы Меккеге қажылыққа барып келіпті.

Енді осы Алдабергеннің аталған бес баласын таратайық. Бақының алты ұлы болыпты. Олар: Уақбай, Жартан, Қосшығұл,

Досбол, Қошқарбай, Қисық. Уақбайдан — Жақсымбет, одан — Серікбай, Сыздық. Жартаннан — Ораз, Ахмет. Ораздан — Сауыт, Әлти. Сауыттың баласы — Мұстапа, одан — Шәкен. Шәкен қайтқан. Мұстапаның бәйбишесі, Шәкеннің шешесі Зейнеп (Рамазанов Мәуияның қызы) 2000-ншы эылы мен осы Зейнеп шешеймен Қызылжардағы үйінде кездесіп, әңгімелескен едім. Ол немерелері Бауыржан мен Біржанның қолында тұрады екен. Бауыржанның ұлы Қайржан 10-шы класта оқиды екен. Біржанның Айнұр деген қызы 3-ші класта.

Әлтиден — Бейсен, Қаппас. Бейсеннен — 4 ұл: Ержан, Бозжан, Ермек, Бота. Бұлар Целинный (қазіргі Ғабит Мүсірепов) ауданында тұрады. Қаппастан — Ербол, Ерболат. Қосшығұлдан — Сәбит, Мұқаш.

Досболдан — Аманжол. Аманжолдан — 3 бала: Бабош, Қари, Есім. Бабоштан — Тұяқ, Үкітай, Серік, Берік, Әділбек. Қошқарбайдан — Қайырке, Қисықтан — Темірғали, одан — Жұмағали, Малтабар. Жаулыдан — ұрпақ жоқ.

Жаныстан — Қайрақбай, одан — Дәметкен (қыз) және Смағұл. Дәметкен Сергеев ауданындағы (қазіргі Шал ақын) Латанов Уәптің әкесі Латыптың шешесі. Смағұлдан — Қажым Смағұлов 1938 жылы саяси-құғын сүргінде атылып кеткен. Артында әйелі Зура мен Роза атты қызы қалған.

Майлы биден — үш ұл туған: Рамазан, Имақ, Жамақ. Рамазан мен Имақта бала болмаған. Жамақтан — Абылай, Мұхаметжан есімді екі ұл туған. Абылайды жас кезінен Рамазан бауырына салған. Содан Абылай Рамазанов болып аталып кеткен. ✓

Мұсайттан — екі ұл: Азнаш, Көшер. Азнаштан — Берден, одан — Қапәш, Ахмет, Каптай. Көшерде сегіз бала болыпты: Омар, Жұныс, Сатан, Сүлеймен, Тасмағамбет, Махмет, Ғабдолла, Бірімжан. Омардан — Шұғайып, Қажымұрат деген екі ұл және Мағрипа атты қыз туған. Шұғайыптан — төрт бала: Халық, Салық, Кәрай, Қоюбай. Қажымұраттан — екі бала: Құрмаш, Жақсылық. Жұныстан ұрпақ жоқ. Сатаннан — Қожахмет, одан — Мәриәм (кәдімгі

Сәбит Мұқановтың жұбайы). Құрмаш пен Мәриәмнің шешесі бір кісі – Бәт. Сүлейменнен – 4 бала: Қапөт, Хамза, Алыпқаш, Сейіт. Хамзадан – Сәрдар, Күлжиян. Сәрдардан – Аманай, одан – Серікбай, Аслан. Қапөттен – Қабдрашит... Алыпқаштан – Есенай... Тасмағамбеттен – Билал, Мұхтар, Бұғажбай. Махметтен ұрпақ жоқ. Ғабдолладан – Нұрғали, одан – екі ұл, бір қыз. Бірімжаннан – Зікірия – соғыста хабарсыз кеткен. Қалжанның екінші ұлы Атығайдан – Найман, одан – 5 ұл: Көпшік, Көпеш, Қожантай, Іргебай, Алпыс. Көпшіктен – 3 ұл: Ықаш, Махмет, Қабдолла. Ықаштан – 3 ұл: Мәлік, Домбай, Қажығали. Мәліктен – Сәкен және бірнеше қыз. Қажығалидан – Шәукер, одан – Саян, Саят. Махметтен – Естай... Қабдолладан – Сейсен. Көпештен ұрпақ жоқ. Қожантайдан – Әбілқас, одан – Тоқтар, одан – 2 ұл, бір қыз. Іргебайдан ұрпақ жоқ. Алпыстан – Қабдол – соғыстан келгесін құғынға ұшырай бергесін Ресейге кеткен. Сол жақта қайтыс болған.

Абылайдың ата тегінің толық шежіресі

Жоғарыда аталған Жоламанның екінші ұлы Мәмбеттен – Сәмерке, Шора, Жезмұрт, Телпекбай, Жарылғамыс, Жарылғап, Қалжан туған (7 бала). Қалжан батырдан – Алдаберген, Атығай, Көпе (3). Алдабергеннен – Бақы, Жаулы, Майлы, Жаныс, Мұсайт (5). Бақыдан – Уақбай, Жартан, Қосшығұл, Досбол, Қошқарбай, Қисық (6). Уақбайдан – Жақсымбет, одан – Серікбай, Сыздық. Жартаннан – Ораз, Ахмет. Ораздан – Сауыт, Әлти. Сауыттан – Мұстапа, одан – Шәкен. Шәкеннен – Бауыржан, Біржан. Бауыржаннан – Қайыржан, Біржаннан – Айнұр (қыз). Әлтиден – Бейсен, Қаппас. Бейсеннен – Ержан, Бозжан, Ермек, Бота. Қаппастан – Ербол, Ерболат. Қосшығұлдан – Сәбит, Мұқаш. Досболдан – Аманжол, одан – Бабош, Қари, Есім. Бабоштан – Тұяқ, Үкітай, Серік, Берік, Әділбек. Қошқарбайдан – Қайырке.

Қисықтан — Темірғали, одан — Жұмағали, Малтабар. Жаныстан — Қайрақбай, одан — Дәметкен (қыз), Смағұл. Смағұлдан — Қажым, одан — Роза. Майлы биден — Рамазан, Имақ, Жамақ. Жамақтан — Абылай, Мұхаметжан. Абылай мен Мұхаметжанды Рамазан өз бауырына салған. Содан олар Рамазанов деп аталған. Мұсайттан — Азнаш, Көшер. Азнаштан — Берден, одан — Қапөш, Ахмет, Қаптай. Көшерден — Омар, Жұныс, Сатан, Сүлеймен, Тасмағамбет, Махмет, Ғабдолла, Бірімжан (8). Омардан — Шұғайып, Қажымұрат, Мағрипа (қыз). Шұғайыптан — Халық, Салық, Кәрәй, Қоюбай. Қажымұраттан — Құрмаш, Жақсылық. Сатаннан — Қожахмет, одан — Мәриәм (Сәбит Мұқановтың әйелі). Құрмаш пен Мәриәмнің шешесі бір кісі — Бәт, Сүлейменнен — Қапөт, Хамза, Алыпқаш, Сейіт. Хамзадан — Сәруар, Күлжиян. Сәруардан — Аманай, одан — Серікбай, Аслан. Қапөттен — Қабдрашит. Алыпқаштан — Есенай. Тасмағамбеттен — Билал, Мұхтар, Бұғажбай. Ғабдолладан — Нұрғали. Бірімжаннан — Зікірия. Қалжанның екінші ұлы Атығайдан — Найман, одан — Көпшік, Көпеш, Қожантай, Іргебай, Алпыс. Көпшіктен — Ықаш, Махмет, Қабдолла. Ықаштан — Мәлік, Домбай, Қажығали. Мәліктен — Сәкен, Қажығалидан — Шәукер, одан — Саян, Саят. Махметтен — Елтай, Қабдолладан — Сейсен. Қожантайдан — Әбілқас, одан — Тоқтар, Алпыстан — Қабдол.

Абылайдың ағайыны Қаратоқа әулетінің шежіресі

Жоламанның Ханша деген әйелінен — Алтыбасар, Мәмбет, Үмбет атты 3 ұл туған. Мәмбеттен — Шора, Сәмерке, Жарылғап, Сағындық, Шәукер, Қалжан, Қалпақ. Шәукерден — Қаратоқа, Барлыбай, Өтеміс, Жанұзақ, Малдыбай, Жәмеңке. Қаратоқадан — Бақы, Салқай, Соқыр, Қибасты, Қамысбай, Нұргельді, Кемікбай. Бақыдан — Тақырбас, Тәбік. Тәбіктен — Сәмтік, Мұса, Мұстапа, Қанапия. Сәмтіктен — Ыбырай, Мұқан, Кәмәлитден (Кәмәлі).

Қибастан — Еменалы, Танабай. Еменалыдан — Жүнібай, Мәлімбаи, Елембай, Иса, Тасмағамбет, Құсайын. Жүнібайдан — Рақым, одан — Нәкеш. Нәкештен — Бауыржан, Жанай, Мағжан, Ербол. Мәлібайдан — Жақып, Айтжан, Қозыбай, Кәрішал, Тайжан. Жақыптан — Едірес, одан — Әскер, Асқар, Қалихан, Уәлихан, Шоқан, Болат. Айтжаннан — Сабыр, Кәрішал. Сабырдан — Қайрат, Қайсар. Кәрішалдан — Сапар, Ұпар. Қозыбайдан — Қуаныш, одан — Мерген, Сайлау. Елембайдан — Сыздық, одан — Қайырбай, Мәжит. Қайырбайдан — Сейтақ, Серік. Мәжиттен — Марат, Жанат, Қанат. Тасмағамбеттен — Сейітхан, одан — Бәстеми, одан — Шоқан, Нұрлан, Ерлан. Кемікбайдан — Омар, Оспан. Оспаннан — Қазі, Қамза. Қазідан — Елтай, Ұлықман, Кәкім. Елтайдан — Қайырбек, Бейсен, Қайыргелді. Ұлықманнан — Нағашыбай, Қуанышбай, Қуантай. Қамзадан — Шәуәлі (Шәкен), одан — Құмырзақ. Нұргелдіден — Бірімжан, одан — Баяхмет, одан — Сағат, Жүсіпбек. Сағаттан — Мәлғаждар, Қуандық, Бегендік, Шамғұл. Жүсіпбектен — Сүйіндік, Шегендік. Мұстападан — Қапөш, Исақ. Қапөштен — Зейнел, Біләл, Нұреке. Біләлдан — Елтай. Нұрекеден — Тілеген, Тілеміс. Исақтың бірінші әйелінен — Мәлік, Қабдол, екінші әйелі Жәңкеден — Күлянда, Күлбарам, Мәдина, Оразай. Мәліктен — Салық, Марат. Салықтан — Бекет, Есет, Мұрат. Қанапиядан — Сәби, Ғаббас, Сарқан. Сәбиден — Қабділман, Рәшит, Уақаш, Уәп. Уақаштан — Бейбіт, Серік, Әскер. Бейбіттен — Данияр. Ғаббастан — Ғалымжан, Арыстан, Ғалым, Кәрттай. Сарқаннан — Мұхамедия, Баян.

Сәмтіктен — Ыбырай, Мұқан, Кәмәлидин (Кәмәлі). Ыбырайдан — Хамза, Мұқаннан — Жәмәлитден (Жамалтай), Шәріп, Ажар, Қадйша, Хамит. Шындығында Хамза Мұқан баласы. Оны Ыбырай бауырына салып, тәрбиелеген. Сөйтіп Хамза Ыбыраев болып кеткен. Кәмәлиден — Майра, Төлеген, Шәріп, Кәмел, Қайыржан, Жәмила, Марат. Хамзадан — Күлзипа, Үмітжан, Райхан, Шәкен (Қайыржан), Салтанат, Ниязбек, Гүлназ, Қайркен, Алма. Күлзипаны Жамалтай бауырына салып өсірген. Жамалтайжан

— Әмір (Әмірғали). Әмірден — Сәкен, Серік, Гүлбадан, Ботагөз, Қаламқас, Жәния, Сәуле. Сәкеннен — Айдар.

Шәріптен — Шоқан, одан — Абай, Қабай, Жабай, Құнанбай, Қайролла, Аяз, Бағдат, Сағдат, Бақытжан, Әсем. Абайдан — Динара, Индира, Саяхат. Қабайдан — Асан, Дәмегүл. Жабайдан — Айнұр, Рахат, Аяжан, Айдана, Елдана. Бағдаттан — Әлия, Ғалия, Сәуле, Абай. Сағдаттан — Азат, Ләззат. Құнанбайдан — Алтынай, Саят. Бақытжаннан — Досжан, Дана. Әсемнен — Мәдина, Альбина.

Ыбыраев Хамзаның ұрпақтары:

Үмітжаннан (Жолдасы Жүйріков Кеңес Қажыгерейұлы)

Арыстан, Нұрлан, Ерлан, Руслан.

Арыстаннан — Әлен, Сабина, Шыңғыс.

Әленнен — Асқар.

Райханнан (Жолдасы Есенов Жәнібек Мұқанович)

Мұхтар, Жәмила, Әлия, Нұржан.

Мұхтардан — Әсел, Әлібек, Әлішер.

Нұржаннан — Айбек.

Шәкеннен — Ерболат, Самал, Ерден, Ерназар.

Ерболаттан — Ерсұлтан, Ерхан, Ерасыл.

Ерденнен — Нәзира, Самалдан Жансая (Шәкеннің жұбайы Гаухар).

Салтанаттан (жолдасы Бүркіт): Ерлан, Дина.

Ниязбектен — Әсел, Айзере, Тахмина, Алмаз (жолдасы Айгүл).

Гүлназдан (Жолдасы Шәріпов Құрманбай Шәріпович):

Асұар, одан — Әнел, Дамир.

Қайыркеннен (жолдасы Нұралинов Омар):

Бауыржан, Айлин, Айзере

Алмадан (жолдасы Қалижан)

Айсұлу, Әлихан.

Мәмбет, Майлы билер

Абылайдың бесінші атасы Мәмбет би туралы ел аузында қалған әңгімеге қарағанда ол кісі асқан бай болған көрінеді. Оның байлығы сондай, шаңқай түсте жылқысы үлкен көлден су ішкенде, көлдің суы бір қарыс азаяды екен. Мәмбет би Жоламанұлы саудамен байыса керек. Ол бір жылда саудамен Бұхара қаласына екі рет барып отырған. Байлығының күштілігі сондай, тіпті оның іші әртүрлі жиһаздарға толы абдраларының кілттерін бір адам арқалап жүрген. Сол байлығының арқасында Мәмбет би Бұхара қаласының бір қақпасында атын алтынмен жаздырып қалдырыпты деген сөз бар. Ол Меккеге барып қажы атағын да алыпты.

Қалжан батыр туралы әзірге біздің қолға ешқандай дерек түспеді. Алдаберген туралы жоғарыда айтылды.

Осы Алдабергеннің бір ұлы Майлы би Абылайдың туған атасы. Бұл кісіде атақты адам болыпты. Ел ішіндегі аңыз Майлыны бір кезде Абылай ханның уәзірі болған, қалмақпен соғысқан батыр адам дейді. Майлының атағы сонау Жағалбайлы еліне де мәлім болған екен. Оны мына мысалдан көруге болады. Бірде Таз Керей Киікбай би Айтуғанұлы еліндегі нағашыларына барады. Сонла қонақ болып жүргенде нағашысы одан «Мәмбет биден қалған ұрпақ бар ма?» — деп сұрапты. Сонда Киікбай: «Мәмбеттің шөбересі Майлы би бар» — депті. Сонда Майлы бидің атағына сырттай қанық Киікбайдың нағашысы елге қайтарында Киікбай жиеніне бір ат мінгізіп, Майлы биге бізден сәлем айтып тапсыр деп бір жорға беріп жібереді.

Киікбай Майлы биге жорғаны әкеп тапсырып, оған айтқан Жағалбайлыдағы нағашысының сәлемін жеткізеді. Майлы би Киікбайды қондырып, қонақ қылып, алыстағы Жағалбайлы еліне менің атағымды шығардың, — деп риза болып, Киікбайға өзі бір ат мінгізіп аттандырыпты.

Майлы бидің отырған қонысының қасында екі көл болған екен. Ол көлдерді жұрт Майлының қос көлі деп атапты. Соңынан орыстар келіп қоныстанғаннан кейін сол жерге орналасқан селоны «Семиполка» деп атаса да, қазақтар оны осы күнге дейін «Қос көл» деп атайды. Майлы бидің зираты сол Семиполка селосының батыс жақ шетінде бұрынғы Заготзерноның қасында екен. Оны 2001 жылы жазда біз (Абылайұлы Үкітай, Үкітайдың баласы Ілияс, құдасы Ғалым Қадірәлі бәріміз) әдейі іздеп барғанда, осы селоның тұрғыны Бақы баласы Досболдың шөбересі бұрын сол Заготзерноның қызметкері болған Тұяқ Досболов көрсетті. Үлкен зират жай ашық жер болып тегістеліп кеткен, не қоршау, не белгі жоқ. Аруақтарға дұға оқып қайттық.

Майлы мен бірге туған Мұсайттың ауылы Майлы қыстауы Қарашоқтан 3–4 шақырым жерде болыпты.

РАМАЗАН, ИМАҚ, ЖАМАҚ

Майлы бидің үлкен баласы Рамазан да Меккеге барып хажы атағын алған. Екінші ұлы Имақ шешен болған кісі. Ол 1911–1912 жылдары Меккеге хажылыққа барғанда сол жерде қайтыс болыпты. Одан ұрпақ қалмаған. Рамазанның Қабдолқалық деген жалғыз ұлы екі жасында қайтып кетеді, басқа баласы болмайды. Содан Рамазан кіші інісі Жамақтың үлкен ұлы Абылайды бауырына салып, өз атына түсіріп бала қылып алады. Сөйтіп Абылай Рамазанов болып кетеді. Жамақтан Абылайдан кейін Мұхаметжан деген ұл және екі қыз туған. Жамақтың Өрік деген әйелі еліміздің белгілі азаматы Социалистік Еңбек Ері 2002 жылғы қантардың аяғында дүние салған Есімнің әкесі Шайхынның апалары екен.

Рамазан өз кезінде би болған және Полудено болысында болыс (волостной управитель) болыпты. Ол 40 жыл би болған көрінеді. Қартая келе билікті тастап, орнына қоятын лайықты кісі іздейді. Рамазан Қаратоқа Тәбік баласы Сәмтікті би ғып қойғызады. Бұған жас Абылай қарсы болып, әкесі Рамазанмен келіспей ұрысып бірсыпыра уақыт онымен сөйлеспей қояды. Сәмтік бай, зор денелі көркем кісі екен. Бірақ ол болыс болып тұрған кезде шынында да Абылайдың айтқаны келіп, ел ішінде ұрлық-қарлық, пара алу, барымта сияқты жағдайлар көбейіп кетіпті. Сондықтан халық оған наразылық білдіріп шу шығарады. Рамазан енді өзінің немере інісі Азнашты билікке ұсынады. Бірақ ол биліктен бас тартады. Халық Сәмтікті орнынан алғызып, билікке Абылайдың туған әкесі Жамақты сайлаған.

Жамақ Майлыұлы кезінде Түркияда оқып мұсылманша білім алады. Орысша да сауатты, хатқа жүйрік білімді кісі болған. Жамақты би сайлағанда оның біліміне қызыққан бір ақын: «Жамақтай білімім болса, мен де би болар едім», – депті. Ол би болып сайланғанға дейін Қызылжар, Омбы қалаларында

мешітте имам болыпты. Жамақ 6–7 жылдай би болып тұрғанда ұры-қарыларға қатаң жазалар қолданып, пара алушылар мен барымташыларды да тәртіпке келтірген. Ел ішінде тиыштық орнатқан.

Бірақ, оның бұл әрекеттеріне қарсылар да болмай қоймайды. Ақыры сондай қарсылар бір жолы оған білдірмей сорпаға у қосып береді. Содан Жамақ қатты ауырады. Ол өзі уланғанын білмейді, ұрлықтың етінен ұшындым депті. Сол ауырғаннан айықпай Жамақ би 1916 жылы дүниеден өтеді. Жамақ сол маңайдағы ақырғы сайланған би болса керек.

АБЫЛАЙДЫҢ ӨМІР ДЕРЕКТЕРІ

Абылай 1871 жылғы жазда Майлының «Қара томар» деген жайлауында туған. Ол жасынан өте пысық, өжет болып өсіпті. Сәбит Мұқановтың айтуынша, ол он бес жасында біреудің қалың мал беріп айттырып қойған қалыңдығын алып қашып, әкесін көп шығынға ұшыратқан көрінеді. Он сегіз жасында жоғарыда айтқанымыздай, Сәмтікпен билікке таласқан. Абылай жасынан адалдықты, тазалықты жақтаған, өтірікшілерді, ұрлықшыларды, парақорларды, өзінен төмен кедейлерді алдап қанаушыларды жек көрген өте турашыл, әділ болған.

Абылай баяғы атасы Майлы бидің қыстауы «Қарашоқ» деген ағаштың бауырында 12 бөлмелі үлкен ағаш үй салдырып сонда тұрған. Оның үйінің маңайы басқа қазақтарлардікіндей былығып жатпаған. Ағаш үйден басқа жаз отыратын киіз үйлері, ақ мойшасы болған. Астық сақтайтын 8–9 сарайларын тұрған үйлерден алысырақ орналастырыпты. Оларда бидай, сұлы, арпа жеке-жеке сақталыпты. Ол сарайларға астықты төбедеріндегі арнайы жасалған тесіктен құйған. Сауын сиырлардың қорасы бір бөлек, мініс аттардың қорасы бір бөлек жасалыпты. Келген қонақтардың аттарын байлайтын арнайы орын да дайындалыпты. Абылайдың үйін бұрынғы әдетпен «Би ағаның үйі» деп, кейде «қажының үйі» деп атаған.

† Абылайдың жайлауы «Қара томар» және «Абылай шілігі» деген жерлерде болған. Егін егетін жері бүгінгі Семиполка селосы мен Жалтыр ауылының аралығында «Қара сиыр» деген аймақта болыпты.

Абылайдың кәмпескеден бұрын 1924–1925 жылдары 700–800 дей жылқысы болған көрінеді. Ол жылқының асыл тұқымдыларын жинаған. Қармаш ақсақалдың айтуынша, оның жылқысының ішінде «русско-орловская» және «серо-яблочная» тұқымдастар болыпты. Ол, әсіресе, «үлкен қоңыр», «кіші

«оңыр» деп аталған екі айғырына көп көңіл бөліп, оларды жеке күттіреді екен.

Абылай жалғыз тұрмаған. Оның маңайында басқа ағайындары және шаруашылығын ұстауға көмектесетін көрші-қоңсылары, малшы, жылқышылары, басқа да жұмысшылары қоныстанып тұрған.

Патша үкіметінің санақ басқармасының көші-қон бөлімінің 1908 жылғы Ақмола облысының Петропавл уезінің ауылдарын зерттеуінің қорытындысына сүйенсек, 1908 жылы Абылай Рамазановтың ауылында 24 ер, 17 әйел — барлығы 41 кісі болыпты. Оларда 2 ағаш үй, 13 киіз үй, 11 шым үй болған.

Абылай қарамағындағы жұмысшыларына, көрші-қоландарына әрқашан көңіл бөліп, олардың тұрмысының жақсы болуын қадағалап отырған, қажетті жағдайларда көмегін аямаған.

Мысалы, Сәмерке Тәшен Ыбырайым баласы көп жыл Абылайдың жылқышысы болған екен. Оған Абылай Сақан деген жасы келіп қалған бір қызды әперіп, жеке үй ғып орнықтырған. Олар балалы-шағалы болып, Елубай, Мыңжасар, Қосақай деген ұлдары өсіп-өнген. Бұлардың ұрпақтары қазір Жамбыл ауданындағы Майбалық ауылында тұрады. Тәшеннің ағасы Әубәкір күзетші, әрі атқосшы болған. Жұрт жайлауға көшкенде ол қыстауда қалып жаз бойы 50 өгізді бағып, әрі қыстауды күзеткен. Бұл үйдің тағы бір күзетшісі жұртқа сыйлы Кендірбай деген кісі болған. Ол да жазы-қысы осы қыстауда тұрған. Ол кісіні жұрттың бәрі сыйлап «Кендір аға» деп атаған. Абылайдың Үкітай деген баласы туғанда, ол ырым қылып жас сәбиінің кіндігін осы Кендірбайға кестірген екен. Бұл тұралы осы күні Үкітай ақсақалдың өзі де айтып отырады.

Осы Кендірбайдың Сүлеймен деген баласы ағаштан түйін түйген шебер болыпты. Ол сол ауылдың ағаш, тақтай жиһаздарын, бұймдарын жөндеп отырады екен. Оның үйі Абылай үйімен көрші орналасқан екен. Кендірбайдың Ұлмекен деген қызына Сәмтіктің немересі Қази үйленгенде Абылай оларды

жеке үй қылып шығарыпты. Қазидың баласы Елтай қазір Якорь-де турады.

Абылайдың қыстауында Қапар деген жігіт қарындасы Ай-тжанмен тұрған. Абылай оларға да көмектескен. Абылайдың атқосшысының бірі Кемікбайдың Қабдолласы туралы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінде» жазған еді.

Абылайдың қашан қайда оқып, қандай білім алғаны туралы ешқандай дерек жоқ. Осы күнгі жасы 80–90-ға келген қариялар да тап басып айта алмайды. Бірақ оның іскерлігіне, дау-дамайда дәлелді сөйлеп, заңға сүйеніп тіпті сол кездегі орыс купестерін де жеңіп кетуіне қарағанда, оның әжептәуір білімі болған байқалады. Ол арап әріпімен де, орыс әрпімен де оқып, жазуды білген. Орыс, қазақ тілдерінде жақсы сөйлеген. Халқымыздың зиялы азаматтарымен жақын араласып тұрған. Сондықтан халықтың мұн-мұқтажын жақсы білген, жасында көп елдерді аралап, көп жер көріп, әртүрлі халықтардың тұрмыс жағдайымен, әдет-ғұрпымен танысқан. Ол өз халқының да алдыңғы қатарлы елдердей тұрмыс құрып, мәдениетті болуын тілеген, сол үшін өзі де күрескен, жастарды оқу-білімге шақырып, қолынан келгенше оларға көмектесіп, жағдай жасап отырған.

Ол мұсылман ілімі негіздерін, пайғамбар хадистерін де жақсы білген. Оның қайырымдылық, имандылық, сауапшылдық сияқты ізгілік қағидаларын ел арасында кеңінен насихаттауға үлес қосқан, зорлық-зомбылық әрекеттерге қарсы белсене күрескен.

Абылай егін салумен де айналысты. Ол кезде Қызылжар уезінде егін салатын қазақтар аз болатын. Негізінен Қызылжар қаласының байлары Қуанышевтар, Дәулиевтер, ауылды жерде Әлти, Торсан, Абылайлар ғана егін еккен көрінеді. Абылайдың «Қара сиыр» деген жерінде бидай, сұлы, арпа егілетін, – дейді Қармаш қария.

Абылайдың егін жайы 70 гектар шамасында болыпты. Сол жерге егін егіп, оны жинап алу үшін ол күні бұрын дайындық жасайды екен. Қарекеннің айтуынша, қыс бойы арнайы қорада 25 пар өгіз күтімде тұрады. Жазғытұры олар 5–6 соқаға жегіледі. Бұл үйде соқа, борона, сеялка тағы басқа қажетті саймандар әрқашан сақадай сай болып дайын тұрады екен. Егін еккенде тұқымды қапқа салып, оны тәжірибелі егінші беліне байлап алып, қолымен шашып сепкен. Содан кейін өгіз жеккен боранамен бораналаған. Күзде еңбектеріне астық алу үшін Семиполканың кедей орыстары келіп Абылайдың егінін орып, жинасқан. Уақытында егіп, уақытында жинап, Абылай ылғи мол астық алып отырыпты. Жалпы бұл әулет Майлы биден бері егінмен айналысқан дарынды дихандар, – дейді екен жұрт.

Ол кезде, әсіресе ішкі Ресейден орыстар көптеп келіп қоныстана бастағаннан кейін жерге талас көбейе түскен. Сондай таластардың бәрінде орыс тіліне жетік және занды жақсы білетін сауатты Абылай орыстарға бой бермей өзінің де, көрші қазақтардың да жерін қорғап қалып отырған. Көшіп келген кедей орыстар Абылайдан арендаға жер, көлік, сайман алып, онымен тату тұрса, байлары, әсіресе, ағайынды Бошоктар Абылайдың жеріне қызығып, оған өш болыпты. Абылайдың жер үшін таласта орыстарды жеңіп қазақтардың жерін туралы оның балдызы Әбу Жұсыпұлы өзінің жездесіне арнап шығарған өлеңінде айтады.

Қармаш Абылай қайтқанда 11 жастағы бала болса, қазір 80-нен асқан ақсақал. Осы кісінің есінде қалғаны: Абылай ұзын бойлы, дене бітімі сымбатты, сәнді киінген: үстінде ақ көйлек, мойнында қара бантик (бабочка), аяында хром етік, көйлектің сыртында қара костюм. Оның сыртында сәнді пальто. Шашы тіп-тік (ежик) және аппақ.

Ол өте таза кісі болған, өзін әрқашан ұқыпты ұстаған. Қазақтың әдет-ғұрпын да сақтаған, өзінің көп ірі қалаларда көргендерінен алған тәжірибелерін де қолданған. Мысалы, ол басқа

қазақтар сияқты соғым соятын, және жылына үш-төрт рет соғым соятын. Соғым етіне дос-жолдастарын, ағайын-туғандарын, көршілерін шақырып отырған. Тіпті қаладағы жақын жолжастары мен тамыр-таныстарына апарып та дәм таттыруды ұмытпаған. Ал өзі етті көп жемеген. Қымызды центрифугаға айналдырып ішкен. Шайға лимон салып ішуді ұнатқан. Арнайы заказбен үйіне алма, өрік, мейіз алдырып отырған. Картөп, сәбіз, қияр, сарымсақ сияқты көкөністерді Семиполканың шіркеуінің діни басқарушысы (поп) келісім бойынша күзде арбамен әкеп береді екен. Абылай сол кездің өзінде еттурағыш (мясорубка) сатып алып, етті содан өткіздіріп тұшпара (пельмен) жасатып тұрған. Кейде жылқының етін ұсақ қып туратып, бәліш жасатқан. Қызылжарға шаруасымен жол жүрерде кейде сондай бәліштерді тоқыма сандыққа салып, жазда арбамен, қыста шанамен ала кетеді екен.

Абылай Атығай Андағұл әулетіндегі атақты Байтоқин Жылғараның Шопан атты туысының шөбересі Бәтес сұлуды алып қашып үйленіпті. Шопанның Сәлік деген баласынан Жұсып туған. Бәтес осы Жұсыптың қызы. Бәтес аса көрікті сұлу, өте газа, іскер, шаруаға мығым, мінезі қатаң, ештеңеден де, ешкімнен де тайсалмайтын батыл әйел болыпты. Бірақ Абылай Бәтестен бала көрмейді. Сондықтан бұлар Абылайдың інісі Мұхаметжанның 1900 жылы Рабиғадан туған тұнғышы Сұлтан-ды бауырларына салып бала қылып алады. Мұхаметжанның одан кейінгі ұлдары Қармаш 1920 жылы туған, одан екі жас кіші Сопан Отан соғысында опат болды.

Абылай да көркем, денесі тіп-тік, көздері өткір жайнап тұрған европаша киінген, сөзге шешен жігіт болған. Сондықтан оған талай сұлу қыздар мен келіншектер қызығатын. Мұны сезген Абылай да жас кезінде ондайларға теріс қарамаған. Ежелгі Рим философы Сенеканың «Адамның ешбір қасиеті маған бөтен емес» («Ничто человеческое мне не чуждо») деген сөздерін

Абылайдың да айтуына болар еді. Бір кезде Мұхаметжанның жұбайы Рабиға ауыл әйелдерімен кеңесіп отырғанда:

— «Біздің қайнағаға қарсы келіп, шыдап тұратын әйел жоқ шығар» — депті деген сөзі ел ішіне тарап кетеді. Әрине, осының бәрін сезген адуынды сұлу Бәтес Абылайды қызғанады.

Бәтестен бала көрмей жүрген Абылай екінші әйел алуға ниет қылады. Мұны білген Бәтес ашуланады. «Сен атақты Майлы би тұқымынан болсаң, мен де кем емеспін, атақты Жылғара, Шопан тұқымынанмын, екінші әйел алатын болсаң, осы үйден кетесің!» — депті Абылайға.

Абылай да ойлағанынан қайтпайды. Ақыры ол Атығай ішіндегі Алыпқаш әулетіндегі Тоқадан тараған Бекқожаның Қазібегінің Көпей атты қызын алып алғашқы кезде 2–3 айдай Бәтестен бөлек тұрады. Бекқожаның Мұқан, Жұныс, Әбдірахман, Қазыбек есімді төрт баласы болған. Мұқаннан — Мағауия, Зікірия, Сейфолла, Ақпан туған. Осылардың ішінен Зікіриядан туған Сартай деген қыз осы күні Қызылжар қаласында балаларымен тұрады.

Жұныстан Төпей есімді ұл, Зура есімді қыз қалған. Әбдірахманнан ұрпақ жоқ. Қазыбектен — Шыңғыс, Есімсерік және Көпей есімді қыз туған. Шыңғыс соғыстан орамаған. Одан — Қаншайым, Шайзат есімді екі қыз қалған. Жұнысұлы Төпей Қазыбекқызы Көпейдің немере інісі болғандықтан Үкітайға нағашы болып саналады. Бәтестің туған інісі Әбу Жұсыпов апасының Абылайдың үйленуіне қарсы болып оны үйіне жолатпай қойғанын естіп, сонау Уфа қаласынан әдейі келіп, апасына әрі ұрысп, әрі ақылын айтып, райынан қайтарып, жездесі Абылай екеуін татуластырады.

Содан былай Абылай екі әйелімен бірге тұрады. Көпей де таза, ұқыпты әрі әр түрлі киім тігуге, жалпы іске шебер болады. 1925 жылы Көпей аман-есен босанып ұл туады. Оның есімін осы үйде қонақ болғанда Үкілі Ыбырай Абылайға риза болып батасын бергенде айтқан сөзін ескеріп, Үкітай деп қояды. Үкітай туысымен Бәтес бәйбише жас нәрестені өзінің бауырына салып,

өзі қамқорлығына алып күтіп тәрбиелеп өсіреді. Соңынан Абылай дүниеден өткеннен кейін Бәтес бәйбіше:

— «Баяғыда Абылайдың үйленуіне бекер қарсы болған екенмін, менікі қате болған екен, мен оған әйелді ертерек алдыруым керек екен», — деп өзінің қателігін мойындаған екен.

Үкітай туғаннан кейін Бәтес бәйбіше Көпейді қызындай ғып ұстайды. Олардың арасында ешқандай келіспеушілік болмайды. Екеуі де отбасының шырқын бұзбай үй иесі Абылай мен балаларды ренжітпей күтумен болады. Бірақ Көпей ауырып, 1930 жылы дүние салады.

Сәбит Мұқанов «Есею жылдарында» 1924 жылы ұйымдастырылған Тоңкеріс болысында «Қосшылар одағы» ашылғаны, одна бұрын жұмыс істей бастаған «Батрачком» деген ұйымның соған қосылғанын айтады. Осы «Қошкөмның» председателі Ыбырай Төрегелдин деген жолдас, арғы негізі қарқаралық, байларға барып тұрған қаһар. Ұзын, балуан денелі қара жігіт. Сондықтан да олар Төрегелдинге «Тас көмір», «Көсеу қара», «Асау қара» деген аттар қойып алған.

Шәймерден Бектұрғановтың оңашада айтуынша, — дейді Сәбең, — «Төрегелдин байларға тіпті тұрпайы көрінеді: олардың кәлі кілем, жібек көрпе төсеген үйлеріне кіргенде, жаңбырлы күн болса сазды етігімен, жаңбырсыз күн болса — етігін сиырдың жас жапасына көсіп алып төріне шығады екен».

Бір күні осы Төрегелдин Абылайдың үйіне сондай саз етігімен келіп жоғарыда тұрған құран кітаптарын жерге тастап тепкілей бастайды. Үйде Абылай жоқ екен. Төрегелдиннің мұндай қылығына шыдамаған Бәтес бәйбіше оның шеніне қарамастан үйден қуып шығады. Бұл да Бәтестің батылдығын, ешқандай жазықсыз қиянатқа төзбейтіндігін көрсетеді.

МЕККЕГЕ БАРУЫ

Хажылық туралы жерлес жазушымыз Сәбит Мұқанов «Қазақ қауымы» атты кітабында былай деп жазады: «Хажылық — күші жеткен адамның Меккеге барып, Байтоллаға (құдай үйіне) тауаф етуі (құлшылық құруы). Бұл міндетті өтеген адам «хажы аталады».

Сәбең сөзін одан әрі жалғастырып, XIX ғасырдың ортасында Орта жүзден хажылыққа барғандарды атайды. Одар — Абайдың әкесі Құнанбай, Сибан руынан — Өтемістің Аққозысы, Ұлытаудағы Бағаналы руынан Жүзеннің (атақты Сандыбайдың Ерденінің туған ағасы) Бимендесі. Бұлардың сапары туралы Омбының архивінде сақталған материал бар. Хажылыққа аттану үшін, оған барушыларға жергілікті әкім — губернатордың рұқсаты керек.

Сәбеннің айтуына қарағанда, аталған адамдар Каспий және Қара теңіздерінің күнгей жағасы арқылы атпен барған. Олар қарулы жас жігіттерден 25 нөкер алып, бір түйеге құрт, ірімшік, жент, сүр ет сияқты бұзылмайтын азықтарын артып, екінші түйеге керекті киімдерін артып, жолға шығады. Сол сапардан Меккеге кеткендер еліне бір жыл 3 айда оралыптымыс.

Ал Зұлқарнай Сейітовтың айтуынша, — «XIX ғасырдың ортасына дейін Мекке мен Мединаға хажылыққа барған қазақтардың бұл қалаларда тұрақтайтын мекен-жайлары, яғни тәкиялары (арапша қонақ үйді осылай атайды екен) болмапты. Басқа мұсылман ұлттарының мұнда баспаналары болса керек. Кейбір деректерге қарағанда қазақ пен қырғыз Меккедегі мұсылмандар тізіміне де кірмей қалыпты. Сондықтан олар ташкенттік, бұхарлық сартпыз, не өзбекпіз деп өздерін сол халықтардың өкілі етіп көрсетуге мәжбүр болғанға ұқсайды».

Бұл жөнінде осы жайды біраз зерттеген жазушы Рахымжан Отарбаев былай деп жазады: «Осыны байқап намыстанған

Керей Аңдамас мырза Көшербайұлы бір тайлақ пен дөнен шығар жылқы сатып алып сойып, бірге барған (1870 ж.) қазақ хажыларын қонақ етеді. Мәжіліс үстінде Аңдамас көпшілікке: «Жалғанда қорлық қазақтың жататын үйінің жоқтығы екен. Осы дүние-малды несіне жинап жүрміз? Өлсек, ертең қалады. Ретті жерінде кәдеге жаратқанға не жетсін. Мұны айтып отырғаным, осында келген қазақ хажылары шілдің қиындай пышырап, әркімнің үйіне қонып жүрміз. Бұл ат арытып, тон тоздырып келгендей атымызға лайықсыз іс. Біздің соңымыздан да талай жұрт хажылыққа келер. Олар біздің кебімізді кимесін. Сондықтан қазақтарға арнап бір үй салдырайық. Бәріміз қосылып 300 кісілік үй тұрғызайық. Не болмаса, әрқайсымыз 100 кісілік үй салайық. Осы шаруада маған серік болатын қайсың барсың? Мен осында қалып, іс қылуға бекініп отырмын», — дейді.

Сонда Тобықты Арғын — Құнанбай мырза, Жнасары Уақ-Түйте Нүрекеұлы, Атығай — Қосшығұл Шопанұлы, Байұлы Жаппас — Мінайдар Жарасбайұлы бой көрсетіп, Аңдамастың ұсынысын қолдайды. Өзгелері: «Ақшамыз сарқылды. Елге аман-есен жетсек болды», — деседі. Осыдан кейін бес хажы тәуекелге бел буып, іске кіріседі. ✓

Белгілі жазушы Нәбиден Әбуталиев «Шоқ жұлдыз» атты кітабында Аңдамас Көшербайұлының 1869 жылы хажылыққа барып, сол жылы Меккеде өз қаражатына жүз кісілік үй-жай салдырып, оның маңдайшасына өз атын жаздырып кеткенін айтады. ✓

Енді Абылайдың Меккеге баруы туралы әңгімеге кірісейік. Нәбиден Әбуталиев сол «Шоқ жұлдыз» атты кітабында бұл туралы былай дейді: «Жамақтан атақты Абылай хажы туады. Ол өзінің аса қабілетті ержүректілігі арқасында Меккеге он төрт рет хажылыққа барған мұсылмандылығы мықты адам болған. Жас жігіт Стамбол қаласында екі жыл діни оқу оқып араб, парсы және көне түркі тілдерін үйренген. Ол әр Мекке сапарына алдын-ала аттанып, ылғида Қызылжарлық қазақ-татар

балаларын Сиамболға оқуға апарып орналастырған. Ал Ұмсын сұлу Жұсып қызын Мысыр еліндегі (Египет) Ескендір (Александрия) қаласындағы жоғары дәрежелі медресеге оқуға түсірген.

Атақты әнші ақын Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы Абылайдың үйінде қонақта отырып үй иесінен: «Осы сені жұрт Меккеге 14 рет барды деп жүр ғой, сол рас па?» — деп сұрапты. Сонда Абылай: — «Оның тоғызын алып тастап, бесеуін қалдырыңыз, Ыбеке, мен тоғызында кісі қаражатымен, бесеуінде өзім бардым», — депті. Біздіңше, осы дұрыстыққа келетін сияқты.

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Абылай біздің өңірдің атақты байы Әлти Көкенұлын Меккеге екі рет апарып келген көрінеді. Абылай басқалардай атпен, түйемен жүріп бейнет көрмеген. Ол поездбен Одессаға дейін барып, сол жерден пароходқа мініп Стамболға тоқтап, одан әрі тағы пароходпен Қызыл теңізді басып жүріп Меккеге басқаларға қарағанда 6 ай уақытын үнемдеп барыпты. Әлтиді алғаш Меккеге апарғанда Абылай әлі 20 жастағы жігіт екен. Абылай Әлтиді екінші рет Меккеге апарып келе жатып, қайтарында Стамбол қаласын көрсетпек болып сонда пароходтан түсіп қонақ үйге орналасады. Әлтиге қаланы көрсетіп біраз аралатады. Өзі сондағы ел жақтан барып оқып жатқан студенттермен кездеседі.

Студенттерге 500 теңге ақша қажет екен. Абылай сол ақшаны Әлтиден алып берудің амалын іздейді. Ақыры сондай бір амалды табады. 3–4 студент полиция киімін киіп келіп Абылай мен Әлтиді «қорқытып» карантнде ұстайды және бұл карантин 2 айға созылады, ар жағын тағы көреміз дейді. Елге жетуге асығып отырған Әлти «полицейлер» кеткесін Абылайға: «Бұдан қалай құтыламыз, бір ретін тапсайшы», — дейді. Абылай алдымен ойланып қалған болады ды,— «жарайды, мен олармен сөйлесіп көрейін, бірақ олар жай көне қояр дейсін бе, біраз ақша керек болар», — дейді. «Өзі қанша ақша алса да, бізді босатса болды, көрші, — дейді Әлти қиналып. «Жарайды, сөйлесіп көрейін», — деп Абылай «полицейлерге кетеді». Біраздан

кейін ол «полицейлерді» ертіп келіп, «Әлеке, бұлар 500 теңге сұрап отыр, ол болмаса әлі жататын түріміз бар» — дейді. Әлти «бастан құлақ садақа!» — деп, 500 теңгені беріп құтылады. Сөйтіп, Абылай өзіне таныс ел жақтың студенттеріне Әлти байдың ақшасымен көмектесіп кеткен екен. Бұл студенттердің бірсыпырасы кейін алашордашылар қатарында қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен көрінеді.

Ал енді Абылайдың Аңдамас байды Меккеге апарғаны туралы Сәбит Мұқанов аталған «Қазақ қауымы» атты кітабында былай деп жазыпты:

«Керей руында Айдостың Аңдамасы деген бай өткен. Малы көптігінің үстіне ол маңайдағы ел ішінде бірінші болып ақша жинаған көрінеді. Соның қолында арабша және орысша сауаты бар әрі ақылды, әрі пысық, жасы Аңдамастан кіші Рамазанның Абылайы деген кісі болған. Сол Абылай Аңдамастың көп ақшасын пайдаланып, жер көріп, ел араламақ болады да, оны Меккеге, хажылыққа апаруға азғырады. Хажылықтың не екенің білмейтін Аңдамас Абылайдан түсінеді де, «өзім адасып өлермін, сен бастасаң барайын» — дейді. Абылайға керегі де сол.

Ол кезде Меккеге барушылар жол шығынына көп дегенде бірер мың сомды әзер табады екен. Ал Аңдамасқа Абылай 20 мың сом алдырып, екеуі сапар шегеді. Бірақ бұлар басқа қажылар сияқты шөл даламен емес, поезбен Ла-маншқа жетіп, одан әрі Атлантика мұхит арқылы бүкіл Европаны жағалай, қажетті қалаларына тоқтай отырып, Жерорта теңізіне шығады. Мысырға, одан Суэц каналының Жидда портына барып, ар жағында жақын тұратын Меккеге дік ете түседі. «Сонда, — дейді айтушылар, — құрбан шалатын күнге әрең жеткен екен... Ол күнге ілікпесе хажылығы өледі екен». Бірақ оған Аңдамас қайғырмай: «Ақшаның қызығын көрдім-ау!» — депті.

Өзге де қызықтарды құмарта көрген Аңдамастың Мекке жеріне көңілі толмаса керек. Хажылықтан еліне келгенде, одан әркімдер: «Меккеде не көрдің? Қалай келдің?» — десе,

Аңдамас: – «Ит байласа тұрғысыз жер екен. Атағы сондай бола тұра, жарықтық пайғамбар, жаман жерге неге қоңыстанған?!» – депті де, барған жерінің атын білмекші болып:

– Осы біз іздеп барғанның аты кім еді? – депті Абылайға.

– Біздің арғы атамыз Мәмбет бар ғой. Соны бұрмалап айтсаңыз «Мұхаммед» болып шығады, – депті Абылай.

– Оның бағынатын ешкімі бар ма?

– Құдайдан басқа ешкімі жоқ, – депті Абылай.

– Қай құдай, – депті Аңдамас, – біз бағынатын ба, басқа ма?

– Әрине, сол! Сонда санын бірақ соққан Аңдамас:

– Ол да біз бағынатын құдайға бағынса, осы жолға жұмсаған шығынымды Керей-Уақтың қарып-қасерлеріне үйде отырып-ақ үлестіре бермей, мықтының өзіне жалбарынбай, біреу арқылы жалынып, оған неге бардым? – депті.

Ел аузында жүрген бір әңгімеде Абылайдың Аңдамасты Меккеге апарғаны былай суреттеледі:

Аңдамас ақшаға бай болғанмен өзі қараңғы адам болса керек. Меккеге барамын деп шыққанда жолға тері шалбар, саптама етік, ұзын қалын шапан, басына тымақ киген екен. Абылай елден Макушин станциясына поезға отыруға барғанда Аңдамасты басқаша киіндіріпті. Аңдамас ақшасын қошқардың терісінен жасаған дорбаға салып алып шығыпты.

Абылай Аңдамаспен Меккеге барғанда, сондағы барған жолдаушыларды күтіп алып жөн сілтеушілер ағаштан жасалған адамның сирағын көрсетіп, «Бұл Мұхаммед пайғамбардың сирағы» – деп соны көрсеткені үшін ақша талап етеді екен. Барғандардың барлығы да оларға сол сирақты көргені үшін ақшаларын төлеп өтеді екен. Абылайға кезек келгенде, ол: «Мұндай ағаш сирақ пайғамбарда болған емес!» – деп сирақты жұлып алып лақтырып жіберіпті. Қасындағылар қорқыпты. Бірақ Абылайдың өжеттігі жеңіп, әлгі садақа алушылар үндемей қалыпты.

Ел ішінде Аңдамас туралы мынадай да әңгіме тарап кеткен: Аңдамас Меккеден елге ауырып келеді. Меккеден келгенде ауылдастары жиналып, оның хажылыққа барып келгенін құттықтап, арасында: «Меккеде не көрдің?» – деп сұраса, ол: «Өзім ауырып, ішім өтіп, мәңгі болдым. Не көргенін Абылайдан сұрандар» – депті деседі.

Абылай бірнеше рет Меккеге барып хажы атанса да дінге онша түсіп кетпеген. Ол намаз оқымаған. Аятты да өзі оқымай, інісі Мұхаметжанға оқытатын болған. Бірде Семиполкадан 3–4 км жердегі Тоқпай мешітіне барғанын көрдім, – дейді Мұхаметжанұлы Қармаш ақсақал. Абылай хажы, моллаларша қазақы киім киіп, басына сәлде орамаған. Ол европаша киінген. Ақ көйлек киіп, мойнына қара бантик тағып, қара шевиот костюм-шалбар киген. Басына қара шляпа киіп, қолына жеңіл сәнді таяқ (тросточка) ұстаған. Жұрт оны «орыс хажы», «тік аяқ хажы» деп атаған. Абылай бір жаққа алыс жолға жүрерде Мұхаметжанға «Күрсі-курсі» деген аятты оқытады екен. Өзі шарт жүгініп отырады. Аят аяқталған кезде қолын жайып бетін сипайды. Сосын жолға жығады.

Абылай хажы намаз оқымаса да, басына сәлде орамаса да мұсылмандық право негіздерін жетік меңгерген, оның қайырымдылық, имандылық, сауапшылдық сияқты ізгілік қағидаларын ел арасында кеңірек насихаттауға мол үлес қосқан, зорлық-зомбылық әрекеттерге қарсы белсене күрескен. Сондықтан да ел арасында оның беделі өте жоғары, өзі халықтың қалаулысы болған.

Бірде Абылай Меккеге барар жолда Стамбол қаласында оны Жармағанбет Қыпшақбаев деген азамат қарсы алады. Екеуінің сонда түрегеліп тұрып (в полный рост) түскен фотосуреті сақталыпты. Суреттің сыртында 1913 жыл деген жазу бар. Абылайдың 35 жастағы кезі. Бұл суретте Аблайдың үстінде қара тройка костюм-шалбар, ақ көйлек, қара галстук, басында қара шляпа, аяғында ақ туфли, оң қолымен әдемі қара таяқты жерге тіреп

істап тұр. Қыр мұрынды, сәндеп қойған қара мұрты бар, бет әлпеті өте көркем қарсы алдына тура қарап тұр. Қасындағы Ыыпшақбаевтың үстінде де тройка қара костюм-шалбар. Тек оның сыртынан боз плащ киген. Басында татар моллаларының бас киімі. Ақ көйлектің жағасында қара бантик (бабочка). Бұл кісі осы түріне қарағанда не Стамболдың бір оқу орнында стейтін оқытушы, не басқа бір қызметтегі зиялы азамат. Бір әкініштісі бұл кісіні әзірше ешкім танып білмейді. Мүмкін, кітап оқушыларының біреуі тануы.

Белгілі жазушылар Қалмұқан Исабай мен Сапар Байжан-Ата «Қажыға барған қазақтар» (дерекнамалық баян) атты кітабында:

«Әр қажы Мекке мен Мединаға барып қайтқанша әлемнің жарты жолын жүреді — асқар асады, суда шайқалады, құмда қаталайды, вагондарда тербеледі. Ендеше оларды саяхатшы деп тануға әбден болады», — депті. Осы айтылғандар Абылай хажыға да дөп келеді. Оның үстіне бұл кісі Мекке мен Мединаға бір емес, бірнеше рет барды және бірде тура барса, бірде бүкіл Европан аралап, көптеген Европа елдерін басып, ел көріп, жер көріп, олардың табиғатын ғана емес, халықтарының тұрмысы, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін байқап зердесіне түйді. Өзінің көргендерінің жақсы жағынан үлгі алып, өз тұрмысында, күнделікті өмірінде пайдаланды. Сондықтан да ол ел ішінде, өз ортасында басқаларға қарағанда анағұрлым мәдениетті, зиялы азамат болды. Сондықтанда оның ел ішінде беделі өте жоғары еді.

ЗАҢСЫЗДЫҚ ІСТЕРМЕН КҮРЕСІ

Жоғарыда айтқанымыздай, Абылай ұрлыққа, парақорлыққа, біреулердің өзінен кедей адамдарға жасаған қорлығы мен қиянатына үнемі қарсы болған, шамасынша жәбірленушілерге көмектесіп, жәбірлеушілердің бетін қайырып тастап отырған. Оған бірнеше мысал келтірейік.

Әке-шешесінен жастай жетім қалған жас Сәбит қой бағып жүреді. Бірде оның киімдері нашар, өзі жүдеу, басы қотыр болып жүргенін көріп, Абылай өзінің үйіне алып келіп, жуындырып, киіндіреді, қотырын емдетеді. Абылай да, бәйбишесі Бәтес те баланы осындай халге жеткізген оның ағайыны Нұртазаға ұрсады.

Құрманбай шешен бұрынырақта Рамазан бидің көмекшісі болыпты. Осы Құрманбайдың баласы Есмағамбет ірі денелі, әрі қарулы балуан кісі болған екен өзінің денесінің биіктігі тура 2 метрге жетеді екен. Бірақ ол кедей болыпты. Күн көріс үшін Қаратоқа Сәмтіктің Мұқанына жалданып, жаз бойы соның шөбін шабады. Бірақ Мұқан оған дұрыс еңбеқақы бермеген. 100 шәмелеге бір қой беремін деп келісіп, соңынан осы уәдесін де орындамайды. Шөп шаптырған жері осы күнгі Семиполка мен Балуанның арасында «Қаратоқа қонасы» деген жер болса керек. Бір күні Абылай Есмағамбеттің шөп шауып жатқан жеріне келеді. Он көрген Есмағамбет:

— Ассалаумағалейкөм, — деп сәлем береді.

— Уағалейкөмассалам, — деп сәлемін алған Абылай, оның үсті басындағы киімнің нашарлығын, жаланаяқ жүргенін, түрінің жүдеулігін көреді де,

— Қосында қымыз бар ма? — деп сұрайды.

— Қымыз жоқ, айран бар, — дейді Есмағамбет.

Ол ішетін айраннан басқа тамағы бітіп, аш жүр екен. Сол кезде қосқа Мұқан бай да келіп қалады. Ол Есмағамбетке

ғағы да тек айран ғана әкеліпті. Ыза болған Абылай айранды Мұқанның үстіне төге салады. Содан кейін Есмағамбетті Мұқанның ауылына ертіп әкеп, оның бір жылғы еңбегін түгел бергізеді және оған Мұқанның байпақты етігін тартып әпереді. Есмағамбетті Қорған қаласына апарып бір орыс байына жұмысқа орналастырады. Есмағамбет сонда біраз уақыт жұмыс степ, еңбегіне әжептәуір қаражат алып жұрт қатарлы дәулетті үй болып шығады. Оны көріп басқа да бір сыпыра жігіттер Қорғанға барып орыстарға жалданып жұмыс істеп пайда табады.

Осы жерде айта кету керек, Есмағамбеттің інісі Шеру Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасын түгел жатқа айтады екен. Шеруге «халық жауы» деген атақ тағылып, 1938 жылы Смағұлдың Қажымымен бірге жазықсыз атылып кетеді. Оның әйелін кейін Жақыпов Баймұрат 10 жасар баласы Дәулетаймен бірге алады. Баймұрат Жақыпов 1918–1919 жылдары Сәбитпен бірге Омбыда, 1920 жылы Баймағамбет Ізтөлинмен, Сәбит Мұқановпен бірге Қызылжарда ашылған «Қызыл мұғалімдер» курсына Мағжанның алдында оқыпты. Одан кейін ол осы күнгі Жамбыл ауданының Айымжан, Кенже және басқа ауылдарында 40 жылдай мұғалім болып істепті. Көп жылғы ұстаздық жемісті еңбегі бағаланып, Ленин орденімен марапатталыпты. Ал Дәулетай бала кезінде әкесі Шеруден үйреніп жаттап алған Мағжанның «Батыр Баян» поэмасын өмір бойы есінде сақтапты.

1993 жылғы тамыз айнда Мағжан ақынның туған жерінде оның 100 жылдығын тойлағанда осы поэманы халық алдында айтқызуға аудан басшылары Дәулетайды әкелген екен. Бірақ тойды басқарушылар Көкшетаулық белгілі айтыскер ақын Баянғали Әлімжанов айтатын болғасын Дәулетайға сөз бермепті. Дәулетай осы күні зейнеткер сол Жамбыл ауданында аман-сау жүріп жатыр.

Қаратоқа Жүнібайдың Рақымы кедей отбасынан атты әскерге алынып, Қызылжар қаласының маңында әскери міндетін атқарып жүріпті. Оны, әрине, ешкім іздемейді. Абылай сол

Рақымды әдейі іздеп барып командирінен сұрап алып, Қызылжар қаласындағы өі түсіп жүретін Мәлике деген жесір әйелдің үйіне апарып үш күн күтіп, қайтадан пар атпен апарып командиріне тапсырып, рахмет айтыпты. Рақым Абылайдың бұл жақсылығын өмірінің соңына дейін зор ризашылықпен айтып жүріпті. Ол 90 жастан асып, Түмен облысының Ельцовка селосында қайтыс болыпты.

Осы Рақымға бір жылы аталас ағайыны Сәмтік қарызға 25 теңге ақша беріпті. Соны уақытында қайтара алмаған Рақымның жалғыз буаз биесін алам деп жатқанда, Абылай келіп қалып: «Әй, шал, мә 20 теңге» — деп қалтасынан алып береді де, — «қалған 5 теңгені Майлыдан ал. Егер осы үйдің биесін аламын деп тағы келетін болсаң, ісім сенімен болады» — дейді. Сәмтік ештеңе алмай шығып кетіпті.

Нұралы Керей Азынабай деген кісіден Қорған қаласының Соколов деген бір саудагері 1000 теңгенің малын алып, ақшасын бермей қойыпты. Мұны естіген Абылай Соколовты сотқа беріпті. Соттың Қорғанда өтуіне Абылай бастаған қазақ азаматтары қарсы болған соң, сот Мокрасыбайда (Мокроусовка) өтеді. Сотқа Қорғаннан Соколов, Қызылжардан Азнабай шақырылады. Осы сотта Абылай Соколовты да оның адвокатын да беттетпей, дәлелді сөздермен оларға тойтарыс беріп, Азнабайға 1000 (мың) теңге ақшаны даулап әперіпті.

Бике Керейдің Мадияр атасынан шыққан негізі жуас бай кісі Тырнауықты пысықтар мен ұрылардың жем қылуына тыйым салыпты.

Сол сияқты, Абылай XIX ғасырдың аяқ кезінде Бағыс Атығайдан шыққан керуенші жігіт Хасенбайдың (1878 жылы Омбы облысының Шарбақкөл ауданында туған, Қызылжар қаласында Крансоармейская көшесінде өз үйінде тұрып, бертінде қайтыс болыпты) ақысын бермей жүрген Омбы купеці Ломакинмен дауласып, Хасенбайға 650 (алты жүз елу) теңге ақша өндіріп әперіпті. Разы болған Хасенбай оған алғыс айтып, астындағы

атын берген екен. «Осыны білгеніңнің өзі неге тұрады, інім», – деп Хасенбайға ризашылығын білдіріп, Абылай оның атын алмай өзіне қайтарып беріпті.

XX ғасырдың басында Тұрмағамбет Аңдамас хажы ұлы мырзадан Қорғанның Салтыков, Баранов деген екі купеці қарызға ақша алып, уақытында қайтармайды. Мұны Тұрмағамбет мырза Абылай хажы мен Ахмет Жантелі ұлына айтып сол ақшасын даулап алып беруін өтініпті. Абылай мен Ахмет сотқа арыз беріп, 1910 жылғы тамыз айында сотты Варгаша селосында өткіздіріпті. Ақыры Салтыковтан, Абылай Барановтан даулап Тұрмағамбет Аңдамасұлының ақшасын түгел қайтарыпты. Бұл Аңдамас хажы Тәжіұлының дәулеті қайтып, өзі дүниеден өткен кезі екен.

Қызылжар уезіндегі Еменәлі болысына қарасты Қантай керейде Күсеміс Мыңбайұлы әнші, домбырашы сері жігіт екен. Соған бірде жала жабылып, ол Таузар болысына қарасты Майлы би ауылына барып, Абылай хажыға паналыпты. Абылай хажы Рамазанұлы ол кезде Қызылжар уезіндегі мұсылман атаулының төбе биі Күзембай Итемірұлына көмекші екен.

Күсемістен жоғалған малдарын даулаушылар сол Қызылжар уезіндегі Қаршығалы болысына қарасты Қанжығалы-Күрлеуіт елдерінің адамдары екен. Олар әуелі өздерімен құдандалы Әлти хажы Көкенұлына барып, Күсеміс деген ұрыдан жоғалған малдарын өндіріп әперуін өтінеді. Әлти ол кезде Акқұсақ болысын басқарып тұрған екен. Ол әрі ойлап, бері ойлап, Еменілә болысының әкімі Молдағұл хажы Дүйсеұлына Күсемістен Қанжығалы-Күрлеуіт елінен келген жоқшылардың малдарын әперуді өтініп хат жазып бір жігіттен беріп жібереді.

Молдағұл болыс Әлтидің адамын жақсы қарсы алып мейман етеді де, өзінің шабарманын Қантай керей Ақанай ауылына жұмсан Күсеміс Мыңбайұлын шақырып алып келуді тапсырады. Ақанай ауылының адамдары Күсеміс әнші Абылай хажының ауылында паналап жүргеннін айтады. Мұны естіген Молдағұл

хажы Әлтиге: «Мырза, сіз іздеген Күсеміс домбырашы өз туысыңыз Абылай хажыға барып паналапты. Оны сол інііздің ауылынан табасыз», — деп хат жазып Әлтидің жігітінің қолына ұстатыпты.

Ол хатты оқыған Әлти хажы: «Дереу Күсемісті менің шабарманыма табыс ет!» — деп сәлем хат жазып, екі жігітін Абылай хажыға жібереді. Өзі бір уезд елдегі мұсылмандардың төбе биінің көмекшісі, әйгілі заңгер Абылай өзіне Әлтидің бұйрық бергеніне қатты шамданып: «Күсемісте жұмысы болмасын! Аулақ жүрсін!» — деп, шабармандарын кейін қайтарып жіберіпті. Олар Әлиге келіп болған оқиғаны толық айтып жеткізеді.

Әлти хажы Қанжығалы-Күрлеуіттің басты адамы болған Шәңкі Мендекеұлының (Мүсәпір Тоқсан би ұлының қайынағасы) ауылының малдарын іздеп келген адамдарына: «Құдалар, біріншіден, куәларың жоқ. Екіншіден, Күсемісті төбе бидің көмекшісі Абылай хажы паналатып отыр. Оған менің сөзім өтпейді» — депті.

Әлти ауылнан көңілдері құлазып шыққан Қанжығалы-Күрлеуіттің бес адамы Сибан керей ішінде отырған ұдасы Шайғөз Уақ Торсанға келіп ат басын тірейді. Торсан оларды әуелі жақсы қарсы алса да, жоқ іздеп жүргендерін естіп, басылып қалады. Шәңкі ауылдан келген құдалары оған болған жайды айтып, Күсемістен мал өндіріп әперуін өтінеді. Торсан да оларға өзін Абылай хажы тындамайтынын айтып, құдаларын қонақ етіп шығарып салады.

Шындығында Қанжығалы-К. рлеуіттің малын кім ұрлағаны белгісіз болған. «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан», — дегендей, әйтеуір орыс байлары Күсемісті ұры деп жүрген соң, Қанжығалы-Күрлеуіттер де жоғалған малдарын содан көрген екен.

Әлтидің көңіл күйін білу үшін Абылай хажы бір күні өзінен гөрі Әлтиге туыстығы жақын, бірақ өзіне қонысы жақын Керейдің табанды азаматтарының бірі — Меңдібай Бекбасұлы

деген әділ, шыншыл, сөзге шешен кісіден Әлти хажыға сәлем жолдапты. Әлти Меңдібай інісін жақсы қарсы алып, қой сойып, мейман етіп, мәжіліс үстінде одан өзіне Абылай хажының сәлем айтқаның естіген соң: «Абылайды аталас ағайын болған соң, өзімсініп шабарманыма Күсемісті дереу табыс етсін!» — дегенім рас еді. Бірақ оған бола Абылай хажы мені сыртымнан боқта-маса да жарайтын еді — менің жасым оның әкесі Рамазаннан да үлкен ғой», — депті.

Абылай, әсіресе, біреулердің малын не басқа мүлкін ұрлаған ұрыларды, барымташыларды жек көрген, ондай адамдарды аямай жазалап отырған. Мұндайда ол өзінің ағайындарын да аямаған. Оған мысал Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінде» келтірген бір топ өз ағайындарын отырған жерінен құғындап көшіруі. Ол бірақ ешкімді алысқа «ит жеккенге» айдатпаған. Оның жоғары жақта құқық қорғау орындарында тамыр-таныстары болған. Солар арқылы кейбір сотқарлар мен ұры-қарыларды тіпті түрмеге де уақытша жаптырып, немесе жақын қалаларға жер аударып, кейін қайта босаттырып алып отырған. Мысалы, өзінің аталас ағайыны, Бақыдан тараған Ораздың Сауытын бір ұнамсыз қылықтары үшін Семей жағына жер аудартады да, алты айдан кейін өзі пар атпен барып босаттырып алып келеді. Оның бұл ісінің дұрыстығын түсінген Сауыт оған аса ренжіп өкпелемейді, соңынан ол тіпті Абылайға және оның туыстарына қолынан келгенше жақсылық істеуге тырысады. Бұл туралы кейінірек айтамыз.

Абылай атақты Тәйкөттің немересі Сүлейменді де өзінің өткірлігімен жеңген. Енді алдымен «атақты Тәйкөт» дегенімізді түсіндіре кетейік. Сәбит Мұқанов «Есею жылдары» атты кітабында ол туралы былай дейді:

«Тәйкөттің әкесі Кавказдан жер ауып келген шеркеш екен дейді. Тегі, атақты Шамильдің қозғалысына қатынасқан адам болу керек. Қазақ арасына келе Тәйкөт қазақ қызына үйленеді де, Керей руындағы «Таз» аталатын бір бөлшегінің адамы боп

кете барады. Кавказдағы қанішерлігін мұнда да істеп, – дейді ол туралы білетін адамдар – Тәйкөт талайдың қанын ұрттады.

Тәйкөттен Садақбай, Бүйрекбай, Түйтебай туады. Солардың ішінен Садақбайы да қанішер болған...

Садақбайдың... Сүлеймен есімді баласы болған... ол да жігіт жұмсап ұрлықты судай сапырған адам...

Сүлеймен туралы жерлес жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев «Бастама» атты тұңғыш әңгімелер жинағындағы «Байбосын мен Бейсенбі» деген әңгімесінде кейіпкері Байбосын ақсақалға былай дегізеді:

«– Сүлеймендер барып тұрған жауыз еді ғой. Доңыз жылы есінде бар ма, Бейсекей, біздің торы ала биені қызыл іңірде ала қашып, ізімен барғанда теңдік бермей сабап жібергені. Сол жылы жалғыз көліктен айырылып, сорлап қалғанымыз қайда?...»

Одан әрі ақсақал сөзін жалғастырып, былай дейді:

«– Баяғыда, ұмытпасам, сонау жиырма бесінші жылдарда болса керек. Ол кезде осы «Ленин туы» газеті «Бостандық туы» деп аталатын. Ұры-қары, бас бұзарларға қарсы кедей қақысы мен әйел теңдігін аяққа таптаушыларға қарсы лашындай тимеді ме? Ия, аллай, қайдан көре қалды десейші, әлгі баукеспелердің желкесін қиюға тұңғыш рет осы газет көмектесті ғой. «Тәйкөттің сұмдары» деген мақаламен Сүлеймендерді әшкерлеп тұрып берді-ау. Сонан соң бас көтере алмады ғой. Оған да, міне, отыз жылдан асып барады, өтіп бара жатқан күндер-ай!»

Зейнел-Ғаби Иманбаев «Айналайын адамдар» деген кітабындағы «Біздің Кәкең» атты әңгімесінде облысымызға танымал Ленин орденді ұстаз Иманов Кәкім туралы айта келіп, оның өзінің мынадай сөздерін келтіреді:

«– Өмір бойы ұрлықпен, ел тонаумен өткен сұмдардың қылмыстары жөнінде жазған «Тәйкөттің сұмдары» деген үлкен мақалам «Ленин туында» жарық көрді. Бұл осы төңіректегі қиянатшыларға үлкен соққы болып тиді. Тәйкөттің атышулы

адақбай, Сүлеймендері тасадан аңдып, өлтірмекші де болыпты. Құрттың қорғауымен аман қалдым...»

Міне, осы атышулы Сүлеймен бірде Абылайдың бір айғырын үйірімен (12 жылқы) жігіттеріне ұрлатып алады. Абылай қорлықтың кімнен келгенін біліп, Сүлейменнің ауылына келеді, бірақ оның үйіне түспей басқа үйге түседі. Сол күні Сүлеймендер айғырды сойып қуырдағын жеп жатса керек. Абылай өзі түскен үйге Сүлейменді шақыртып алып көзбе-көз оның қорлығын әшкерлеп айтып береді. Сүлеймен қателігін мойнына салып Абылайдың айғырының орнына айғыр, 12 жылқысының орнына 14 жылқы қайырып береді. Соңынан Сүлеймен қарайған кезінде Абылайдың баласы Үкітайға:

«– Мен ешкімнен тайсалмайтын едім, маған ешкім тура қарап сөйлесе алмайтын еді. Ал сенің әкең Абылайдың көзі қорыққанменімнен өтіп кетті, мен оның көзіне шыдап қарай алмадым. Оның аруағы менікінен күшті болды, мені жеңді» – депті.

Абылай Сүлейменнен өз жылқысын қайтарып алумен тынышталған. Оған малдарынан айырылып қалған басқа кедей-кепшіктер Сүлейменнен көрген қорлықтарын айтып келе берген. Ыза болған Абылай Қызылжардағы таныстарымен келісіп алып, Сүлейменді сондағы ақ түрмеге жаптырады. Соңынан, енді қайтып қайтқан шығар деп 6 айдасын өзі барып босаттырады.

МЕКТЕП АШУЫ

Абылай өзі көп оқи алмасада (балдызы Әбудің айтуынша, ол Стамбол мен Қазанда оқыған, басқа деректерге қарағанда Ахмет Жантөлинмен бірге Троицк қаласында оқыған), көкірегі ояу зиялы адам болғандықтан талабы бар жастардың оқып білім алуына көп көңіл бөліп, әрқашан көмектесіп отырған. Бірде ол: «Шіркін, он балам болып, бәрін де оқытсам арманым болмас еді!» — депті. Абылайдың өзінде Бәтес деген бәйбішесінен бала болмай, олар Абылайдың інісі Мұхаметжанның тұңғышы Сұлтанды бауырларына салып бала қылып алады. Осы Сұлтанды Абылай 6 жасынан алдымен молдадан оқытып, одан соң Қызылжардағы реальное училищеде оқытады. Онымен шектелмей Уфа қаласына апарып бухгалтерлік оқуға түсіріп оқытады. Сұлтан кейін осы оқуларының көп пайдасын көрді.

Абылай өз баласын ғана оқытумен шектелмейді. Басқа да талантты балаларды оқытуға, әсіресе, орысша оқытуға тырысады. 1915 жылы сонау Петербург қаласындағы медициналық институтты жаңа ғана бітірген жас дәрігер Глеб Иванович Боярский революциялық көзқарасы үшін Солтүстік Қазақстанға жер аударылады да қазіргі Ступинка селосының сол кездегі Саврасовка деген бөлігіне келеді. «Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығады» дегендей, сол селоға Абылай келе қалады. Ол келген кезде алыстан жер аударылып келген Боярскийдің күнделікті тұрмысы нашар екен. Оның оқымысты дәрігер екенін, бала оқытуға да қабілетті барын көрген Абылай жоғары жақтағы ұлықтардан оны өз аылына аударуын сұрап рұхсатын алады да, үй-күйсіз жүрген жас дәрігерді өз үйіне әкеп орналастырады. 12 бөлмелі үйінің кеңірек бір бөлмесін бала оқытуға арнап жабдықтайды да өз ауылынан және маңайдағы ауылдардан оқуға балаларды жинатады. Осы мектепте оқып, аз да болса білім алып орысша сауатын ашқандар: Есім Досболов,

Қажым Смағұлов, Баймұрат Жақыпов, Қабдол Алпысов, Қазирасул Османұлы, Есім Байғаскин, Алыпқаш Сүлейменов, Шәкір Баймақанов, Хамза Ыбыраев, Байнұралы Жақыпов, Шұғайып Қашқаров. Бұлардың кейбіреуі сол үйде тұрып оқыпты.

Бұл оқушылардың көпшілігі кейін оқуларын әрі қарай жалғастырған, бірсыпырасы әртүрлі ірі қызметтерде болған. Кастарды оқуға тартуда қиындықтар да кездескен. Мысалы, Қажымды әкесі Смағұл орысша оқуға бергісі келмеген, ол оны тек мұсылманша молладан оқытқысы келген. Абылай Қажымның оқуға қабілеті де ынтасы да бар екенін байқап, баланы оған ертіп оның әкесіне өзі ырып әңгімелесіп көндірген. Смағұл кедей адам болған. Абылай оқуға зирек Қажымды өз баласы Сұлтаннан бұрын үйлендіріп жеке үй ғып шығарған. Қажым 1900 жылы туған Сұлтанмен түйедей құрдас екен. Қажым да жақсылыққа жақсылық істеп Абылайдың үйінің бүкіл шаруашылығын басқарған.

Кейін Қажым коммунистік партияға кірген, ірі қызметтер атқарған. Бірақ 1938 жылғы жалпы құғын-сүргіннен ол да иман қала алмады. Ақмола облысының Қорғалжын ауданының Қарабалық МТС-да директор болып жүрген Қажым партиядан шығарылады. Сол жылғы 26-шілде күні НКВД-ның Қорғалжын аудандық бөлімі оны тұтқынға алады. РСФСР-ның қылмыстық кодекстің 58-2, 7, 8, 9, 11 статьялары бойынша оған Союзге қарсы ұлттық-фашистік ұйымның белсенді мүшесі ретінде Совет мемлекетін әлсіретуге бағытталған контрреволюциялық құмыс жүргізді деген айып тағылған. Осы айыптау бойынша Қарабалық облысының НКВД басқармасының Ерекше үштігінің отырысының 1938-жылғы 28 октябрьдегі № 69 шешімімен Смағұлов Қажым ең жоғарғы жаза — атуға кесілген. Сол 1938 жылғы 10 қарашада Үкім орындалған. Қажым тұтқындалғанда оның отбасында 25 жастағы әйелі Зура, 3 жастағы қызы Роза, 15 жастағы шешесі Мәкен зар еңіреп қалды.

Целиноград облыстық прокуратурасының 1989 жылғы 17 қарашадағы шешімімен Қажым Смағұлов жазықсыз сотталған деп табылып толық ақталды. Әрине, бұл шешімді оның анасы ести алмай дүниеден өткен. Әйелі Зура мен қызы Роза естіді. Олар қазір облысымыздың Шал ақын ауданындағы Жалтыр ауылында тұрады (2003 жыл).

Бұл жерде айта кету керек: Смағұлдың Қажымнан басқа Мағрипа, Шәрипа деген екі қызы болыпты. Мағрипа Абылайдың үйінде жүргенде әкесі Смағұл оны шоға Керейбай Қанапияға ұзатады. Одан Қайнекей, Дина деген екі қыз туады. Қанапия қайтыс болғаннан кейін Мағрипа Жалтырдағы Бекішев Жақияға тұрмысқа шығады. Қажым сотталып, атылып кеткеннен кейін Мағрипа шешсін өз қолына алып күтеді. Ол кісі қартайып сол ауылда дүние салады. Жақия соғыстың орта кезінде елге оралады. Ол кезде Қажымның әйелі Зура жас қызы Роза екеуі басқа жерде жүдеп жүр екен, Жақия оларды үйіне көшіріп әкеледі. Жақия Мағрипадан Маркс, Мәлік, Мәркен деген үш ұл көреді. Үлкендері Маркс ер жетіп міндетті әскерлік қызметін өтеп келгесін өзімен тетелес нағашысы Розаға үйленген. Қазір бұлардың өз балалары ер жетті.

Бақының Досболының немересі Есім Аманжолұлы Досболовты да Абылай Боярскийден оқытып тәрбиелеп өсіріпті. Есім оқуды жақсы оқиды. Ол сондай білімді, шешен жайдары жігіт болып өседі. Абылай оны да өз баласындай жақсы көріп қолдан отырған. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Есімнің болыс болып билік құруына да көмектесіп отырған. Өз жағынан Есім де Абылайды жақсы көріп сыйлаған, оның ақылдылығын, адалдығын, батылдығын жоғары бағалаған. Ол бірде замандасы Сұлтанға: «Шіркін-ай, сені Аманжолдан туғызып, мені Абылайдан неге туғызбады екен!» – депті.

Осы Есім бір кезде облыс халқына белгілі басқарма, ауылнай болып қызмет атқарған Көшебе Ақаев Қайыржанмен бірге оқыпты.

Кейін Есім өзі де аз уақыт мұғалім болып балаларды оқытыпты.

Ғабит Мүсірепов өзінің «Автобиографиялық әңгімесінде» 1921 жылғы бандылар көтерілісінен кейін оқыған кедей жастарының қимылын былай баяндайды:

«Бандыларды құртқаннан кейін, қазақ елінің ішінде қаймағы шайқалмаған ескі қалыптардың заңсыздығын ұғына бастадық. Болыстық, ауылдық советтер түгелімен байлардың, атқамінерлердің қолында болатын. Аз ғана топ сол жайлы өзгертуге аттандық. Бірақ өзімізде заңсыз қимылдадық. Айналасы бес жігіт – Есім Досполов дейтін мұғалім екеуіміз, қасымызда үш жігіт белсендіміз бар, болыстың орталығына келіп:

– Бай балалары, сендер болыс болуға хақыларын жоқ. Болыстық жиналыс шақыр, жұртқа сонда түсіндіреміз... – дедік.

Жиналыстың аяғы насырға шауып кете ме деп қауыптенген болыс айналасы жарты сағаттың ішінде маңайындағылармен ақылдасты да:

– Алғыларың келетін болыстық шығар, шырақтарым, осыны өздерің алындар. Қолымыздан берейік, – деді.

Сол жарты сағаттың ішінде бұрыңғы болыс, военком, оқу бөлімі, жер бөлімі сияқты мекемелерді басқарып отырғандарды түгел орындарынан түсіріп, бәрін де өз қолымызға алдық. Орталықты көшіріп, басқа елге апарып орналастырдық.

Менің қылыш, мылтық сияқты нәрселерге ертеден құмарлығым болушы еді, сондықтан военкомдықты қалап алдым... Бір қызығы, біздің заңсыздығымызды облыс орталығы сөккен жоқ, бекітіп берді».

Ал, Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінің» 2-ші кітабында «Үкімет біздікі» деген әңгімесінде осы мәселені былай пысықтап, нақтылай түседі:

«...Жергілікті ревкомдарға барсаң, председательдері «мені қайтесің араластырып, өзің бірдеме қыла салсайшы» деген сияқты сүйретпе сөзге салады да, ешбір жәрдем бермейді,

өйткені, көпшілігі ақтардың тұсында, немесе патша үкіметінің тұсында болыс болған байдың балалары... Өкімет қызметкері боп атқаратын ешбір жұмыстары жоқ. Кейбір болыстық ревкомның қал-жайы күлерлік дәрежеде қызық екен. Мысалы, – «Преснов» деп аталатын болыстық ревкомның председателі боп атақты бай – Сейтақ Көкенов тағайындалған екен. Одан кейін Есім Досполов дейтін оқығандау біреу, продрозверстка қызметінде жүрген Костин деген кісіні ертіп әкеледі де, Сейтаққа «сен байдың баласысың және ақтардың кезінде болыс болғаның, енді Совет ревкомына бастық бола алмайсың, сенің орнына мен болам» леп, барлық істерін, мөрі мен штампын тартып әкетеді. Аз күннен кейін Сейтақтың үйіне Васькин дейтін милиция начальнигі келеді де, Сейтақ оны ертіп апарып, Есімнен оның істері мен мөрін алып қайтады. Оның артынан бағы Костинді ертіп, Досполов «кеңсе» мен мөрді қайта әкетеді.

Болыс болып тұрғанда Есім өзінің батылдығы мен адалдығын көрестеді, елге сыйлы болады. Әттең жаңа өсіп келе жатқан жалынды жас дүниеден ерте өтеді. Ол бүйрегіне операция жасатып Абылайдың үйінде жатады. Содан жазылмай 1927 жылы қайтыс болады. Абылай өзі жақсы көретін жас жігіттің өліміне қатты қайғырады. Есімнің қайтыс болғанын естігенде бір кездерде бірге жүрген жолдасы Ғабит Мүсірепов: «Шіркін, Есім жалындап жанып тұрған от еді, тірі жүрсе үлкен қызметкер болу қолынан келетін еді!» — депті. 2000 жылдың жазында біз Абылайдың ата қонысын көруге Семиполка селосына барғанда Досболдың шөбересі Тұяқ Досполовтың үйінен осы Есімнің портретін көріп Ғабиттің айтқанының шындығына ден қойдық. Қырынан (в профиль) түсірілген суреттен ақылды да жігерлі адамды танығандай болдық. Бұл сурет бір кезде съезд трибунасынан сөйлеп тұрғанда осылай қырынан түсірілген партияның жалынды қайраткері С. М. Кировтың суретін еске түсірді.

Бұл Есімдер Абылайға бөтен емес. Бұлардың арғы атасы Бақы мен Абылайдың арғы атасы Майлы Алдаергеннен тарайды.

Досбол Бақы баласы, Досболдан – Аманжол. Аманжолдан – Бабош, Қари, Есім. Бұлардың Бабошы мен Есімі Досполов, ал Қари – Аманжолов болып жазылған екен. Есімнің өзінен ұрпақ қалмаған. Бабоштың баласы Тұяқ Есімнің бауырында болып баласындай болған. Қазір осы Тұяқ Досполов Семиполка селосында тұрады. Оның Үкітай, Серік, Берік, Әділбек атты ержеткен балалары бір-бір үй.

Абылайдың үйіндегі мектептен оқығандардың ішінен: Қази Қосшығұлов Орынбор қаласында мұғалімдік білім алып көп жылдар бойы қазіргі Тимирязев ауданындағы өзінің туған ауылы Жарқында ұстаздық еткен.

Есім Байғаскин бір жылдары мал дәрігерлерін даярлайтын институттың директоры болып істеген.

Баймақанов Шәкір (Ахмет Жантөлиннің Зүркен атты қызының жолдасы) де ірі қызметте болған. Әттең бұлар 1937 жылы «халық жауы» деп танылып атылып кеткен.

АБЫЛАЙ РАМАЗАНОВ — АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ

Абылай білімді зиялы адамдармен кездесіп елде болып жатқан саяси жағдайлармен жақсы таныс болған. Ол басқа зиялы азаматтар сияқты қазақ халқының қараңғылықтан, бодандықтан арылып бостандық алуын, мәдениетті, білімді болуын армандаған. Осындай бағытта ол бірталай қазақтың зиялы азаматтарымен жақсы қарым-қатынаста болған. Солардың бірі Ахмет Жанталин.

Соңғы деректерге қарағанда Ахмет Жантөліұлы Тегісов (Ол көбінесе Ахмет Жанталин деп жазылған) 1875 жылы Ақмола облысының Қызылжар уезіндегі Қарағай деген ауылда дүниеге келген. Руы — Керей ішінде Балта. Атасы Тегіс те, әкесі Жантелі де орташа шаруа адамдары болған. Жастайынан зерек болып өскен Ахмет 1902 жылы Челябин облысына қарасты Троицк қаласындағы Зейнолла ишанның «Расулия» аталатын медресесіне оқуға түседі. Оны ол 1906 жылы бітіріп, татарша және орысша орта білім алып шығады. 1907 жылы ол өзінің туған ауылында 3 жылдық орыс-қазақ мектебін ашып бала оқытады. Сол жылдары өзінің алғашқы мақалаларын жазып, бірқатар батыл ойларымен танылады. Содан бастап ол азамат, қайраткер болып қалыптаса бастайды.

Ол Троицкіде шығатын «Айқап» журналы мен Орынборда шығатын «Қазақ» газетіне мақалалар жазып тұрады. Алаш орданың көсемі Әлихан Бөкейхановпен дос болып хат жазысып тұрған. Февраль революциясынан кейін Алаш орда қызметкерлерінің бірі болып, «Жас азамат» газетіне мақалалар жазып тұрған.

Ахмет туралы сол кезде Қызылжар қаласында дәрігер болып істеген Алаштың белгілі азаматы Жұмағали Тілеулин «Қазақ» газетінде бірнеше мақала бастырып шығарған. Мысалы сол газеттің 1914 жылғы 99-шы санындағы «Қызылжар уезі»

деген мақалада: «Қызылжар уезі Преснов болысының № 5-ші ауылына қараған Балта Керей ішінде Жантелин деген талапкер жігіт... Троицкіден оқу бітіріп қайтқан соң, басына сәлде салып, ... шарифат айтуға кіріскен жоқ еді..., қолынан келгенше аянбай жұртқа қызмет етемін деп бел байлап еді. Ахмет школ ашып, учитель алдырды. Есіл өлкесін қаптаған үлкен ауылдың (орыстарды айтады – Қ. М.) зорлығына қарсы тұрып, елін қорғады. Мұнан басқа Ахметтің елге қылған түк жазығы жоқ еді.» – деп жазылған. Ол Ахметтің жазықсыз бір жыл бойы абақтыда қамалып жатқан ел жанашыры туралы, оның қамалу себебін әшкерелеуге арналған еді. Жер-суды қорғап, елдің сауатын ашуға жанн салған Ахмет сол кездің орыс және қазақ атқамінерлеріне жақпаған көрінеді. Өйткені қазақтың жер қадірін онша білмейтінін байқаған орыс мұжықтары көзі түскен шурайлы жерлерді жаппай жырта бастайды. Ал қазақтың шонжарлары азырақ ұн, шай үшін қазақ жерінен 1–2 десятина жерлерді оп-оңай сатып жіберетін болған. Осыған байбалам салып қарсы тұрған Ахметке бейсауат кетіп бара жатқанында қарсы оқ та атылған, ол жалған жаламен абақтыға да қамалған. Алайда аққа күйе жағылмай, ол ақталып шығады.

Қазан төңкерісінен кейін ол 1921–1923 жылдары бұрынғы Төңкөріс ауданының халық соты болып әстеген. Сонымен бірге сол жылдардың газет-журналдарына жер-суды, ағаш-орманды лұрыс бөліп, елді қоныстандыру туралы өз жобаларын жазып тұрған. Алайда, 20-шы жылдардың екінші жартысында оның басына қара бұлт төніп, құдалауға түскен. Патша заманы мен Кеңес дәуірінің зорлық-зомбылығын бірдей татқан Ахмет екі заманның да абақтысында болған. Амалсыздан, бас сауғалап, бала-шағасын тастап елден кетуге мәжб. р болады. Кейін Түмен облысындағы Қазан ауданының Благодатное колхозяны кіріп қарапайым еібек етеді. 1950 жылы сол жерде қайтыс болады.

Ахмет алғашқы мақалаларын 1906 жылы жазған. Сол кезде Қазан қаласында татар тілінде шығып тұратын «Ульфат»,

«Вақт-Уақыт» газеттеріне қазақ сахарасының мұн-мұқтажы туралы келелі ойлар айтып, өз ұлтының жоқшысы бола білген. Мысалы, «Уақыт» газетіне шыққан «Госдума һәм қазақ», «Сібірия қырғыз-қазақтарынан» секілді мақалаларынан көп нәрсені аңғаруға болады. Ол мақалаларда тілге тиек етпеген мәселе жоқ екен. Қазақ мектебін ашу, қазақ тілінде газет шығару, жер-су, дін мәселесі, т. б. сол кездегі басқа қазақ зиялылары секілді Ахмет Жанталиннің де жанын ауыртып, оған үкімет назарын аударуға тырысып отырған.

Сол заманның зиялылары қалың ұйқы құшағында мүлгіп, ұйқысырап жатқан қазақты «маса болып шағып», «Оян, қазақ!» деп атойлап дүр сілкіндіруге күш салып жатқан кезде Ахмет Жантелин де солардың алғы шебінде көріне білген. Әр нәрсеге еркімен көніп, қарсылауға шамасы келмеген халықтың бір жағынан назаланса, екінші жағынан үкімет тарапынан жасалған зорлық-зомбылыққа батыл наразылық білдірді.

Ол ел ішінде білім көзін ашып, бүкіл халықты сауаттандыру үшін 1908 жылы халықты ұйымдастырып, мектеп үйін салдырған екен. Қазақ даласында мектептер жүйесін дамыту туралы 1914 жылы «Қазақ» газетінің 66-шы санындағы «Қазақ мектебі» деген мақаласында жеке-жеке ауылда болмаса да, орам жақын бірнеше ауылға ортақ бастауыш мектебін ашу туралы мәселе көтереді және ол мектептің бұрыңғыдай үш жылдық емес, 5–6 жылдық болу керкетігін жазады.

Ахметтен Аида, Зүркен атты қыздар, Талғат, Киікбай есімді ұлдар қалған. Талғат Ахметұлы Тегісов еңбек жолын сонау 1935 жылы бастаған, 1946–1950 жылдары Көкшетау облысының ауылшаруашылығы басқармасының кеңшарлар жөніндегі бастығы, тың игеру кезінде «Симферополь» совхозының директоры болды. Одан кейінгі жылдары Талдықорған облыстық кеңесінің ауылшаруашылық бөлімінің бастығы, Ұарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары, Қаскелең тәжірибелі шаруашылығының директор қызметтерін

атқарды. Оған «Қазақстанның еңбек сіңірген агрономы» деген атақ берілген. Бұл кісі 1986 жылы қайтыс болған.

Ал осы Ахмет туралы «Қазақ» газетіне мақалалар жазған Қызылжар қаласында дәрігер болып істеген Жұмағали Тілеулин де Абылайдың жақын жолдастарының бірі болатын. Сұлтан Қызылжарда реальное училищеде оқып жүрген кезде сол Жұмағалидың үйінде тұрыпты. Абылай мен Жұмағали бір-бірімен отбасымен араласып тұрған. Қармаш ақсақалдың айтуынша, Сұлтан да Қармаш та Жұмағалидың сұлу да жайдары жұбайы Райханды «тәту» деп атап еткен екен. Жазғы, қысқы демалыстарында Жұмағали Райханымен және балаларымен Абылайдың ауылдағы үйіне келіп аунап-қунап демалып қайтады екен. Кейін Абылай мен Жұмағали Алашорда үкіметінің жұмысы бойынша да бір-бірімен ақылдасып отырған. Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінде» 1918 жылы Алаш азаматтарының Әлти ауылына келіп халықты жинатып жиналыс өткізгенін жазғанда сол азаматтардың ішінде Алаш-орданың Қызылжар уездік комитетінен келген Жұмағали Тілеулинді де атап кетеді ғой.

Оларды Абылайдың қарсы алғанын да айтады. Ал бұлар бұрыннан таныс және жайғана таныс емес жақсы жолдастар болатын. Бұл кісі де соңынан «халық жауы» аталып 37-нің құрбаны болып кетті. Оның кенже ұлы Серік Тілеулин қазір Алматыда тұрып жатыр. Ол медицина ғылымдарының докторы, жасы 75 тен асса да халыққа қызмет көрсетіп сол қаладағы «Гранат» СКТБ –да бас ғылыми маман болып істеп жүр.

Абылайдың тағы бір таныс жолдасы Бектұрғанов Шаймерден Бейсенбайұлы (1896–1939) Мамлют ауданының Белое селосының маңындағы бір ауылда кедей шаруасында туған. Шаймерден 1919–1923 жылдары Мамлютка деревнясында селсовет председателі болған. Сәбит Мұқановтың «Есею жылдары» кітабында айтуынша «1924 жылдың жазында бұрынғы бірнеше болыстардан құралып іріленген «Төңкеріс» атты болыс болған. Онда Атқару комитетінің (Волисполком) председателі

– Қапез Мұстафин, партия комитетінің (Волком) секретары – Шаймерден Бектұрғанов. Волком «Уән» аталатын ауылда, ол ауыл Қаратомардың жағасында екен... Болыстық жер бөлімінің меңгерушісі Шұғайып Бәшіров».

Шаймерден осында аталған қызметінде 1925 жылдың күзіне дейін істейді. 1925–1926 жылдары Москвада уком секретарларын даярлайтын курста оқиды. 1926 жылы ол Петропавлда, 1927–1928 жылдары Ақмолада уком секретары, 1928–1929 жылдары Сырдария губкомында бөлім меңгерушісі, 1929–1930 Адай және Қарқаралы округкомының секретары, 1930–1933 жылдары Москвада қызыл профессура институтында оқиды. 1933 жылы Шаймерден Бектұрғанов жоғары коммунистік ауылшаруашылығы мектебінің ректоры, 1934 жылдан ҚАССР жоғары сотының мүшесі және председатели болып істеп жүрген кезінде 1937 жылы «халық жауы» деп айыпталып құғын-сүргінге ұшыраған. Соңынан ол ақталған. Қазір Мамлют қаласының бір көшесі оның атымен аталады.

Абылайдың Боярскийден оқытқан оқушыларының бірі Шұғайып Бәшіров. Шұғайыптың Бәшір деген атасы башқұрт ұлтынан шыққан көрінеді. Біздің елге осыдан 150 жылдай бұрын сауда-саттық жағдайымен келіп, ақыры осы жерде тұрақтап қалыпты. Қазақ халқымен әбден қаны, тегі араласып кеткен. Сондықтан Бәшір әулеті түгелдей қазақ болып жазылып, керей руының көшебе тармағына, оның ішінде осы Абылайларға жақын болып сіңісіп кетіпті.

Шұғайып Бәшіров адамгершілігі өте мол, сөзіне берік, ісіне тыңғылықты, орташа сауатына қарамастан оқығанынан тоқығаны мол адам болған. Осындай жан-жақты қабілетінің арқасында жас шағынан бастап, әртүрлі комсомол, партия, кеңес қызметтерінде болған. Сәбит Мұқанов оның 1924 жылы Төңкеріс болысында жер бөлімінің менгерушісі болып істеп жүрген кезін жазса, ғалым жерлесіміз Мұқаш Ғаббасұлы Елеусізов «Ұстаздық еткен жалықпас» атты кітабында Шұғайыппен 1947 жылы оның

Совет (қазіргі Аққайын) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеп жүрген кезінде кездескенін жазады. Соңынан Шұғайып Бәшіровты Мұқаш Елеусізов оның заңды зейнеткерлікке шығып, дәрігер ұлы Мағжанның қолында Ақтөбе қаласында тұрған кезінде көріпті. Сол кезде жасы жетпіске аяқ басқан Шұғаң үлкен ұлы Мағжанның Алматыда кандидаттық диссертация қорғар күні қайтыс болғанына қайғырып жүдеп жүрген көрінеді. Келесі жылы өзіде дүние салды», — дейді Мұқаш Елеусізов.

Абылайды тұтқындағанда осы Бәшіров Шұғайып пен Аманжолов Қари (Досболов Есімнің туысы) облыстық сотқа Абылайды ақтап хат жазыпты. Бірақ ол кезде сот орындары ондай хаттарға көңіл аудармаған.

Абылай хажының тағы бір кереметтігі сол: ол өзінің досы Ахмет Жантөлинді ертіп Омбы қаласына барып ондағы уақытша үкіметтің өкіліне халық атынан өтініш жазып апарып, елде қазақ мектептерін ашуға және сол мектептерге дәріс беретін мұғалімдер дайындайтын екі жылдық оқу орнын ашуға бұйрық шығартады. Соның арқасында Омбыда 1918 жылы тамыз айында екі жылдық мұғалімдер дайындайтын курс ашылып, оған директорлыққа Абылай өзінің сол Қызылжар уезіне қарасты Сарыайғыр болысының әкімі болған досы Бекен Жұмабайұлының оқыған баласы (Омбыда мұғалімдер семинария бітірген) Мағжан ақынды ұсынып директор қойғызады. Сонымен қатар, Омбы уезіндегі досы, құрсары керейдің болыстарының бірі Шамел мырзаның аталас інісі Бекмұхамбет Серкебайұлын оқу ісінің меңгерушісі етіп қойғызыпты. Басқа да оқыған үш-төрт жігітті Омбы төңірегінен тауып сол оқу орнына мұғалімдікке алғызады.

Абылай хажы, Ахмет заңгер, Жармұхаммед Жақыпұлы үшеуі өздеріне насихатшы, үгітші жігіттерді ертіп, Омбы, Қызылжар уездеріндегі байлардан қаражат жинап, жиналған ақшаны сол оқу орнында істейтін мұғалімдердің еңбек ақысына және

қажетті оқу құрал-жабдықтарына деп Мағжанға табыс етіпті. Сонымен қатар аталған үшеуі оқуға ел ішінен талапты жігіттерді жинапты. Мысалы, осы курсқа олар Сәбит Мұқановты, Баймұрат Жақыповты, т. б. түсіріп, оларға көмектескен.

Мағжан аталған курста жұмыс атқарумен қатар сол Омбы қаласында құрылған Алаш орданың Ақмола облыстық комитетінің мүшесі болғаны белгілі. Бұл жағынан да Абылай мен Мағжан ақылдасып отырған.

1919 жылы көктемде Колчак үкіметі Омбыдағы екі жылдық қазақ мұғалімдерін дайындайтын оқу орнын жауып, қазақ оқығандарын құғындай бастайды. Сол шақта Шамел мырза Тәшімұлы аталмыш оқу орнында мұғалім болған жігіттерді (ішінде Мағжан мен Бекмұхамбет те бар) кісілер аса көп бара қоймайтын қаланың шетіндегі бір елеусіз үйге жасырады, курстың құжаттарын бір подвалға тығып ұстайды. Осы жағдайды Шамел мырза Абылай, Ахмет, Жармұхаммед – үшеуіне хабарлайды. Ол кезде Абылай Қызылжардағы өзінің түсіп жүретін қонақ үйінде жатып, өз шаруашылығымен айналысып жүр екен.

Мағжандардың қиын жағдайға қалғанын естіген Абылай мен Ахмет Жантөлин Қызылжардағы ревкомға барып: «Омбыда бір білікті мұғалім қиын жағдайда жатыр, соны алғызуға көмектесіңіздер», – дейді. Ол кезде Қызылжарда білімді адамдар жетіспейтін еді. Дәл сол кезде қазіргі Қызылжар ауданындағы Вознесенка селосына таяу жердегі ормандардың бірінің арасына орналасқан хуторда қызыл әскерлердің штабы тұрған екен. Ревкомның нұсқаумен штаб бастығы Омбыдан Мағжанды алып келуге көлікпен бір офицер және төрт солдат жібереді, олардың ішінде Айымжан ауылының тумасы Нұрғожа Нұрмұхамбет (Тырқай) баласы болады. Олар алдымен Шәмел мырзаға жолығады. Ол өзінің танысының үйінде жатқан Мағжанға апарады.

Содан 1919 жылы октябрь айында солдаттар екі арбамен Мағжанды хутордағы штабқа алып келеді. Абылай мен Ахмет

Жантөлин Мағжанды қарсы алып ертеңіне ревкомның председателіне алып барып таныстырады. Ол Мағжанның білім деңгейін байқағаннан кейін оған солдаттарға лекция оқуды тапсырады. Мағжан солдаттарға бірнеше лекция оқиды. Оның лекциясын сол кезде әскерлер қатарында жүрген Жұныс Нұрпейісов (Айымжаннан), Нұрғожа Нұрмұхамбетов (Тырқаев Айымжаннан), Баяхмет Құсайынов (Орталықтан), Сибан Байсақалов (Жаңа жолдан), Қожахмет Мусин, Рақым Жүнібаев, Құсайын Сатин, Құсайын Жантаев т. б. тыңдапты.

Мағжан сол кезде «Жауынгер бауырларым» деген ұзақ өлең шығарған екен. Бірақ ол өлең қазір ешқайда кездеспейді.

Ал 1920 жылы Мағжан Омбыдағы курстан қалған құжаттарын алдырып Қызылжар қаласында мұғалімдер курсын басқарып ауылдан келген жастарға сабақ бергені, онда Баймағанбет Ізтөлин, Сәбит Мұқанов, т. б. ел азаматтарының оқығаны белгілі. Осының бәрінде де Абылайдың қатынасы болмай қойған жоқ.

Бұл екеуі соңынан да бір-бірімен жолдастық қатынасын үзбеген. Мағжанның туыстары да Абылаймен жақын қарым-қатынаста болған. Қармаш ақсақалдың айтуынша бір кезде Қайролла мен Майраның Қызылжардағы үйінде Мағжанның інісі Сабыржан отбасымен тұрыпты. «Сол үйде, — дейді Қармаш, — 1952 жылы Абылайдың, Сұлтанның кәртішкелерін көрдім. Сол үйдің чердағында бір жәшік кітаппен қолжазбалар жатты. Соның ішінен бір дәптер алып Сұлтанға апарып беріп едім, ол біраз оқып отырды да: «Шырағым, мынаны пешке тығып жағып жіберші, осының ылаңынан талай жыл құғындалып қашып жүрдім ғой», — деді. — Амал жоқ жағып жібердім».

Сол үйдің чердағында Мағжанның көп кітаптарының дашылып жатқанын Қайролланың Ұрқия есімді қызының жолдасы Мусин Әміржан да көргенін айтп еді. Сөйтіп абзал ақынның бірсыпыра мұрасы шашылып құрып кеткен.

ӘНШІ-ЖЫРШЫЛАР АРАСЫНДА

Қармаш ақсақал айтуынша, Абылай халықтың ән-күйін, өлең-жырларын ұнатқан. Ол бірсыпыра ақын-жыршылармен, әнші-күйшілермен жақсы таныс болған жіне оларды қуана қарсы алып, сыйлап жүрген.

1912 жылы Болотнайдың базарында Абылай әйгілі Ақан серіні кездестіреді. Бұл атақты әншінің қартайған кезі. Абылай оған сәлем беріп амандасқаннан кейін қартайған ақынды бір танысының үйіне апарып қонақ қылады, иығына жібек шапан жауып, қалтасына 25 сом ақша салып береді. Ол кезде 25 сом бір аттың құны. Абылайдың Ақан серіні бұлай сыйлауы тегін емес еді. Ол Ақанның адалдығына, турашылдығына, қиянатшылдарға келіспеушілігіне сүйсінетін. Сонмен қатар серінің әсем әндерін ұнататын. Өзі де бос уақыты болып үйінде отырғанда ақырын домбыраға қосып оның кейбір әндерін айтып отырады екен. Ол, әсіресе серінің «Қара торғайын» ұнатып айтушы еді, – дейді Қаракең.

Келеді қара торғай қанат қағып,
Астына қанатының маржан тағып.
Бірге өскен кішкентайдан, қарағым-ай,
Айрылдым қапылыста сенен нағып.

Қара торғай,
Ұштың зорға-ай.
Бейшара, шырылдайсың
Жерге қонбай –

Деп қоңыр даусымен ақырын айтып отырғанда көңілінде бір мұң бары білініп тұрады екен. Кім білсін, бұл әнді айтқанда ойына не келетінін.

1895 жылғы қыста ел аралап жүріп ақын Әсет Найманбаев былайдың үйіне келеді. Сол жылы қыс қатты болып Әсет шқайда шыға алмай Абылайдың үйінде қыстап шығады. Әрине, Әсеттей әнші жай жатпайды, сол ауылды ән мен күйге бөлейді. Ісы үйде ол өзінің бірсыпыра әндерін айтады. Бірде ол:

Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,
Қыз қайда Ардақжандай-ау, көзі күлген!
Алыстан әдейі іздеп келгенімде,
Айттырмай ішкі сырды ай-ау, өзі білген.
Хали-ләли, ләли-ләли, ләлім-ай-ау,
Хали-ләли, ләли, ләлім-ай-ау,
Хали-ли-ләм, ләлім-ей, ау!

— деп Кіші Ардақты әндетсе, енді бірде:

Мынау қолым, Қарагөз, саған созған,
Махаббаттың жүректе оты қозған.
От жалындай көзіме көрінесің,
Желбіреген көйлегің беренсоздан...

Жүрген жүріс, Қарагөз, күлген күлкің,
Жанған жүрек қасында болсаң шіркін.
Сені ойласам, Қарагөз, ас батпайды,
Түнде ұйқым келмейді, күндіз күлкім

— деп «Қарагөз» әнін шырқап, тындап отырған жастардың үректеріне махаббат отын тастайды. Әсеттің әнін тындауға ол маңайдағы Майлы, Мұсайтқа қараған ауылдардың көптеген астары мен қарттары жиналды.

Енді әнші өзінің әйгілі «Інжу-маржан» әнін аспандата шығады:

Әуелетіп ән салса әнші Әсет,
Аққуменен аспанда жер тілдесет!
Еркем сені-ай, сағындым!
Дауылдатып тұнықтан шыққан дауысы,
Жүрегінен күңіреніп желдей есед.
Сағынбасқа не шара!

деген кезде тындап отырған жұрт қозғалаұтап «Уай-шіркін-ай, десейші» – деп дауыстап жіберді. Ал өлеңнің қайырмасын:

Інжу-маржан секілді-ай,
Ал көрінген көркінді-ай,
Гүл майысып, гүл жайнап,
Бір көрінсең еркем-ай!
Сейфіл-Мәлік, Жамалдай
Бейнетіңе көнсем-ай.
Қозы Көрпеш, Баяндай
Бір молада өлсем-ай!
Сағындырған еркем-ай!

— деп термелеп әндеткенде, жастар жағы әннің ырғағына қарай ырғалып қозғалып отырды, қарттар жағы да әншінің жүз құбылған үнімен, шаттанып толқыған бет әлпетіне сүйсініп «Уа, бәрекелді, жаса балам, өркенің өссін!» – деп ризашылықтарын білдіріп жатты.

Осылай атақты Әсет ақын Майлы, Мұсайт еліне өзінің аспандағы аққумен тілдескен әндерін шырқап бір дүрілдетіп кетті. Ол жүрерде Рамазан қажы оған ақ батасын беріп, иығына құндыз ішік жапты. Әсет жүріп кеткесін жастар жағы көпке дейін оның әндерін жеке жүргенде де, әсіресе ойын, тойларда айтып жүрді.

Бір жылы жаз жайлауға шығарда бұл үйге өзі батыр, өзі ақын әрі әнші Иманжүсіп Құтпанұлы келіп қонақ болып кетеді. Ол

өзінің басынан өткен неше түрлі қызықты жайларды әңгімелеп айтады. Әсіресе, Бөлтірік қажының көз алдында туысының батасына құда түсіп келінін алып кетейін деп жатқанда, қажыны күйеу баланың атына мінгестіріп, қызды өзі алып кеткенін айтқанда, жұрт дабырласып көздерінен жас аққанша күлді. Бұл әңгімесін Иманжүсіп мына өлең шумағын әндетіп айтып аяқтады:

Жастайымнан мен өзім жұрттан астым,
Меңменсіген талайдың көңілін бастым
Атасын ат артына мінгестіріп,
Келінін көз алдында алып қаштым.

Жиылып отырған халықтың қошеметтеген ықыласына риза болған ақын, өзінің ақындығы мен батырлығын көрсететін мына әнін де айтып береді:

Ауылым Күйгенжарға қона алмайды,
Өткен күн қайта айналып оралмайды
Толғатып тоқсан қатын ұл тапса да
Бірі де Иманжүсіп бола алмайды.

1924 жылдың жазында Дмитриевка селосының маңындағы Қайран көлдің дөңінде берілген Самай Керей Шортықбайдың Қыдырмасының асынан келе жатып бір топ жолдастарымен Абылайдың үйіне Үкілі Ыбырай түседі. Абылай оларды бие сойып қонақ қылады. Мұндай сыйлы қонақты Абылай жібермей үш күн бойы ән айтқызады.

Жылы қарсы алып, сыйлап күткен Абылайға риза болған Ыбырай ақын бірде:

Жігіттің бір қызығы сауықты өмір,
Шырқатып әнге салсаң қайғың кемір.

Кешегі бес болыстың жиынында,
Жайқалтып Ыбырай салған «Жайма қоңыр»

— деп «Жайма қоңырын» жайып салса, енді бірде:

Өлеңмен екі өкпенді қалқытайын,
Ал, қорғасындай денеді балқытайын.
Біржанға салып берген әнім еді-ау,
Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын

— деп, «Шалқымасын» шалқытады. Басқа да бірсыпыра әндерін айтады. Үш күн тез өте шығады. Жүрерінде Абылай ақынның иығына түлкі ішік жауып, астына жорға мінгізді. Риза болған Ыбырай: «Абылай шырағым, алла тағала саған бала берсін, бала берсе дана берсін. Балаларың атақты Шыңғыс ханның балаларындай болсын, дүниеге келген балаларыңның атын сол хан балаларының атындай Үкітай, Шығытай қой!» Үкітай, Шығытай, Бөденелі, Бөренетай — деген 4 ұл болсын деп бата беріпті.

Содан көп ұзамай Абылайдың Көпей деген әйелі ұл туып, оның атын Абылай Ыбырай айтқандай Үкітай қойыпты. Абылай жерлес Шағырай, Қылыш ақындарды да сыйлап, оларға қамқор болып жүріпті.

Абылай әйгілі ақын-жыршылардың, әңшілердің өлең-әндерін ұнатып тыңдаумен ғана шектелмей, өзіне ұнағанын жаттап алып, көңілі түскенде айтып отырады екен. Қармаш ақсақалдың айтуынша, мына бір өлеңді Абылай оған жаттатыпты:

Жігіттік базарына әркім барған,
Халынше еш адам жоқ одан қалған.
Бір асыл нұрдың тасын табамын деп,
Әркім жүр бір ақша қар сонарында.

Қыс келсе, қадірі өтер өткен жаздың,
Не керек халқына пайдасы жоқ өнерпаздың.
Көлге ұшып, томар қонған күні құрсын,
Кешегі көл жайлаған қоңыр қаздың.

6–7 жастар шамасында жаттаған осы өлең Қармаш ақсақалының есінде осы күнге дейін сақталып қалыпты. Сірә, Абылай жас балаға бұл өлеңді жаттатқанда оның өсе келе халыққа пайдалы замат болуын қалаған болар. Бұл сол кездегі Алаш азаматарының халыққа пайдасы тимейтін оқығандарға арналған өлеңдерінің бірі ғой. Бұл да Абылайдың Алаш азаматтарымен сақын қарым-қатынаста болғанын, олардың өлеңдеріне дейін иілгенін көрсетеді.

Абылай хажы ел ішіндегі сыйлы болған белгілі адамдардың сын берген кезде, олардың ағайын-туғандарына көмектесіп отырған. Мысалы, оның ықпалымен 1923 жылы маусым айында Мұсайын Сегіз серіұлының (1843–1920) асы болыпты. Осы Абылайдың айтуымен ел жақсылары азаға мал салып, 1921–1922 жылдары қиыншылыққа ұшырап қалған Нұрмұхаммед (Тырқай), Беген, Нұрғожаларға ауыртпалық түсірмепті. Ас Қақтың қара сорының жағасында беріліпті. Асты Жиёмбет Әлеукин мен Есім Досболов басқарыпты. Ас абыройлы өтіпті. Онда балуандар күресі, ат жарысы, көкпар ойындары өткізіліпті.

Мұсайынның асынан кейін болған үлкен ас — Шағырай ақынның асы да Абылайдың ықпалымен ұйымдастырылып сақсы өтіпті. Шағырай, Қылыш ақындар 1923 жылы жазда Мұсайынның асында өлең айтып, сыйлықтар алған екен. Бірақ ол 1923 жылы қазан айында Шағырай ақын, қараша айында Қылыш ақын аз уақыт ауырып қайтыс болыпты. Абылай олардың асыне да қатысқан екен.

САУДА-САТТЫҚПЕН АЙНАЛЫСУЫ

Абылай Барлыбайдың Итемірінің баласы ел ішінде беделді төбе би Күзембаймен жақсы жолдас болыпты. Бір кезде Күзембай Қызылжар уезі бастығының мұсылмандарды басқаратын орынбасары болған екен. Бірақ, атағы Күзембайдікі болып, оның бар қызметін жас Абылай атқарған деген сөз ел ішінде тарап кеткен.

20-шы жылдардың басында уезд басшылары Абылайға уездік кооперативті басқаруды ұсынады. Абылай бұл қызметтен бас тартады. Бұл қызметке одан кейін Мағжан Жұмабаевтың жездесі (Бекеннің қарындасын алған) Хасенбай тұрған.

Абылай көбінесе, осы күнгі терминмен айтқанда, жеке кәсіпкер ретінде сауда-саттықпен айналысады. 1922 жылы жаңа экономикалық саясат (НЭП) іске кіріскеннен бастап халықтың тұрмысы жақсара бастайды.

1921 жылғы 8–16 наурыз аралығында өткен Ресей Коммунистік партиясының X-шы съезінде «әскери коммунизмнен» жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы қаулы қабылданды. Осы жаңа саясат, жеке меншік саудаға жол ашып берді. Бұл саясат іске кіріскеннен бастап еркін саудаға жол берілгесін халықтың тұрмысы жақсара бастады. Өйткені халық енді үкіметке келісілген азық-түлік налогін төлеп, қалғанын өз еркімен сатып, өзіне қажеттілерін сатып алуға мүмкіндік алды. «Осы НЭП тусында, — дейді Сәбит Мұқанов, — қазақтың байларының ғана емес, орташаларының ғана емес, кедейлерінің де мал басы қатты өсті. Оған айқын күәнің бірі — біздің ауылдың ең кедейі — Асылбектің Шәмілінде 1927 жылы 6 бұзаулы сиыр, бір өгіз, бір азбан болды. Сол тұста барлық ауылдың кедейі де осындай болған десек, асырып айтуымыз емес, болған фактіні көзге елестетуіміз ғана».

Бұрын да аздап сауда-саттықпен айналысып жүретін Абылай бұл жылдары сауда ісіне жақсылап кірісті. Сол кезде ел ішінде «многолавка» деген шықты, яғни бір адамның қарамағында бірнеше ауылда бірнеше дүкен («лавка») болған. Абылай да бірнеше жақын орналасқан ауылдарда осындай дүкендер ұстаған. Оның «Түмен» («Жалтыр»), «Уән» және басқа ауылдарда дүкендері жұмыс істеген. Оларда керосин, шам, әйнек шынысы, шеге, балға, балта, орақ, ыдыс-аяқ, кездеме, тағы басқа күнделікті шаруаға қажет нәрселер сатылған. Многолавканың председателі болып Абылайдың қарамағында Сәмерке сары Хамза істепті.

«Сары Хамза» дегеніміз Сәмтіктің Ыбыраыйның баласы. Ол 1908–1910 жылдары Абылай ашқан мектепте оқыған. 1911–1917 жылдары Уфада «Ғалия» медресесін үздік бітіріп, біраз кыл елде мұғалім болып бала оқытқан. Азамат соғысы, кулактар көтерілісі кезінде мектептер жабылып, Хамза жұмыссыз қалды. Міне осы кезде жаңа саясат арқасында саудаға кіріскен Абылай аса білімді Хамзаны «многолавканың» председателі әрі есеп-қисап жүргізуші етіп қарамағына алады. Олармен бірге Әбдір Масғұт деген кісі де істепті.

1924 жылы әйгілі Қоянды жәрмеңкесі қайта ашылып, соның ашылуына орай Абылаймен Хамза тағы бірнеше көмекшілерімен барып киіз үйлерін тігіп таураларын саудаға салып атып, одан бірқатар пайда түсіріпті, және сол жәрменке кезінде Қазақстанның талай белгілі ақын, әнші, күйші, әртсістерін, іасқа да неше түрлі өнерпаздарын көріп тамашалапты. Иса Байзақовтай суырып салма ақынды, Әміре Қашаубаев, Майра Әлиқызы сияқты әншілерді, Қажымұқандай күш атасы балуанды, тағы басқа өнерпаздарды Абылай мен Хамза киіз үйлеріне жақырып, қонақ қылып сауық-кеш өткізіпті. Олармен емен-сарқын әңгіме-дүкен құрып біраз ляззат алыпты. Саудалары а жақсы жүріп, елге өте көңілді оралыпты.

Дүкеншілер (сатушылар): Көшердің Омарының Шұғайыбы, Хамидуллин Қайролла, тағы басқалар болған.

Многолавқадағылар тек қана қаладан әкелген тауарларды сатумен шектелмеген. Олар сонымен қатар халыұтан май, ет, бидай, тері, жүн жинап, оны қаладағы тиісті орындарға өткізіп, орнына басқа тауарлар алып отырған. Ол кезде кездеменің тюктерінің арасына арнайы өңделген таза фанера тақтай салынып келеді екен. «Кездеме сатып тұратын Омардың Шұғайыбынан сондай фанераны дүкеннен сұрап алып, соған асық тігіп ойнаушы едік 6–7 жасар кезімізде», — деп есіне алады бұл күндері сексеннен асқан Қармаш ақсақал.

Осы арада сол кезде Абылайдың сатушыларының бірі болған Қайролла Хамидуллин туралы айта кету керек. Қармаш ақсақалдың естіуінше, Қайролланың аталары Майлы биден бері бұл үймен дос-жар болған көрінеді. Сол жақсы достық жалғаса берген. Қайролла бүкіл отбасымен жаз бойы Абылайдың үйінде болады екен. Абылай оған қысқы соғымын, ұн, май т. б. жыл сайын беріп тұрған. Әсіресе, 20-шы жылдардың басындағы аштық кезінде Қайролла күн көріс үшін осы Абылай үйінде жүріпті. Соңынан Майраға үйленгеннен кейін де көбінесе сол үйде жүрген. Қайролланың Ұрқия есімді қызы (облысымызға белгілі Мусин Әміржанның жұбайы, осыдан 2–3 жыл бұрын дүниеден өткен) 1923 жылы осы Абылайдың үйінде туыпты.

Қайролланың жұбайы Майраның тарихы былайша өрбиді. Атақты Жұмабаев Мағжанның зайыбы Зылиханың үйінде Қасым деген кісі әйелі Қадиша мен екеуі қызметші болып жүреді. 1899 жылы Зылиханың әкесі Құрманбай бай қайтыс болғанда әйелі Жәмиланың қолында бес жасар қызы Зылиха мен екі жасар ұлы Сабыржан қалады. Оларға Қасым мен Қадиша көмектесіп, барлық шаруасын тындырып отырады. Бұл екеуінің қызы Майра да осы үйдің бір мүшесі болып өседі.

1910 жылы Қадиша мен Қасым араларында екі ай салып кенеттен дүние салады. Қадиша қайтарынан екі күн бұрын

бақылдық айтып Жәмилаға жалғыз қызы Майраны тапсырады: «Ол дүниеде қолыңнан алам, ренжімесек, ұл-қызымен бірге болсын, қолыңнан шығарма, әуелі аллаға, сосын саған тапсырам», — дейді. Жәмила оның тілегін құп алып: «Майра осы үйдің бір баласы, оның бөтеншілігі жоқ», — деп Қадишаның сырқат көңілін жұбатады. Екі күннен соң Қадиша өмірімен мәңгі қоштасады. Майра әке-шешесінен жетім қалғанда сегіз жаста еді. Оның барлық күтім тәрбиесі Зылихаға жүктеледі. 1915 жылғы ақпанда Жәмила Зылиханы Башқұрт саудагері Хасан Мұхамедьяровқа ұзатады.

Енді Жәмиланың қолқанаты Майра мен Сабыржан болып қалады. Үшеуі Қызылжар қаласындағы Петренев (қазіргі Первомайская — Казахстанская правда) көшесіндегіекі қабатты кірпіш үйде тұрып жатты (онда қазір «Кулинарный» дүкен. 2003 жылғы маусым айында 1921–1922 жылдары Мағжан мен Зылиқа тұрған осы үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Бұл істі іске асырған облыс әкімінің бірінші орынбасары Қуат Есімханов.

1920 жылы 18 жасар Майра Қайролла Хамидулинге тұрмысқа шықты. 1921 жылы Майрадан Талғат атты ұл туды. Оның есімін моллаға азан шақыртып Жәмиланың өзі қойды. Бұл кезде жолдасы Хасан қайтыс болғаннан соң Зылиха үйіне қайтып келген болатын.

1922 жылы Зылиха Мағжанмен қосылып Ташкентке кетті. 1923 жылы Қайролла мен Майра Абылайдың үйінде жүргенде Ұрқия деген қыз туды. Мағжан мен Зылиха 1927 жылы Мәскеуден Қызылжарға келгенде Қайролла мен Майраның ұлы Талғат 5 жаста, қызы Ұрқия 4 жаста еді. Майраны Зылиха сіңлім деп аптасына бір рет барып, Мағжан екеуі көмектесіп тұрыпты. Бертін Мағжан, ақталғасын Ұрқия апай Мағжанды 5–6 жасар кезінде және соңынан 1936 жылы көргенін айтып отыратын. Қазір Қызылжарда тұратын Ұрқияның сіңлісі Әлфия апай да Мағжан мен Зылиханы көрген кезін есіне алып отырады.

Осылайша Абылай мен Мағжан екеуі екі жақтан Қайролла мен Майраға және олардың балаларына қамқоршы болып жүрген көрінеді.

Абылай алыс қалалармен де байланысып сауда жасап тұрған. Мысалы Қорған қаласында жиі болып сауда жасаған. Қармаш ақсақалдың айтуынша, Абылай ондағы бір орыс байынан екі айғыр үйірлі жылқы сатып алыпты. Олардың бір үйірі темно-серый беговойлар болса, екінші үйірі темногривый тяжеловоздар екен. Ондай жылқы біздің маңайда басқа ешкімде болған жоқ — дейді Қарекең.

КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында, азамат соғысы кезінде елде тиыштық болмағаны белгілі. Біресе ақтар, біресе қызылдар келіп елдің мазасын алған, жұрттың малын тартып алып, тіпті қарсыласқан адамдарды атып кететін болған. Сол кезде жергілікті бай орыстар да қаруланып, өздеріне ұнамаған адамдарды өлтіріп жүре беретін болыпты.

Абылайдың қонысына жақын Семиполканың бай орыстары ағайынды Егор Бошок, Гордей Бошок пен Кирилл Пивоваренко дегендердің егін алқаптары Абылайдың жеріне жақын екен. Олар Абылайдың жерін де өздерінің жеріне қосып алмақшы болған. Абылай бермеген. Соған өшіккен олар Абылайды өлтірмекші болады.

Бір күні, айт күні болса керек, Абылай мешітке айт намазына келгенде, оны аңдып жүрген ағайынды Бошоктер мылтықтауымен жетіп келеді. Сол кезде Көшебенің Торқа ауылынан келген атақты барымташы-ұры Шарықбай өзінің жүйрік сары атын Абылайдың алдына әкеп:

— Хажеке, мына атқа мініп қашыңыз, бұған ешкім де жете алмайды, — деп оны мінгізіп жібереді. Сары ат Абылайдың стында құстай ұшады. Соңынан құған орыстар тек оның шаның ауып қалады. Аттың жүйріктігіне таң қалған олар: — «Япырай, ынау ат жын ба, әлде пері ме?», деп бастарын шайқапты. Бұл орыстар елге көп қиянат жасапты. Бірнеше қазақтың азамаын, тіпті орыстардың да бірсыпырасын оққа жыққан. Ақыры лардың өздерін де өшіккен қандастары өлтіріп тыныпты.

Ал енді Шарықбайға келсек, ол Торқа Көшебеде Балтай деген кісіден тарайды екен. Балтайдан — Асан, Ыбырай. Асаннан — Шарықбай, Жарасбай. Шарықбай көбінесе бай орыстардың жылқыларын ұрлаумен айналысқан екен. Ол өзінің сары атын

баптап өсірген. Ойын-тойларда болатын бәйге жарыстарында ылғи алда келіп бәйге алғызып отырған сары ат жұртқа белгілі болып кеткен. Шарықбай 1932-ші аштық жылы Краснояр өлкесінде Филимоново совхозында тұрып, сонда әртүрлі жұмыс істеп күнін көрген. Қысты күні екі атпен шөп тасыған өзі балуан денелі қарулы кісі екен. Сол жақта жүргенде дүние салған. Артында Мейрам, Есілбай, Бәдиша деген балалары қалған. Соңғы екеуі де кейінгі кезде дүниеден өткен. Үлкен ұлы Мейрам Шарықбайұлы Асанов соңғы кезге дейін Тимирязев ауданындағы Дмитриевка селосында тұрды. Жұбайы Рабиға Есіркеп қызы мен екеуі – Қазыбек, Жәнібек, Бауыржан, Төлеген есімді ұлдары мен Ботагөз, Айнамкөз, Сәуле, Үміт, Зейнекеш, Құралай, Кәмеш есімді қыздарын тәрбиелеп өсіріп, олардан бірнеше немерелер мен жиендер көрді. Бұл, мүмкін, әкесі Шарықбайдың аруақты Абылай хажыға жасаған жақсылығына байланысты алла тағаланың рахымы шығар. Мейрамда бертінде қайтыс болды. Ұрпақтары Дмитриевкада.

Елімізде төңкерістен кейін болған азамат соғысы, одан кейін коммунистерге қарсы ұранымен көтерілген бай-кулактармен шаруалар көтерілісі кезінде ел ішінен береке кеткені белгілі. Ол кезде елге біресе ақтар, біресе қызылдар келіп жұрттың малы мен мүлкін тартып алып, тіпті кейде ер адамдарын атып кеткендері де шындық.

Міне, сол кезде Абылай маңайына қарулы жігіттерді жинап халықты әділетсіз әрекеттерден қорғауға тырысқан. Сол жылдары осы күнгі Қостанай облысының Анновка селосының тұрғыны Дмитрий Ковалев қызыл партизандар отрядін басқарып ақтармен күрескені белгілі. Бірақ осы Ковалев отряді ақтармен ғана күресіп қоймай, жергілікті халықтың да малын айдап әкетіп, дүние-мүлкін талан-таражға салған, тіпті кейде жазықсыз адамадарды өлтіріп кетуге дейін барған. Ковалевтің осындай келеңсіз, жексұрын әрекеттерін әшкерелейтін құжатты біз өзіміздің облыстық Мемлекеттік мұрағатының (архивінің)

илиалынан (бұрынғы партархивтан) кездестірдік. Ол құжаттың олық текстің сол қалпында орыс тілінде келтірейік:

«Тов. Ковалеву, командиру партизанского отряда.

Дорогой товарищ!

По полученным в Губбюро РКП Акмолинской Губ. сведениям сно, что партизанский отряд, коим вы руководите, занимается а последнее время грабежом, мародерством, выражающимся в амовольном захвате скота, крестьянского имущества, вообще есчинствах над крестьянами и проч. Товарищ, коммунистическая этика, понятие РКП(б) о нравственности совершенно е допускает подобных явлений, а потому Вы, как и каждый лен нашей партии, обязаны строго следить за проведением : жизнь наших принципов, памятуя, что это залог нашей ко- ечной победы. Надеюсь на Ваше коммунистическое сознание, ырая полную и непоколебимую уверенность, что подобных влений в Вашем отряде не повторится.

С коммунистическим приветом

Ответ. секретарь Губбюро..... (подпись)

//Филиал ГАСКО. Фонд 1. Опись 1. Д.24. Сведения о парти- анском отряде Ковалева. 11.01–24.12. 1921 г.»

Партияның Ақмола Губерниялық комитетінің өзі (орталығы ызылжар қаласында болған) Ковалев отрядінің жұртты то- ағандығын осы құжатта көрсетіп отыр ғой. Ел ішінде осы отряд ірнеше рет осындай тонаушылық жасағаннан кейін ыза боған ылай өзі отряд құрып Ковалевтің Анновкада тұрған үйіне ейін барып, оның да малын айдап әкетсе керек. 1928 жылы ылайдың ісін сотта қарағанда, оған осы әрекетін де айып ткен көрінеді. Қазір қарап отырсақ сондай бұзақылық әрекет- ер жасаған Ковалевқа тек тәртіпке шақырған хат жіберіледі, л соның қарымтасын қайтаруға тырысқан Абылайдың әрекеті ылмыс деп саналып, оны соттаудың негізі себептерінің бірі олады. Бұл әділдіктің болмағаның көрсетпей ме?

Абылай Алаш көсемдерінің азаттық жолныдағы күресін, қазақтың отаршылықтан арылу жолындағы іс-қимылдарын әрдайым қолдап отырды. Алаш партиясының бұл бағыттағы жұмыстарына белсене қатысып жүрді.

Ол «Талап қоғамы» деген атпен Алашорда құрған қоғам басқармасының мүшесі болған. Қоғамның мақсаты — Алаш партиясының пайдасына үгіт-насихат жүргізіп қаржы жинау. Абылай бұл іске белсене кірісіп өз тарапынан қаржы салып отырған және басқаларды осындай игілікті іске үгіттеген. 1918 жылы Қызылжар қаласында алашшыл жастардың «Жас азамат» атты газеті шыға бастағаны белгілі. Газет «Қаржы серіктестігі» атты ұйымның мүшелерінен жиналған қаржыға шығып тұрған. Абылай осы серіктестіктің белді мүшелерінің бірі ретінде мол қаржы беріп тұрған.

«Өмір мектебі» романының бірінші кітабының «Алашордашылар» атты бөлімінде Сәбит Мұқанов 1918 жылғы шілденің аяғы мен тамыздың басында Ақмола облысының Көкшетау және Қызылжар уездеріндегі қазақ болыстарының жиналысы өткенін, онда Алаш милициясына қазақтан жігіт алу мәселесі қаралғанын жазады.

Одан әрі Сәбең: шілде айы аяқтала бере аталған жиналыстың Аққұсақ болысында (қазіргі Жамбыл ауданы) өткізілетіні мәлім болғанын, ол кезде болыс болып атақты Әлти байдың баласы Садуақас істеп жүргенін айтады. Аталған екі уезде ол кезде 22 қазақ болыстары болған екен.

Жиналысқа солардың бәрінен де адамдар келу керек. Кешікпей Алаш азаматтары Қызылжардан шығыпты деген хабар да келіп қалды. Қадірлі қонақтарды алыстан тосып алуға Әлти бірнеше салт атты адамдар даярлаған екен, басқарушысы — біздің елде бір жайда «шоқынды хажы», бір жайда «тік аяқ хажы» аталатын Меккеге үш рет барған, өзі Алашорда-ның мүшесі — Абылай Рамазанов. Көтермелеп айтушылардың

илиалынан (бұрынғы партархивтан) кездестірдік. Ол құжаттың олық текстің сол қалпында орыс тілінде келтірейік:

«Тов. Ковалеву, командиру партизанского отряда.

Дорогой товарищ!

По полученным в Губбюро РКП Акмолинской Губ. сведениям сно, что партизанский отряд, коим вы руководите, занимается а последнее время грабежом, мародерством, выражающимся в амовольном захвате скота, крестьянского имущества, вообще бесчинствах над крестьянами и проч. Товарищ, коммунистическая этика, понятие РКП(б) о нравственности совершенно не допускает подобных явлений, а потому Вы, как и каждый член нашей партии, обязаны строго следить за проведением жизни наших принципов, памятуя, что это залог нашей окончательной победы. Надеюсь на Ваше коммунистическое сознание, выражая полную и непоколебимую уверенность, что подобных явлений в Вашем отряде не повторится.

С коммунистическим приветом

Ответ. секретарь Губбюро..... (подпись)

//Филиал ГАСКО. Фонд 1. Опись 1. Д.24. Сведения о партизанском отряде Ковалева. 11.01–24.12. 1921 г.»

Партияның Ақмола Губерниялық комитетінің өзі (орталығы Қызылжар қаласында болған) Ковалев отрядінің жұртты тонағандығын осы құжатта көрсетіп отыр ғой. Ел ішінде осы отряд бірнеше рет осындай тонаушылық жасағаннан кейін ыза боған Абылай өзі отряд құрып Ковалевтің Анновкада тұрған үйіне дейін барып, оның да малын айдап әкетсе керек. 1928 жылы Абылайдың ісін сотта қарағанда, оған осы әрекетін де айып атқан көрінеді. Қазір қарап отырсақ сондай бұзақылық әрекеттер жасаған Ковалевқа тек тәртіпке шақырған хат жіберіледі, ал соның қарымтасын қайтаруға тырысқан Абылайдың әрекеті қылмыс деп саналып, оны соттаудың негізі себептерінің бірі болады. Бұл әділдіктің болмағаның көрсетпей ме?

Абылай Алаш көсемдерінің азаттық жолныдағы күресін, қазақтың отаршылықтан арылу жолындағы іс-қимылдарын әрдайым қолдап отырды. Алаш партиясының бұл бағыттағы жұмыстарына белсене қатысып жүрді.

Ол «Талап қоғамы» деген атпен Алашорда құрған қоғам басқармасының мүшесі болған. Қоғамның мақсаты — Алаш партиясының пайдасына үгіт-насихат жүргізіп қаржы жинау. Абылай бұл іске белсене кірісп өз тарапынан қаржы салып отырған және басқаларды осындай игілікті іске үгіттеген. 1918 жылы Қызылжар қаласында алашшыл жастардың «Жас азамат» атты газеті шыға бастағаны белгілі. Газет «Қаржы серіктестігі» атты ұйымның мүшелерінен жиналған қаржыға шығып тұрған. Абылай осы серіктестіктің белді мүшелерінің бірі ретінде мол қаржы беріп тұрған.

«Өмір мектебі» романының бірінші кітабының «Алашордашылар» атты бөлімінде Сәбит Мұқанов 1918 жылғы шілденің аяғы мен тамыздың басында Ақмола облысының Көкшетау және Қызылжар уездеріндегі қазақ болыстарының жиналысы өткенін, онда Алаш милициясына қазақтан жігіт алу мәселесі қаралғанын жазады.

Одан әрі Сәбең: шілде айы аяқтала бере аталған жиналыстың Аққұсақ болысында (қазіргі Жамбыл ауданы) өткізілетіні мәлім болғанын, ол кезде болыс болып атақты Әлти байдың баласы Садуақас істеп жүргенін айтады. Аталған екі уезде ол кезде 22 қазақ болыстары болған екен.

Жиналысқа солардың бәрінен де адамдар келу керек. Кешікпей Алаш азаматтары Қызылжардан шығыпты деген хабар да келіп қалды. Қадірлі қонақтарды алыстан тосып алуға Әлти бірнеше салт атты адамдар даярлаған екен, басқарушысы — біздің елде бір жайда «шоқынды хажы», бір жайда «тік аяқ хажы» аталатын Меккеге үш рет барған, өзі Алашорда-ның мүшесі — Абылай Рамазанов. Көтермелеп айтушылардың

сөзіне қарағанда ол «жеті жұрттың тілін біледі, жүрегі таудан да, тастан да қайтпайды».

Бұл арадағы Керей атаулының ғана емес, бүкіл қазақ атаулының ер жүрегі». Сонша көтермелейтін Абылайды Әлти хажының үйінде көрсем: зор денелі, биік мұрынды, қалыңдау қара мұртын сақалына тұтастырып ұзарта түсірген, сақалының иек тұсын тұтамдай ғана қып қырыққан, дәу қара кісі екен. Біздің естуімізше, Алаш оқығандарының бастылары бұл жұмысқа Орынбордан әдейілеп келген. Алашорданың Орталық комитетінің мүшесі Міржақып Дулатов, Омбыдағы облыстық Алашорда комитетінен келген Ережеп Итбаев, Айдархан Тұрлыбаев, Петропавл уездік Алашорда Комитетінің мүшелері Салмақбай Күсемісов, Жұмағали Тілеулин, Алашорданың Көкшетау уездік комитетінің өкілі Ерқосай Мұқышов, Омбыдан Торсанның баласы Қази де келді. Барлық алашордашылардың саны жүзге жақын.

Алашорданың Орталық комитетінің атынан Міржақып Дулатов баяндама жасады. Одан кейін бірнеше алашордашылар сөйледі. Халық атынан Құртайұлы Мұқыш ақсақал сөйледі. Жиналысты Абылай Рамазанов басқарып жүргізді».

Сәбең сондағы Абылайдың бірнеше жүз қатысушыларды қатаң тәртіпте ұстағанын, оның басқарушылық қабілетін кітабында атап өткен.

ҚҰҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУЫ

1917 жылғы ақпан және қазан төңкерсінен кейін елде азамат соғысы мен ауыртпалық бел алды. 1921 жыл, Қазақ Кеңес автономиясы жарияланудың алғашқы жылы алапат аштықпен тұспаттұс келді. Жаңа экономикалық саясат (НЭП) кезеңі ғана халыққа жеңілдік әкелді. Бұл кезең ішінде жеке шаруашылықтарды мал басы күрт өсіп, Қазақстанда оның саны 1913 жылғы деңгейден асып түсті. Бірақ, бұл ұзаққа барған жоқ.

Өлкелік партия ұйымын Ф. И. Голощекин басқарған кезде халық басына ерекше ауыртпалық түсті. Ол «ауылды кеңестендіру» деген ұранмен тап күресін шиеленістірудің қатерлі бағытын таңдады. Сол арқылы Қазақстанда «жаңа Қазан» төңкерісін өткізу үшін идеялық-саяси негіз жасалды.

Жаппай индустрияландыру бағдарламасы мен одан туындаған азық-түлік ресурстары мәселесінің шаруалар-үшін қасіретті салдары болды. Ондаған жылдарға орныққан «күштеу» саясатының жаппай рухы өмірге аса қатыгез әкімшілік-әміршіл террорды әкелді. Шаруалар ұшыраған құғын-сүргін ауыл шаруашылық өнідерін даярлаудан басталды.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің жаңа экономикалық саясат жылдарында қалыптасқан азаматтық бейбітшілік ахуалын толық күйреткен 1928-ші жылғы тамыздың 27-індегі «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару туралы» декреті ерекше роль атқарды.

Бұл декрет (қаулы) НКВД-ның деректері бойынша қабылғандықтан құжат өзінің мазмұны жағынан ауқатты азаматтардың ғана емес, сондай-ақ ұнамсыз адамдардың бәрінің көзін құртуға мүмкіндік беретін үстірт, дәйексіз болып шыққан. Ол қолында билігі бар лауазымды адамдардың ынғаына қарай икемге келе берді.

1928 жылдың 30 тамызында аталған қаулыны қолдану жөнінде ережелер жинағы қабылданды. Ол да өзінің сапасыздығына байланысты халыққа қиянат жасауға кең жол ашты.

Беогілі тарихшы Талас Омарбеков: «Қазақ байлары қалай тәркіленді?» деген мақаласында былай дейді:

«Тәркілеудің алдында жүргізілген ОГПУ тыңшыларының және жергілікті кеңес, партия органдарының жасырын мәліметтері Қазақстанда аса ірі, жартылай шонжар деп аталатын қожалықтар не бары алты жүздей ғана екенін, олар онша ауқатты болмаса да сұлтан тұқымдарына жататындарды, болыстарды, молдаларды қосып есепетегеннің өзінде 700-ге жуықтайтын анықтады. Тәркілеу барлығы 696 қожалықты қамтыды. Оның ішінде алғашқы топқа, яғни ірі байлар қатарына 562, ал соңғы екінші топқа 134 қожалық жатқызылды. Дегенмен алғашқы топтың ішінде де ірі байлар онша көп емес еді». («Ана тілі» 7.11.1991 ж.).

Сәбит Мұқанов «Есею жылдары» атты кітабында 1927 жылдың жазында еліне келгенде өзінің жерлесі № 2 ауылдық кеңестің председателі Имақ Тоқпановпен әңгімелескенін келтіреді:

«–Мен ауыл арасында қызмет атқарып жүрген адаммын ғой, сондықтан ауыл байларының не істеп жүргенін айтайын – дейді Имақ.

– Ие?...

– Осы Дос көлігің маңын мекендейтін Сәпінің төрт баласында былтырғы жылы екі мыңдай жылқы барын білесің ғой?

– Білем.

– Содан қазір бес жүз жылқы қалды ма екен...

– Қайдам...

– Мен білем, қалған жоқ

– Өзге жылқылары қайда?

– Сатып бітірді.

– Неге?

— Не ғажабы барын білмейсің: Москвада, Қызылордада байлар мен кулактарға қарсы қандай саяси-шаруашылық шаралар жүргізу туралы қаулыларды жергілікті байлар мен кулактар сол қаулылар жарияланардан әлде қайда бұрын біліп отырады. Мысалы, қазақ байлары иеленіп келген егіндік, шабындық жерді кедейлерге бөліп беру туралы қаулы биылғы көктемде жарияланды ғой. Соны байлар былтыр естіп, рулас кедейлерді күн бұрын қайрап тастаған. Кәзір сол қаулыны іске асыру үшін ауылдарды араласаң, «қазақта байдың жері деген жер жоқ, жер атам заманнан бері ата-ата боп тұтас пайдаланып келе жатқан мүлік, ендеше жер бөлістің керегі жоқ» деп кедейлер шу ете қалады».

Одан әрі Имақ: «...Қазақтың ірі байлары алдағы жылда ерекше декретпен кәмпескеленеді десіп жүр ғой» — дейді.

— Қайдан естідің оны?

— Ойбой, Сәбит-ай! — деді Имақ күліп, мана айтпадым ба: «Москвада, Қызылордада тышқанның жорғалағанын ел күн сайын естіп отырады» — деп? Байлар ондай декрет боларын менен де бұрын естіген. Сәпі балалары сияқты байлардың жылқыларын қирата сатып жатуы да сондықтан. Былтыр ғана мың жылқысы бар байлардың көбінде, кәзір жүз жылқы да жоқ...»

Осы сияқты Абылай да байларды, атқамінерлерді кәмпескелеу және оларды жер аудару туралы декреттің шығатынын күн бұрын білген. Сондықтан бұған ертерек дайындалған. Қармаш ақсақалдың айтуынша, 1925–1926 жылдары Абылайда 500-ден аса жылқы, 100-ден аса ірі қара мал және 200 дей қой-ешкі болған екен. Абылай оларды Қорған және басқа қалаларда сатып ақша қылған. Сондықтан кәмпеске боларда бұл үйде мал аз болған.

Ол еккен егіннен алған өнімінің де біразын сатқан. Сонымен қатар оның егетін, оны жинайтын әртүрлі техникасы мен құралдары, көлік күші, жүйрік асыл тұқымды аттары

Суд решил: Согласно I части статьи 107 УК обвиняемого Рамазанова Аблая заключить в исправительный трудовой дом сроком на один год и конфисковать необмолоченный хлеб пшеницы 300 пудов, овса 200 пудов. Из числа лошадей конфисковать два племенных жеребца и зачислить в фонд казны.

2. Согласно статьи 62 УК ч. I Рамазанова лишить свободы сроком на 6 месяцев, конфисковать 3 головы быков, четырех кобыл, двух лошадей, двух кобылиц по четыре года (байтал). Всего конфисковать в пользу казны десять голов лошадей и трех быков. Согласно ст. 149 УК по лишению свободы считать первое, то есть сроком один год. Для недопущения побега согласно ст. 158 УПК Рамазанова сразу заключить под стражу и срок наказания считать с сегодняшнего дня. Приговор может быть обжалован в течении двух недель.

Председатель суда Мақышев.

Согласно решения суда для доставки в ИТД принял начальник Тонкерейской волостной милиции Подпись.

14.03.1928 г. Перевел Галиев.

Осы соттың шешімін сол жылғы 19 наурыз күні Төңкеріс болысының «Қосшы» одағы өзінің Президиумының отырысында қараған. Осы отырыстың мәжіліс хаты мынадай:

«Протокол № 3 заседния Президиума Тонкерейского волостного Союза «Кошчи» 19 марта 1928 г.

Присутствовали от Волкошкама Н. Исмухаметов, члены Х. Мусин. секретарь Кошкама, от Волкома ВКП(б)...

Повестка дня:

1. Рассмотрение решения нарсуда 27 участка по обвинению гражданина Рамазанова Аблая в сокрытии хлеба от хлебозаготовительной компании.

2. Рассмотрение решения суда об общественной машине находившийся у Аблая Рамазанова с 1922 года.

Постановили:

1. Решение нарсуда 27-го участка оставить в силе.

2. Решение нарсуда о взыскании 372 руб. (по 25 руб. за каждое лето с 1922-го по 1927 год) утвердить

Председатель – п/п.

Перевел Губайдуллин».

Үш күннен кейін 23 наурызда Төңкеріс болысының № 4 ауылының Қосшы одағының «Тендік», «Бірлік», «Орташа» бөлімшелерінің Қосшы одағының төрағасының қатысуымен өткен біріккен жалпы жиналысы өткен. Оның мәжіліс хаты мынау:

«Протокол общего объединенного собрания членов Союза Кошчи ячейки «Тендык», «Бирлик», «Орташа» аула № 4 Тонкерейской волости с участием председателя волостного Союза кошчи. Всего присутствовало 58 человек.

На собрании некоторые член ячейки Кошчи дали оправдательные документы Рамазанову Абылаю.

Постановили:

Выданные Рамазанову оправдательные документы считать недействительными, в корне неверными. Лиц, сознательно поддержавших Рамазанова исключить из Союза Кошчи. Всех членов семьи Рамазанова старше 18 лет лишить права избирать, о чем просить Президиум Волисполкома».

Қосшы одағының бұл қаулысын алғаннан кейін Волисполком мынадай қаулы қабылдаған:

«Постановили: Заседание ВИК-а считает правильными материалы и показания на Аблая Рамазанова. Просить уездные, губернские Административные отделы о высылке его за пределы Казахстана.

Подписи: председатель, секретарь».

Ал ОГПУ-дың Петропавл округтік бөлімі сол жылғы 27 тамызды мынадай қаулы қабылдапты:

«Постановление Окр. отдела ОГПУ от 27 августа 1928 г.:

Рамазанова Аблая, как полуфеодала, состоявшего в 1927 г. под следствием по ст. 60 УК редакции 1926 г. и отбывшего в 1928 г. по другому делу срок наказания с конфискацией части

имущества в вышеуказанных преступлениях считать виновным и предъявить ему обвинение по ст. 58–2 и 58–10 УК, о чем объявить ему, Рамазанову и уведомить Прокурорский надзор.

Помощник уполномоченного ВС – Губайдуллин.

Согласен. Ст. уполномоченный ВС – Валиев.

Утверждаю. Начальник Окр отдела ОГПУ – Валиниэк.

Постановление мне объявлено:

Подпись Аблая арабским шрифтом».

Сірә, осыдан кейін Абылай елден кетіп қалған көрінеді. Оны мына құжаттан байқаймыз:

«Постановление 13 ноябрь 1928 г. г. Петропавловск.

Я, старший уполномоченный Петропавловского окружного отдела ОГПУ Валиев рассмотрел дело № 119 на гражданина Аблая Рамазанова... Рамазанов Аблай, будучи заранее осведомленным о предстоящем его аресте, скрылся от следствия и суда, о котором объявлен розыск, а потому руководствуясь статьей 205 УПК,

Постановил:

Настоящее дело № 119 до обнаружения обвиняемого дальнейшим производством приостановить, о чем сообщить Прокурорскому надзору.

Старший уполномоченный – Валиев.

Утверждаю – начальник окротдела ОГПУ – Валиниэк».

Енді Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде сақталған кәмпеске жөніндегі партия, комсомол, кеңес органдарының құжаттарына көз жүгіртейік:

Шамасы КазЦИК пен СНК 1928 жылғы 27 тамыздағы қауылысы шықпай тұрып-ақ Өлкелік партия комитеті Округтерге «үні бұрын тапсырыс беріп қойса кеоек. Оны мына құжаттардан байқауға болады:

«Выписка из Резолюции Бюро Петропавловского окружного комитета ВКП(б) «О подготовленных мероприятиях по

конфискации и выселению крупного байства из аула» (Приложение к Протоколу бюро № 5 от 14 августа 1928 г.).

Придавая громадное политическое значение предстоящей кампании по конфискации и выселению крупного байства и считая необходимым осуществление этого мероприятия в течение осеннего периода, предложить всем райкомам ВКП(б) поставить этот вопрос в центре внимания всей партийно-советской общественности аула и деревни. В качестве практических мер предлагается:

1. Всем парткомам Каз. районов сейчас же развернуть работу среди широких батрацко-бедняцких и середняцких масс аула, увязывая ее (работу) с практическими мероприятиями и привлекая к этой работе наилучшие силы аульного актива.

2. Предложить райкомам ВКП(б) усилить работу по выявлению крупного байства и других социально-вредных элементов аула и принять меры пресечения раздела и перегона баями, скота...

... 4. Для проведения намеченных мероприятий признать необходимым срочную посылку уполномоченных Окружкома из расчета по одному на район.

... 9. Поручить т. Исакову (Ответственному секретарю Окружкома) в развитие этого Постановления в суточный срок написать директивное письмо райкомам ВКП (б).

Секретарь бюро ОК ВКП (б) – Уразумбетов».

// ГАСКО. Ф.5. Оп.1. Д.16. ЛЛ. 18–19.

Ондай хат жазылып аудандарға жіберілген. Хаттың қысқаша мазмұны мынадай:

«Выписка из письма Петропавловского окружкома всем районам ВКП(б) от 17 августа 1928 г. Совершенно секретно.

... Натсоящее письмо имеет целью разъяснить о практических подготовительных мероприятиях, связанных с предстоящей конфискацией... ОК ВКП(б) предлагает:

1. Придать более конкретно-практический характер проводимой подготовительной работе, мобилизуя вокруг нее всю партийную общественность.

2. Усилить руководство над советскими, косшинскими организациями, подчиняя их деятельность задачам предстоящей кампании.

3. Составить ориентировочный план работы по конфискации, список лиц, подлежащих конфискации и обеспечить охрану их имущества до опубликования декрета.

Ответсекретарь ОК ВКП(б) — Искаков».

// ГАСКО. Ф. П. Оп.1. Д.16. ЛЛ. 20–24.

Мұндай қауырт жұмыстан партияның сенімді көмекшісі Комсомол да сыртта қалмайды. Сол 17 август күні Петропавл округтік партия комитетінің тағы бір жауапты хатшысы Булачин комсомолдың барлық аудандық комитеттеріне нұсқау хат жіберген // ГАСКО. Ф. 5 П. Оп.1. Д. 155. ЛЛ. 12–13.

Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен Халқ Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы қаулысы шыққан күннің ертеңіне – 28 тамызда Петропавл округтік партия комитетінің бюросы мынадай қаулы қабылдайды:

«Постановили: Директиву Крайкома ВКП (б) о проведении конфискации имущества принять к руководству:

1. Считать необходимым создание комиссии при Окружном исполкоме под председательством заместителя председателя Окружного исполкома т. Бураева, с замещением тов. Залогиным и в составе членов: ОкрЗУ — Бекенова, Окр. отд. ОГПУ — Ватинизк, ОкрСоюза Косшы — Жолтаева, Окр. отд. райземлеса — Кадырбаева и с совещательным голосом — председателя прокуратуры т. Саттыгулова с замещением его заместителем...

2. Поручить т. Искакову и Телелеву в развитие прежнего письма составить директиву райкомам на основе решения Крайкома...

Секретарь Бюро ОК ВКП(б) — Уразумбетов.

// ГАСКО. Ф. 5 П. Оп.1. Д.16. ЛЛ. 55–56.

Арада 5 күн өткесін Петропавл округтік партия комитетінің бюросы тағы жиналады. 3 қыркүйекте болған бұл бюроның шешімі мына құжатта көрсетілген:

«Выписка из Резолюции Бюро Петропавловского ОК ВКП(б) по обсуждению письма Крайкома о конфискации (Приложение к Протоколу бюро № 11 от 3 сентября 1928 г.):

3. Считать необходимым созыв широких районных батрацко-бедняцких конференций с 10 по 20 сентября, поручив ОРГО в двухдневный срок проработать директивные указания местам о проведении таковых.

6. Считать необходимым посылку уполномоченных окружкома с 5-го сентября из числа окружного актива 11 казахских работников и 7 европейских.

9. АПО на основе директив и обращений Крайкома и других Краевых органов обеспечить освещение в печати значение и ход работы по данной кампании.

Секретарь Бюро Петропавловского ОК ВКП(б) — Уразумбетов».

// ГАСКО. Ф. 5 П. Оп.1. Д. 15. ЛЛ. 123–124.

Мемлекеттік өкіметтің жергілікті органдары үшін байлардың шаруашылығын кәмпескелеу (тәркілеу) туралы басшылыққа алған құжат Қазақ АКСР ОАК пен ХКК-ның 1928 жылғы 27 тамыздағы Қаулысы болды. Онда атап айтқанда былай делінген:

«1. Қазақ АКСР-інде...өздерінің жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық қатынастарын сақтаған, өздерінің мүліктік әрі қоғамдық ықпалымен ауылды советтендіруге кедергі жасап отырған жергілікті халықтан шыққан неғұрлым ірі мал иелері жер аударылсын.

2. Осы қаулының 1-ші бабына сәйкес жер аударылуға жататын адамдар, олардың отбасылары өздерінің бұрыңғы шаруашылық қызметін жүргізген аудандарда тұру және шаруамен айналысу құқығынан айырылсын...»

Бұдан әрі ірі мал иелеріне – байларға кімдер жататынына, лардың малының саны қанша болу керектігіне түсініктеме ерілді. Байларға: көшпелі аудандарда – 400-ден аса (ірі қараға септегенде), жартылай көшпелі аудандарда – 300-ден аса, тырықшы аудандарда – 150-ден аса малы барлар жатқызылды.

БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің тиісті директивалары 928-жылғы 3 қыркүйекте партияның Петропавл окружко-ының бюро мүшелеріне тапсырылды. Науқан уақыт жағынан те тығыз өткізілуі тиіс болды, өйткені Республика басшылығы революциялық шабуылдар өте қысқа мерзімде өткізіледі» еген нұсқау берген.

Осыған сәйкес БК(б)П окружком бюросы қабылдаған қарарда айлардың дүние мүлкін кәмпескелеудің жоспарын тез арада жасау. Ал тиісті комиссияға-кәмпелескенген мүлікті бөлудің әртібін белгілеу тапсырылды.

Ал, сол жылғы 6-шы қыркүйекте Петропавл округтік Атқару омитетінің Президиумы мынадай қаулы қабылдады:

«1. Принимая во внимание особую важность работы по онфискации крупных байских хозяйств и по выселению аев, для проведения этой кампании в Каз. районах выделить полномоченных окрисполкома: т. Искакова в Кокчетавский айон..., т. Кожмухаметова – Тонекерейский, т. Даньярова – в зылжарский район (басқа аудандарға да осындай уәкілдер елгіленген. – Қ. М.), назначив их председателями районных омиссий по проведению конфискации и возложив на них рганизацию последних, соответственно пункту 10 инструкции ЦИК и СНК.

2. Декрет КЦИК и СНК о конфискации опубликовать во всех естных газетах.

3. Поручить рабочему аппарату Окрисполкома на основе декрета и инструкции КЦИК и СНК составить и разослать азРИКам и аулсоветам Директивное письмо о практическом роведении конфискации.

5. Поручить Окркомиссии в недельный срок представить на утверждение Президиума Окрисполкома список хозяйств Петропавловского округа, подлежащих конфискации, а владельцев их – высылке.

6. Подтвердить Постановление Окркомиссии от 5 сентября 1928 г. (Протокол № 1, § 2) в части поручения ОкрЗУ, Селкред-союзу, Окроно, Окрторготделу о проработке мероприятий по использованию конфискованного имущества.

11. Ввиду того, что Актюбинский округ частично смежен с Петропавловским и что между баями обоих округов издавна существует родовая связь, просить КЦИК назначить местом высылки баев из Петропавловского округа – Уральский, а не Актюбинский округ.

Председатель – Залогин.

Секретарь – Чуйкин».

// ГАСКО. Ф. 195. Оп.4. Д.102. Л.27.

Петропавл округтік Атқару комитетінің 1928 жылғы 21-ші қыркүйекте өткен отырысында (Протокол № 7) кімпескеленіп, жер аударылатын байлар туралы мынадай қаулы қабылданған:

«2. Всех вышеупомянутых лиц (тізім 22 қыркүйектегі қаулыда), а равно и их семейства выселить в Актюбинский округ КССР, предоставив им двухнедельный со дня объявления им о выселении и во всяком случае не позднее срок не позднее 15 октября срок для переселения в вышеуказанную местность. Если в указанный срок означенные лица и их семейства не покинут пределы округа, произвести выселение их в принудительном порядке через органы ГПУ и рабоче-крестьянской милиции.

4. За неподчинение Постановлению КЦИК и СНК от 27 августа 1928 г. о выселении и конфискации, а также всем изданным в развитие и разъяснение его постановлениям и инструкциям, за сопротивление, а равно и за организацию сопротивления против конфискации и выселения и за все другие виды

противодействия этим мероприятиям, виновных лиц подвергать уголовной ответственности с высылкой за пределы Казахстана.

Зам. предокрисполкома — Бураев.

Секретарь — Чуйкин».

Аз уақыттың ішінде аталған қаулының 5 – ші пунктіне сәйкес Петропавл округтік Атқару комитетіне кәмпелескенетін байлардың тізімі түсіп, бекітіледі. Оны осы Атқару комитеттің 22 қыркүйектегі № 10 Протоколынан көреміз. Онда былай деп жазылған:

1. «... Утвердить следующий список баев, подлежащих выделению вместе с их семьями из пределов Петропавловского округа с конфискацией всего имущества, связанного с сельским хозяйством:

а) Согласно ст. 1 Постановления КЦИК и СНК от 27 августа 1928 г.

10. Альтиева Садвакаса — аул № 2 Тонкерейского района.

11. Арбабаева Абдира — аул № 3 — // — — // — — — // — — — // — — —

12. Рамазанова Аблая — аул № 4 — — // — — — // — — — // — — — // — — — // — — —

14. Макинова Мухамеджана — аул № 12 Октябрьского района

15. Джумабаева Ахмеджана аул № 6 Бейнеткорского района

19. Нурпеисова Мухаметгалия аул № 1 Кызыл-Аскерского района

б) согласно ст. 5 Постановления:

3. Кушкенова Джакупа ул № 2 Тонкерейского района.

2) Поручить рабочему аппарату Президиума Окрисполкома в развитие этого решения, издать особое постановление, опубликовав его в местной печати.

Председатель — Залогин.

Секретарь — Чуйкин».

// ГАСКО. Ф. 195. Оп.4. Д.102. Л. 39.

Петропавл Округтік Атқару комитетінің 1928 жылғы 10 қазанда өткен отырысында (Протокол № 13) ОГПУ-дың Петропавл округтік бөлімінің бастығы Валиниэктің баяндамасы бойынша мынадай қаулы қабылданыпты:

«2. Применить примечание 2-е к ст. 1-й Декрета КЦИК от 27 августа 1928 г. к следующим байским хозяйствам:

по Октябрьскому району: 1) Мужикова Нуралы, 2) Маканова Мухамеджана,

по Тонкерейскому району: 9) Арбабаева Садвокаса, 10) Рамазанова Аблая, 11) Альтиева Садвокаса,

по Бейнеткорскому району: 13) Джумабаева Ахметжана,

по Кызыл-Аскерскому району: 18) Нурпеисова Мухаметгалия.

По телеграфу возбудить ходатайство об утверждении данного постановления.

Председатель — Молдажанов.

Секретарь — Батырбеков».

Петропавл округі бойынша жүргізілген науқанның нәтижесінде 1928 жылғы 1 қазанның өзінде 34 шаруашылық бойынша (27-сі жартылай көшпелі, 7-і отырықшы) 9292 мал (жылқы, сиыр, түйе, қой-ешкі), қозғалматын мүлік, соның ішінде 41 үй, 37 киіз үй, 38 сарай, 33 ат қора, 119 ауылшаруашылығы құрал-жабдықтары, 125 көлік құралдары (шана, бричкалар, арба, т. б.), 79 кілем, 86 киіз текемет, 12 күміс қасық, т. б. кәмпескеленген.

Кәмпелескеген жалпы малдың 5 мың басқа жуығы жалшылар мен кедейлер, сондай-ақ ұжымдық шаруашылықтар және артельдер арасында бөлінген.

Солтүстік Қазақстан облысының Мемлекеттік архивіндегі // Ф.5. Оп.1. связка 12. Д.156. ЛЛ. 32–33) құжатта кәмпескеге ілегіп, жер аударылуға кесілген жерлеріміз туралы мынадай мәліметтер келтірілген:

«По Тонкерейскому району:

Альтиев Садвокас — категория выселения I-я.

Имеет 300 голов разного скота. (78 лошадей, 38 голов КРС, 130 баранов и коз, 2 брички, 2 сенокосилки, 1 лобогрейку, 1 плуг, 1 грабли, 1 ходок. Содержит двух батраков. Проживает в ауле № 2 Тонкерейского района. 40 лет, 5 человек членов семьи. При царизме был несколько лет волостным управителем. До революции имел до 1500 голов одних лошадей... Был грозой населения. При Колчаке имел тесное общение с Алашордой. Активный руководитель организации добровольческих отрядов повстанцев 1921 г. С целью укрытия от конфискации своего скота раздает таковой бедноте.

Рамазанов Абылай — категория выселения I-я.

Имеет 30 лошадей, 30 голов КРС, 60 баранов и коз, 1 плуг, 1 сенокосилку, 1 грабли, 3 ходка, деревянный дом с надворными постройками, 2 юрты, содержит двух батраков. Проживает в ауле № 4 Тонкерейского района.

45 лет. Имеет две жены. Семья состоит из шести человек. Активный алашординец, инициатор и организатор добровольческого отряда повстанцев в 1921 году. Командовал отрядом в 400 человек. Выступал против коммунистического отряда Ковалева. Среди населения пользуется большим авторитетом и уважением, как умный человек. Отношение к Советской власти враждебное, неоднократно замечен в антисоветской агитации...

Начальник Петропавловского окротодела ОГПУ — Валиниэк.

Ст. уполномоченный — Валиев.

10 сентября 1928 г.»

Осы құжат Өлкелік комиссияда бекітілді деген белгі жазылыпты.

Біз 2000 жылғы май айында Алматыдағы Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатын (архивін) қарағанымызда, мынадай құжатты көрдік:

«Фонд 135, опись 1 (1928–1929 гг.) Центральная Комиссия по конфискации имущества и зачисление баев-феодалов при ЦИК КазАССР. Связка 24. Дело по конфискации имущества и

выселении бая 4-го аула Тонкерейского района Петропавловского округа Рамазанова Аблая. 18.09.-20.09.1928 г.»

Бұл құжатта, әрине, жоғарыда келтірілген мәліметтер қайталанатыны. Сондықтан оларды толық қайта келтірудің реті жоқ. Бұл жерде айтпағымыз: жергілікті органдардың осы кәмпескелеу ісінің құжаттарын жедел түрде орталық комиссияға жеткізіп отырғандығын көрсету.

Абылайдың халыққа зияны болмаған. Ауқатты шаруасы болса, оны өзінің еңбексүйгіштігімен, саудамен, етінің тірлігімен жинаған. Ол әрқашан кедейлерге, жетім-жесірлерге қарып-қасерлерге көмектесіп отырған. Сондықтан халық алдында ол аса беделді адам болған. Мұны сол 1928 жылғы 23 мартта өткен 4-ші ауылдың Қосшы одағының 58 кісі қатысқан жалпы жиналысынан да аңғаруға болады. Осы жиналыста Қосшы одағының бірсыпыра мүшесі Абылайды ақтап сөйлеген. Бірақ Одақтың басшыларының ықпалымен жиналыс көпшілік дауыспен олардың сөзін қабылдамайды да, Абылайды жер аударуды жоғары орындарынан сұрау туралы қаулы қабылдайды.

Осыдан кейін 1928 жылы 27 августа (дәл осы күні байларды кімпелескен, жер аудару туралы Қазақ ССР үкіметінің қаулысы да жарияланған) ОГПУ-дің Петропавл округтік бөлімі Абылайға жабылған кінәларды жақтап, оны қылмыстық Кодекстің 58–2 және 58–10 баптары бойынша айыптауға шешім шығарады. Шешіммен танысқаны жөнінде Абылайға қол қойдырып алады. (Ол араб әріптерімен қол қойыпты — Қ. М.).

Басына қауіп төнгенін сезген Абылай, әрине, қарап отырмайды. Сол кезде Благовещенкода қызметтен шығарылып қалған баласы Сұлтанға бұл жерден кет деп кеңес береді. Өзі де үйдегі інісі Мұхаметжанға отбасын тапсырып, қажетті кеңесін айтып, елден кетіп қалады. Қайда кеткенін ешкім білмейді. Мұхаметжан үлкен ағаш үйдің ішіндегі кейбір жиһаздарын, тағы басқа бағалы заттарды жақын жердегі Семиполканың орыстарына сатады.

Октябрь айының орта кезінде бұлардың қолына Ақтөбе округіне жер аударылғандары туралы қағаз беріледі. Қалған малын, үйлерін, ауылшаруашылық саймандарын кәмпескелейді. Малдың біразын орталыққа алып, біразын кедейлерге үлестіріп береді. Мұхаметжан, Бәтес, Көпей, Рабиға, Қармаш, Сопан, үш касқа аяқ басқан Үкітай, Сұлтанның әйелі 3 жастағы ұлы Бекет Макушин стансасынан поезға мініп Ақтөбеге жол тартады.

Күздің салқын күнінде бұлар Ақтөбеге келіп түссе, Абылай бұлардан бұрын келіп тұратын орын дайындап қойған екен. «Ақтөбеге айдауға бірнеше үй бардық — дейді Қармаш ақсақал, — Абылай, Мұхаметжан, Нүрпейіс қажы Алтыбаев, Мұхаметжан Макин, Әлтидің Садуақасы мен Сейтағы, Көшкенің Қақыбы, Арбабайдың Әбдірі отбастарымен. Ақтөбе Мешіттің қанында 7–8 бөлмелі үлкен үйде 20 шақты адам бірге тұрдық: Абылай, Бәтес, Көпей, Мұхаметжан, Рабиға, Қармаш, Сопан, Үкітай, Сұлтан, Зақот, олардың балалары Бекет, Зура. Бізбен бірге Әлтидің Садуақасы мен Сейтағы отбасыларымен тұрды. Олардан: Садуақастың әйелі Күлжамал, балалары Сәруар, Зағида, Қабиба, Мағиша, Сейтақтың әйелі Мәржама, балалары Сабыр, Сермағамбет».

Сірә, Абылай күні бұрын өздерін Ақтөбеге жер аударатынын білген. Сондықтан өзі де алдын ала осында келген, Сұлтанды да отбасымен алдырған. Абылайдың тағы бір ойлап тапқан жүйесі: Қармаштың айтуынша, ақшаны алаша тоқуға арналып жірген жіптердің домалақтарының ішіне тыққан. «Біз Ақтөбеге келгенде осындай екі қап домалақтаған жіптер болды, — дейді Қармаш қария. Солардан біртіндеп ақша алынады. Сондықтан тамағымыз аш болған жоқ. Әкелеріміз біраз қой сатып алды. Оны Сейтақтың Сабыры екеуміз бағамыз. Нан аздау болды. Орыс нанын жемейміз. Мешітке жақын бір пекарныйда бір күрік нан пісіреді. Біз нанды содан сатып алып тұрдық».

Сол кезде Ақтөбеде айдауда бұлардан басқа Ғаббас Тоғжановтың әкесі Садуақас, Балуан Шолақтың баласы Құдайберген

де болыпты. Соңынан сол Құдайберген Абылайды есіне алып: «көзі өткір, өзі жүректі, әрі әділ кісі еді» – деген көрінеді.

Бір айдан кейін Абылай, Мұхаметжан, Садуақас, Сейтақ отбастарымен Ақтөбеден 40–50 км Қаратоғай стансасының жанындағы Абыз деген ауылға көшеді. Сұлтан келгеннен Ақтөбеде Уполминзагте бухгалтер болып қызмет атқарды. Ол сол мекеменің есепқисап жұмысын жолға қойып, өте жақсы істеп беделді болды. Соңынан елге қайтар кезде тіпті оны жібергілері келмепті.

Абылайлар бұл жерде де жаман тұрмайды. Тұрмыстары жап-жақсы болады. Қармаштың айтуына қарағанда, Абылай ел жақтағы өзінің соңына түскен басшылардың біреуіне «Біз мұнда да жақсы жүріп жатырмыз» – деп хат жазса керек. Ол адам ОГПУге хабарласа керек. ОГПУ былай да Абылайды іздеп жүрген. Енді осындай хабар тигесін, Ақтөбедегі әріптестеріне хат жазады.

16.01.1929 г. Актюбинский окр. отдел ОГПУ

Копия – Петропавловский ОГПУ.

Петропавловский окр. отдел ОГПУ своим отношением от 26 ноября 1928 г. просил при появлении в Вашем округе выслеваемого от нас бая, находящегося в бегах Рамазанова Аблая, арестовать и этапом направить в наше распоряжение.

Начальник округа ОГПУ – Валиниэк.

Ст. уполномоченный – Валиев».

Бұл хатты алғаннан кейін Ақтөбе ОГПУ-ның округтік бөлімі де жай жатпайды. 1929 жылғы 11 мартта Абылайды тұтқындау туралы мынадай қаулы шығарады:

«Постановление. г. Актюбинск 11 марта 1929 г.

Я, старший уполномоченный ВО Актюбинского окротдела ОГПУ Ленский, на основании поступившей ко мне переписки Петропавловского окротдел ОГПУ № 4365/2 от 26.09.1928 г., в которой упомянутый окротдел ОГПУ потребовал ареста

ыселенного бая Рамазанова Аблая и направления его в распоряжение последнего.

Постановил:

Выселенного Рамазанова Аблая арестовать и направить в Якутский исправтруддом для отправки Рамазанова этапным порядком в распоряжение Петропавловского окротодела ОГПУ г. Петропавловск. Копии настоящего постановления препроводить Прокурору Округа, РСО АООО ГПУ — для сведения Начальнику ИТД — на исполнение.

Старший уполномоченный АОООГПУ — Ленский.

Утверждаю: начальник АОООГПУ — Хухарев».

Осы қаулыны қабылданғаннан кейін, сірә, Ақтөбе округінің ОГПУ бөлімі Петропавл округтік ОГПУ бөліміне хабарласа керек. Қармаштың айтуынша, 1929 жылғы 29 март күні Петропавл ОГПУ бөлімінің екі адамы келіп ордерін көрсетіп, Абылайға: Киініңіз, сізді Петропавлға этаппен алып жүреміз», — дейді.

Абылай: «Алла-ай, қыр сонымнан қалмадыңдар-ау! Өздерің ай елдің балалары боласыңдар. Бүгін үйде қонайын, ертең кетерсіңдер,» — деді. Олар бұған көніп, үйде бірге қонып алды. Ертеңіне тәнертең шанаға жирен қасқа атты жегіп Мұаметжан ағасы Абылай хажыны Ақтөбеге алып кетті. Олардың оңында түйенің шанасына мініп Абылайға келген екі кісі еріп етті. Абылай кетіп бара жатқанда молдалар биіктен азан айтып қатты — дейді Қармаш. Сөйтіп,

Бақ көшсе, ақылыңа қарамайды,
Жақсыны жаман адам табалайды
«Адам басы алланың добы» деген
Қайда айдаса сол жаққа домалайды,

— деп Шал ақын айтқандай, Абылай этаппен Петропавлға ттанды.

Петропавлда Абылайды еңбекпен түзеу үйінде (ИТД) қамауда ұстайды. 1928 жылғы 13 ноябрьде тоқтатылған Абылайды айыптаған № 119 істі қайта қозғау туралы 1929 жылғы 10 майда және 11 майда екі бірдей қаулы қабылданады. Сол жылғы 22 июньде Абылайды айыптау қорытындысы шығарылып, оны ОГПУ-дың коллегиясының бекітуіне жібереді.

Ал ОГПУ коллегиясының ерекше кеңесі (совещаниесі) сол жылғы 14 сентябрьдегі қаулысымен Абылайды 1929 жылғы 11 марттан бастап 3 жылға Сібірге жер аударуға шешім қабылдайды:

«Постановление 10 мая 1929 г. Город Петропавловск.

Я, помощник уполномоченного ВС Петропавловского окротадела ОГПУ Губайдуллин, рассмотрев переписку Актюбинского окротадела о препровождении разысканного Рамазанова Аблая,

Постановил: В отношении обвиняемого Рамазанова Аблая меру пресечений – содержание под стражей при Петропавловском ИТД, – оставить в силе, о чем объявить обвиняемому и уведомить прокурорский надзор.

Губайдуллин – помощник уполномоченного ВС

Согласен: ст. уполномоченный – Валиев.

Утверждаю: Начальник окротадела ОГПУ – Валиниэк».

«Постановление 11 мая 1929 г. Петропавловск.

Я, помощник уполномоченного ВС Петропавловского окротадела ОГПУ Губайдуллин, рассмотрев сего числа Дело № 119 по обвинению Рамазанова Аблая в совершении преступных деяний...

Постановил:

Рамазанова Аблая 57 лет, казаха, подданного КССР, грамотного, беспартийного, бывшего активного члена партии «Алаш», женатого, имеющего две жены, хаджия, в царской и Красной армиях не служившего, происходившего из знатного рода «Кушебе-Кирей», скотовода аула № 4 Тонкерейского района, Петропавловского округа, согласно Декрета КазЦИКа от 27

августа 1928 г., как полуфеодала, состоявшего в 1927 г. под следствием по статье 60 УК редакции 1926 г. и отбывшего в 1928 г. по другому делу срок наказания с конфискацией части имущества в вышеуказанных преступлениях считать виновным и предъявить ему обвинение по статьям 58–2 и 58–10 УК, о чем объявить ему, Рамазанову и уведомить Прокурорский надзор.

Помощник уполномоченного ВС – Губайдуллин.

Согласен, старший уполномоченный ВС – Валиев.

Утверждаю, начальник окротдела ОГПУ – Валиниэк».

Осы қаулының соңына Абылай «Постановление мне объявлено» деген сөздерден кейін араб әріптермен қолын қойыпты.

Бұған кейін 1929 жылғы 22 маусымда ОГПУ-дың Петропавл округтік бөлімі мынадай құжат қабылдайды:

«1929 года 22 июня г. Петропавловск.

Обвинительное заключение по следственному делу № 119.

Постановил:

Следственное дело № 119 по обвинению Рамазанова Аблая, 57 лет..., полуфеодала согласно Декрета КазЦИК от 27 августа 1928 г., высленного из пределов Петропавловского округа и проживающего в ауле № 12 Елецкого райоан Актюбинского округа, в 1927 г. состоявшего под следствием по статье 60 УК реадкции 1922 г. и в 1928 г. отбывшего срок наказания по другому делу – за злостную задержку хлебных излишков, в совершении им преступных деяний, предусмотренных статьями 58–2 и 58–10 УК и руководствуясь приказом ОГПУ № 172 от 2 апреля 1924 г. направить через П. П. ОГПУ по КССР для внесудебного рассмотрения в Особое совещание при Коллегии ОГПУ.

Избранную Постановлением от 10 мая 1929 г. меру пресечения по отношению обвиняемого Рамазанова Аблая, находящегося в Петропавловском ИТД – оставить в силе, перечислив содержанием за Коллегией ОГПУ.

Обвинительное заключение представить на утверждение начальнику Окротдела ОГПУ.

Помощник уполномоченного ВО – Губайдуллин.

Утверждаю. Зам. начальника окротдела ОГПУ – подпись».

Осы құжатты алғаннан кейін округтік прокуратура мынадай қаулы қабылдайды:

«С заключением ОГПУ согласиться и настоящее Дело представить на Коллегию ОГПУ на всесудебное рассмотрение.

Врид окружного прокурора – Новиков».

Ал ОГПУ-дың коллегиясының айрықша кеңесінің сол 1929 жылғы 14 қыркүйектегі қаулысында былай делінген:

«Выписка из Протокола Особого совещания при Коллегии ОГПУ от 14 сентября 1929 г.

Постановили:

Рамазанова Аблая, содержащегося в Петропавловском ИТД, направьте в распоряжение ПП ОГПУ по Сибири для отбывания назначенного срока ссылки.

Вр. нач. РСО – Торопин».

Сол 1929 жылғы октябрьде Алматыдан Петропавл ОГПУ бөліміне тағы мынадай құжат келеді:

«Лит. «А»

ОГПУ

Х-1929 г.

№ 161/А

Алма-Ата

Петропавловскому окротделу ОГПУ г. Петропавловска

Копии: ПП ОГПУ по Сибири – г. Новосибирск

ОЦР ОГПУ – г. Москва

На № 393~<125

На основании Постановления ОС при Коллегии ОГПУ (копия выписки из Протокола от 14 сентября сего года прилагается), содержащегося под стражей в Петропавловском ИТД гражданина Рамазанова Аблая направьте в распоряжение ПП ОГПУ по Сибири для отбывания назначенного срока ссылки.

Об исполнении сообщите в ОЦР ОГПУ и копией нам. Приложение — упомянутое.

Вр. нач. РСО — Торопин

Регистратор — Арефьев».

Сөйтіп Абылай Сібірге айдалады. Онда Омбы облысының Иконников ауданындағы Калачинск стансасына орнықтырылады. Абылай ол жерде де бос қарап отырмайды, шорник болып істейді.

Бұл кезде оның бүкіл отбасы әлі Ақтөбе округінде болатын. 1929 жылғы жазда Мұхамеджан мен Садуақас екеуі Ақтөбеден 2 пар өгіз сатып әкеліп, тұқым сатып алып бидай егеді. Егін жақсы шығып күз әжептәуір өнім береді. Бірақ бұлар енді ел жаққа жақындағанды тәуір көреді. Ақыры 1930 жылдың басында Мұхаметжан, Сұлтан отбасыларымен ел жаққа қайтады.

Бұларды Макушино стансасында Бақының Сауыты қарсы алып сол маңайда өзі тұратын Золото деген селоға апарып күтеді. Бұлардың Абылаймен туыстығы былай келеді: Мәмбеттен — Алдаберген. Алдабергеннен — Бақы, Жаулы, Майлы, Жаныс, Мұсайт. Бақыдан — Сауыт. Майлыдан — Рамазан, Имақ, Жамақ. Жамақтан — Абылай, Мұхаметжан. Сонда Сауыт жолына қарағанда Абылай мен Мұхаметжанның немере әкесі іспетті.

Бұлар келгенде Сауыттың Мұстапа деген баласы Калачинскийдегі Абылайдың жанында екен. Абылайға серік болсын, көмектессін деп Сауыт оны әдейі жіберіпті. Мұстапа ол кезде 18–20-лар шамасындағы жас жігіт. Мұхаметжан отбасымен сол Сауыттың үйінде 3–4 ай тұрады. Сұлтан Макушин совхозында бухгалтер болады. Бәтес, Көпей, Үкітайлар да Сұлтанмен бірге. Сұлтан Калачинскийдегі Абылайға бірнеше рет тамақ апарып барып келеді. Абылайдың сол кездегі өжеттігін көрсететін мынадай оқиға болыпты. Сол Калачинскідегі Абылай тұрған үйдің қорасына бір қасқыр кіріп кеткен екен. Оны Абылай сойылмен соғып алыпты.

1931 жылғы марттың ортасында Абылай хажы айдаудан босап Макушинде отырған бізге келді — дейді Қармаш. Үйде біраз демалады. Сол кезде азғана бидай ұрлағаны үшін Бірімжанның Зікіриясын Петуховодағы түрмеге қамап қойған екен. Мұны естіген Абылай үйде шыдап отыра алмайды. Қайткенде де оны түрмеден босатып алуды ойлайды.

Зікірия ағайын болатын. Алдабергеннен Майлы, Мұсайт туса, Майлыдан — Жамақ, одан — Абылай. Ал Мұсайттан — Көшер. Одан — Бірімжан. Бірімжаннан — Зікірия. Енді осы Зікірияны босату үшін Абылай Петуховода тұратын жиені Қарабалин Сәйпидікіне барады. Өзі сол үйде жатып, Сәйпиді Зікірияны ебін тауып түрмеден шығарып алып келуге жұмсайды. Әрине, қалай алып шығудың әдістерін үйретіп жібереді.

Ақыры Сәйпи Зікірияны алып келеді. Оны тамақтанырған кейін Абылай оған жөн сілтеп басқа жаққа аттаныдырып жібереді. Содан кейін поезбен Макушиндегі үйге келсе, үйдің жанында көп халық, жұрт у-шу.

Абылайлар тұрған үйдің жанында бір орыс кемпір мен шал тұрады екен. Біреулер сол шалды өлтіріп, екі атын алып кетіпті. Жұрт соған жиналып қалған екен. Сол кезде келе қалған Абылайды көре сала Катька (шын аты Қадиша) деген бір әйел: «Шалды өлтіріп аттарын алып кеткен мына кісі», — деп Абылайды көрсетеді. «Ол, сірә, біреулердің атуымен әдейі пәле жапқан болуы керек» — дейді Қармаш ақсақал.

Сол жерде болған екі милиционер ай-шайға қарамай, еш нәрсенің байыбына бармай Абылайды Петуховоға қайта алып кетіп түрмеге жабады. Кешке Макушин совхозында бухгалтер болып істеп жүрген Сұлтан үйге келсе, үйдегілер: «Әкенді милиция өтірік жаламен Петуховоға алып кетті ғой», — деп жылайды. «Олары заңсыз, мен қазір барып босатып әкелейін», — деп, Сұлтан Петуховоға милицияға барады. Милиция онымен сөйлеспестен: «Сен де қылмыскерсің», — деп өзін де қамайды. Сөйтіп әкелі-балалы екеуі де қамалады. Екі-үш күннен кейін

екеуін Петропавл қаласына жөнелтіп, сондағы әйгілі ақ түрмеге отырғызады. Абылай інісі Мұхаметжанға: «Сен мұнда көрінбе, сені де жауып тастар!» — деп сәлем айтып жібереді.

Олар мұнда біраз отырып қалады. Бұларға Қызылжардағы Абылай үйіне түсіп жүрген Мәлике деген әйелдің Ғалия, Әмина деген қыздары және Хамидуллин Қайролла мен әйелі Майра тамақ апарып тұрады.

Бір күні бұлардың камерасына атақты барымташы Адырбац деген ұрыны отырғызады. Адырбай Атығай руынан, өзі қазіргі Шал ақын ауданындағы Кеңес ауылының тумасы. Совет заманында сотталып кеткен. Кеңесте ұрпақтары болуы тиіс. Адырбай Абылайды бұрыннан біледі екен. Сәлем беріп, амандық-саулық сұрасқаннан кейін Адырбай: «Апырау, хажеке, сізді біржола босап келді деп естіген едім, мұнда қалай отырдыңыз?» — деп сұрайды.

Абылай мен Сұлтан болған жайды түгел айтып береді. Сонда Адырбай: «Мен ол ұрыларды білемін. Шалды өлтіріп аттарын алып кеткен солар. Оларды табуға болады, тергеуші шақырт», — дейді Сұлтанға. Сұлтан түрменің басшыларына айтып, өзіне таныс Губайдуллин деген тергеушіні алдыртады. Ол істің мән-жайын білгесін және Адырбайдың айтуынан ұрылардың қандай адамдар екенін біліп алғаннан кейін шұғыл жүріп кетеді.

Тергеуші Губайдуллин Лебяжье стансасына келіп сонда ұрланған ақ бақай қара биені танып, ұрлаған екі жігітті тұтқынға алып, алдымен Лебяжьеге қамап, одан кейін Қызылжардың ақ түрмесіне жаптырады. Олар шалды өлтіріп, жылқысын ұрлағандарын мойындарына алады.

Бірақ бұл кезде Абылай ауырып қалады. Оның басы, көзі ісіп кетеді. Оның көзінің астынан үлкен ісік (рак) пайда болады. Сосын оны түрмеден шығарып ауруханаға салады. Ол ауруханада жатқанда оған Хамидуллин Қайролла мен оның әйелі Майра және Мәликенің қыздары барып тұрады. Бір күні Абылай хажы Майраға шайға салып ішетін лимон әкеп берші

деп тапсырады. Майра бүкіл қаланы аралап, әрең дегенде бір лимон тауып алып, ыстық шацмен береді. Хажы рахметін айтып сүйсініп ішеді.

Бірақ айналдырған ауру өзі де қажыған адамды алмай қоймайды. 1931 жылы қыркүйек айының аяқ кезінде абзал азамат дүние салады. Бұл кезде Сұлтан әлі ақ түрмеде отырған. Қайролла Хамидуллин барып оны түрменің бастығынан бір күнге әкесін жерлеуге сұрап алады. Сұлтан бұдан кейін бір айдасын ғана бір жола босап шығады.

Хажыны үйге алуға бермегесін сол ауруханада арулап, татар молласына жаназасын жасатады. Жерлеуге Бәтес пен Сұлтанның әйелі Зақот кешігіп келеді. Хажыны қазіргі қалалық парктің шетіндегі мұсылман зиратына жерлейді. Жерлесуге қатысып топырақ салғандардың ішінде Асылбеков Шәріп (атығай, қазіргі Ақ қайын ауданынан), Мағжан Жұмабаевтың жездесі Хасенбай (Бекеннің қарындасын алған)... тағы басқа таныс қазақтар мен татарлар қатысады.

Абылай ағасының қайтыс болғанын естігенде, Сосновка селосында (Түмен облысы) тұратын Мұхаметжан боздап жылапты. Содан көп ұзамай ол 1932 жылғы мамыр айында қайтыс болады.

МҰХАМЕТЖАН

Абылайдың інісі Мұхаметжан Жамақұлы ағасынан екі жас кіші болған. Ол 14 жасқа келгенше молалдан оқыпты. Абылайдың жаздырып алып отыратын «Айқап» журналын, «Қазақ», «Жас азамат», «Сары-арқа» газеттерін, құранды және әртүрлі қиссаларды көп оқыған. Бірақ ол да намаз оқымаған. Ол, әсіресе, «Еміне ғарпи тәйбия» деген кітапты ұнатып оқиды екен. Мұхаметжан Абылайдай емес жуас кісі болыпты. Ол көбінесе ағасының айтқанын орындап, сол үлкен үйдің шаруашылығына бас-көз болып жүрген. Абылайға, жеңгелеріне ешқашан қарсы келмеген. Шаруашылықты жақсы білген. Газет-журналдарды ұзбей оқып тұрғандықтан әрі Абылайдың әңгімелерінен елде және дүние жүзінде болып жатқан жағдайларды жақсы білген. Өзінің білгендерін әңгімелескен кісілерге айтып отыруға тырысқан. Бұл жағынан ол ағасындай сақтық жасауды білмеген (Сәбеңнің байқауынша).

Мұхаметжанның әйелі Рабиға қазіргі Шал ақын ауданындағы Кеңестен («Шоқат ауылы») екен. Мұхаметжан кәмпеске кезінде өздері тұрған үйдің бірсыпыра жиһаздарын ептеп Семиполканың орыстарына сатады. Жер аударған кезде Абылай да, Сұлтан да үйде болмаған. Сондықтан отбасының барлық жанын басқарып Ақтөбеге аман-есен алып барған да осы Мұхаметжан еді. Ақтөбеде де ол үлкен отбасының шаруашылығын ағасымен бірге басқарады. 1929 жылғы мартта Абылайды этаппен Қызылжарға алып кеткенде де Мұхамеджан отбасына ие болады. Ол тіпті 1929 жылы көктемде егін егіп, күзде жинап астық алады. Сол жылдың аяғында 1930 жылдың басында отбасын алып Макушинге дейін алып келеді. Сол жерде бұларды Сауыт қарсы алып, өзі тұрған Золото селосына апарып біраз күтеді.

Сұлтан Макушин совхозында бухгалтер болып Макушиннен үлкен пятер үй алғасын, барлығы сонда тұрады. Абылай мен

Сұлтанды 1931 жылғы жазда қайта жазықсыз Қызылжар түрмесіне жапқанда, Мұхаметжан отбасымен көп қиыншылықтар көреді. Ақыры жиендері Сәйпи Қарабалин оны өз отбасымен (әйелі Рабиға, жас балалары Қармаш, Сопанмен) 1931 жылғы күзде Сосновка селосына, сонда отырған ағайындарының қасына жібереді.

Өмірдің талай қиыншылығын көрген Мұхаметжан мұнда ауруға шалығады. Осы Сосновкада тұрғанда ол сүйікті ағасы Абылайдың Қызылжар ауруханасында қайтыс болғанын естіп жылайды. Өзі ауырып жатқан оның басқаға шамасы келмейді. Ақыры ол 1932 жылғы май айында сол Сосновкада қайтыс болады. Сол маңайдағы қазақ зиратында жерленеді. Артында әйелі Рабиға, 12 жасар ұлы Қармаш пен 10 жасар ұлы Сопан қалады.

ӘБУРАЙРА ЖҰСЫПҰЛЫ

Бәтес бәйбишенің інісі, өзінің балдызы Әбу (шын аты Әбурайра) Жұсыпұлымен Абылай өте жақын сыйлас болған. Ол өзінің таныстары арқылы Әбуді Уфаның атақты «Ғалия» медресесіне түсіріп оқытқан, оның ұстаз болуына да көмектескен. Әбу өзі де дарынды, талантты адам, ол орыс, қазақ, араб, түрік, парсы тілдеріне жетік, шығыс, батыс әдебиеттерін, орыс әдебиетін жақсы білген. Ол қазақтың Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты зиялыларының қазақ ұлтына автономия әперу қажеттілігі туралы идеясын жақтаған, Алаш партиясының мүшесі болып осы идеяны іске асыруға белсене қатысқан.

Өзінің терең біліміне, адамгершілігіне қарай ел ішінде Әбу беделді болған. Оны мына мысалдан да көруге болады. 1921 жылы Ақмола губерниясына қарайтын Қызылжар уезіндегі Торанғұл және Жамантұз болыстарының сайлауы өтеді. Торанғұл жағында бұған дейін болыстыққа өзара тартыста (кейде ауыз жаласып та) андағұлдан — Жылғара тұқымы, Ырсайдан — Ыбырай Сұраған балалары, Ақ киік, Қойлы атығайдан — Қанғожа, Шоғырмақ әулеттері болыстықты басқанын қолына тигізбейді екен. Ежелден келе жатқан осындай былық-шылыққа жол бермеу үшін осы екі болыстың сайлауын өткізуге губерниядан арнаулы уәкіл болып Нығымет Сырғабеков шығыпты. Оның дұрыс басқаруының нәтижесінде болыстың атқару комитетінің (волисполком) төрағасы болып тұңғыш рет Шопан тұқымынан Әбу Жұсыпұлы сайланады.

Осыдан бірер жыл өткенде әкімшілік — территориялық бөлініс өзгеріске ұшырады. Соның нәтижесінде арғы керей екі болыс, бергі атығай екі болыс — төрт болыс ел бірігіп, Қызыләскер ауданы деп аталды. Оның орталығы жаңа салынған қала типті поселке «Өрнек» деп аталды. Қазір ол поселке

жоқ. Осы төрт болыс елді басқаратын аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып тағы да Әбу сайланды.

Әбу ел ішінде ағарту саласында да көп еңбек сіңірді. Облысымызға белгілі марқұм Қабдөш Айсин имамның айтуынша, 1895 жылдар шамасында Жамантүз болысына қарайтын Көктерек (қазіргі Аралағаш) деген жерде сол кезде болыстық қызмет атқарған Қанғожаның Есқағы балаларды оқыту мақсатымен мектеп салдырыпты. Бұған ел адамдары, Ахмет қажы, Жапар дегендер балаларымызды шоқындырып жібереді деп қарсы болыпты. Ақырында сол мектептің үйі Қызылжарға көшіріліп, онда патшаға қызмет ететін офицерлер даярлайтын мектеп ашылыпты.

Жуан бөренелерден қашалған осы үй Жамантүз болысындағы Ақ киік, Қойлыатығайдың мал-мүлкіне салынып еді деп губерниялық атқару комитеті арқылы Әбу іздеу салдырып, ақыры оны жаңа ашылған Қызыләскер ауданының орталығы болып тұрған Өрнекке көшіріп әкелгізеді. Бұл істің соңына іздеуші ретінде Әбудің жөн сілтеп ақыл беруімен Айсин Қабдош пен Тілеулин Жұмағалы түскен екен.

Әбу туралы Қабдош ақсақал: «Әбу мінезі байсалды, сөзге сараң, бұзықтық, қиянатты істерге қаһарлы, ашулы еді. Топ ішінде өзін-өзі мықты ұстап, орынды жерінде ғана сөйлеп кетсе, ылғи рухани мағыналы сөздер айтып, адамгершілік қасиеті барларды өте бағалап отырушы еді», – деген еді.

Сөйткен Әбу Жұсыпұлы 1929 жылы бай-манаптардың қатарына кәмпескеге ілігіп, Арал теңізі жағына жер аударылған. Әбудің бай тұқымынан шыққаны рас. Бірақ ол жеке өзі мал ұстамаған. Ол дүние-мүлік жинауды елемеген. Бар байлығы – білімі мен адамгершілігі ғана. Соған қарамастан оны ел ішіндегі күншілдер, шолақ белсенділер әдейі бай-манаптар тізіміне қосқызып жыраққа айдатып тынған.

Әбу айдалып барған жері Қарақалпақстандағы Мойнақта орта мектепте орыс тіл мен әдебиетінен сабақ беріп тұрған.

Содан 1956 жылы ақталып туып-өскен жеріне қайтып келеді. Бірақ 27 жыл бойы бір көрсем-ау деп аңсаған ел-жұрты оған іш тарта қоймады. Тіпті ет жақын ағайындары да маңайына жақындатпапты. Мұндайды көргеннен кейін Әбу іштей қамығып Қазақстанның оңтүстігіндегі Шәуілдір деген жерге көшіп кеткен. Мұнда ол өзінің інісі Білалдан туған, кішкентайынан бауырына басқан Асфһандияр деген баласының қолында тұрды. Ақыры сол жерде 1967 жылы 80-нен асып дүние салды.

Әбудің Есіл ауданындағы Николавека селосында тұратын балдызы Серік Шәкенов «Ленин туы» газетінің 1992-жылғы 8-шілдедегі санында ол туралы былай деп жазыпты:

«Әбу көп тіл білетін кісі еді. Оның араб, парсы, түрік тіледрінен аударған көп еңбектері, өзі жазған бірнеше дастандары бар болатын... Жездем марқұм асқан білімдар бола тұра керемет кішіпейіл кісі еді. Сонымен қатар өте байсалды болатын. Маған оның бір сөзі бір аттық болып көрінетін...»

Міне, өзі де осындай білімді, парасатты Әбу Жұсыпұлы жездесі Абылайды туған ағасындай сыйлаған. Абылай 1931-жылы қайтыс болғанда Әбу Арал теңізіндегі Көкаралда айдауда жүрген. Өзі айдауда жүрсе де жездесінің 1913 жылғы Стамбол қаласында түскен суретін жоғалтпай сақтап, кейін ақталып елге келгеннен кейін «Асыл жездем» деген өлеңімен бірге Абылайдың ұрпақтарына қайтарып беріпті. Бұл суреттен Абылайдың европаша киіген зиялы азамат екенін байқаймыз.

Ал, Әбудің Абылай қайтқаннан кейін оған арнап жазған «Асыл жездем» дген өлеңі мынау:

АСЫЛ ЖЕЗДЕМ

Аяулы бағаң қымбат асыл жездем
Іркілер есіме алсам жасым көзден.
Секілді күні кеше арамызда,
Жүргенің күліп-ойнап сенің бізбен.

Толықсып сол бір тұрған кезің еді,
Қызықты, балдай тәтті сөзің еді.
Гүл едің мәжілістерді бас қосқанда
Ақ жарқын, ала бөтен жүзің еді.

Әзілің бірде қалжың, бірде шын-ды,
Көрсеткен жақсы-жаман бойда мінді.
Көлтең-жалтақ сөйлеуден аулақ едің
Лебізің шықса аузыңнан болған құнды.

Кезінде ауыр шайқас, қиын заман
Көп соғысқан қалмақпен гіреп табан.
Сондағы ерліктері халқына ұнап,
Абылайға^{*} уәзір болған Майлы бабаң.

Халыққа қадірлі едің артық бағаң,
Ұлықтан артық болған ақыл-санаң.
Жер үшін кәпірлермен дауласқанда,
Жыртылып көрген емес жаудан жағаң.

Өзгеше жұрттан бөлек болды қалпың,
Әдетің, жүріс-тұрыс, дәстүр-салтың.
Қараттың ауызыңа ғаділдікпен
Атығай, Керей, Уақ түгел халқын.

^{*} Бұл жерде «Абылай» деп Абылай ханды айтып отыр.

Жасыннан даулы іске болдың мықты,
Жиында ел сені тыңдап, сөзіңді ұқты.
Қазақ, татар, естекке мәлім болып,
«Жұлдызды Абылай» деп атың шықты.

Сегіз сері батырдай өнерлі едің,
Ақылға Кийкбайдай кемелді едің.
Алашқа есімің мәшһүр данышпаным,
Әр жұртқа ерлігіңмен беделді едің.

Бар еді зор беделің Қарауылға,
Көріңдің хан сияқты әр ауылға.
Адалдық, жомарттық пен сыйлы болдың
Қызылжар, Омбы, Көкше, бар қауымға.

Сізде еді жігер, қайрат, таудай талап,
Абырой, бақ берді саған құдай қалап.
Қай жаққа барсаңдағы құрметтеді ел,
Қазақтың көсеміне сізді балап.

Көріңдін мұсылманға иман жүзді,
Естек, татар — бәріде сыйлап Сізді.
Жол көрсетіп оқуға жетеледің
Қатардан қалмасын деп мына бізді.

Жақсының бәрі Сізді жүрді жанап,
Мұсылманға жанашыр ер деп санап.
Жасыңда саяхаттап араладың
Жерлерін поляк, неміс, түрік, араб.

Бес рет сапар шектің Арабстан
Шыққан көп ол сапарға әрбір тұстан
Мыңдаған тәуап қыла барған жандар
Мұбарақ орындарда басын қосқан.

Солардың қатарында болдың бірге
Жайларды қасиетті көрдің бірге.
Ғарафа, Мина, Қағба, Мырзаланы
Зиярат қып оларға да бардың бірге.

Мәдина пайғамбардың жатқан жері,
Сол сапар зияратында болды бәрі
Түріктің астанасы Стамболда
Бірнеше күн болдың да кеттің әрі.

Жіібердің сонда түскен суретііде,
Қарағам тамашалап келбетінді.
Сақтадым 42 жыл ұдайы мен,
Өзімде содан бері жүретінді.

Жасыңда заң оқуын тамамдадың
Қазан мен Стамболдан білім алдың.
Шыншылдық, ержүректік қасиетіңмен
Талайын содырлардың жөнге салдың.

Орыстың шаһарларын араладың
Таныстың тарихымен даналардың.
Кездесіп чиновниктің нешеуімен
Өзіңнен аса алмасын шамаладың.

Білемін мәңгі жоқсың енді бізге
Арнаған қабыл болсын дұғам Сізге.
Жүргенде қиыр жайлап әр тарапта
Дариға, қазаң жетті жеке дүзде.

Қалыпсың туған қалаң Қызылжарда
Халқынның қадыр білген ортасында.
Жүзіңді солған соңғы көргенде елің
Мұңайып қалған шығар расында.

Арманым: соңғы кезде көре алмадым.
Серік боп қатар бірге жүре алмадым.
Қайтарда бақылдасып өзіңменен
Сөйлесіп тілдесуге келе алмадым.

Арманда жалғыз ғана мен емеспін
Бұл күнде, алтын жездем, тірі емессің.
Өтсең де сан айтылып жүрсің елде,
Ішінде еске алынып сан кеңестің.

Арманды бұл дүниеде жалғыз мен бе?
Табылар мен сияқты талай пенде.
Отырып оңашада шер тарқатқан
Солардың қатарында жүрмін мен де.

Бола көр бақұл разы, асылзадам
Кеше гөр ренжіткен болсам жазам.
Жас жетіп, көр аузында тұрғандаймыз
Мысалы құлағандай бассaq қадам.

Мен дағы көр алдында тұрғандаймын
Басымды о дүниеге бұрғандаймын.
Қарасам суретіңе, асыл жезде,
Өзіңмен бірге кеңес құрғандаймын.

Ажал кеп өліп кетсем зая кетер,
Жоғалып бұл суретің текке бекер.
42 жыл сақтаған суретіңді
Қайтарам ұрпағыңа, енді жетер.

АБЫЛАЙ ЖӘНЕ СӘБИТ

Кезінде Абылай жас Сәбитке көп көмегін тигізді. Ол туралы соңынан жазушы Сәбит Мұқанов өзінің автобиографиялық «Өмір мектебі» трилогиясында жазды. Әрине, Сәбең Кеңес үкіметінің және коммунистік партияның сол кездегі саясатына қарап, бар шындықты ашық жаза алмады. Ол қайта кей жерлерде Абылайды жамандап жазуға мәжбүр болды. Соның өзінде Сәбеңнің жазғандарынан Абылай туралы көп мәлімет алуға болады. Сондықтан бұл тарауда Сәбеңнің айтқандарына сүйенеміз. Абылай мен Сәбит әр жылдары бірнеше рет кездескен ғой. Біз сол кездесулеріне байланысты бұл тарауды бірнеше бөлімге бөлдік.

I

1917 жылдың желтоқсан айында Орынбор қаласында Алашорданың Бүкілқазақстандық съезі өткізілгені белгілі. Сол съезде «Алаш милициясы» атты әскер қосынын құру туралы ерекше қаулы алынған болатын. Бұл қаулы бойынша қосынның жалпы саны 13 мың 500 адам болу керек, облыстарға бөлгенде: Бөкейден – мың, Оралда – 2 мың, Торғайдан – 3 мың, Семейден – 1 мың 500, Жетісудан – 2 мың... адамнан келеді.

Осыдан кейін Алашорда үкіметі өз қаулысын орындауға кірісе бастады, онысы 1918 жылдың көктемінен бастап, бұл жөнінде газеттерде басылған мақалалардан көрінді.

«Өмір мектебі» романының 1-ші кітабының «Алашордашылар» атты бөлімінде бұл туралы Сәбит Мұқанов ылай деп жазады:

«Қызылжарда шығатын «Жас азамат» газетінің жаз ортасы ауа хабарлауына қарағанда, шамасы шілде-тамыз айларында Ақмола облысының Көкшетау және Қызылжар ояздарындағы

қазақ болыстарының жиналысы өткізілмек, онда Алаш милициясына қазақтан жігіт алу мәселесі қаралмақ».

Одан әрі Сәбең: Шілде айы (1918 ж.) аяқтала бере жоғарыда аталған жиналыстың Аққусақ болысында (осы күні Жамбыл ауданы) өткізілетіні мәлім болғанын, ол кезде болыс болып атақты миллионер Әлтидің баласы Садуақас істеп жүргенін айтады. Аталған екі оязда ол уақытта 22 қазақ болыстары болған екен. Жиналысқа солардың бәрінен де адамдар келу керек.

Мұнша көп адамды қалай күту мәселесі сөз болғанда Әлти қажы: «Он болсын, жүз болсын, одан артық болсын оқыған азамат атаулының бәрін мен өзім күтіп алам, ас-су да, төсек-орын да, ыдыс-аяқ та ешкімнен сұрамаймын. Қалған көпшілікті өзге жұрт күтіп алыңдар», – депті.

«кешікпей «Алаш азаматтары Қызылжардан шығыпты» деген хабар да кеп қалды, – деп жалғастырады әңгімесін Сәбең... – «Қадірлі» қонақтарын алыстан тосып алуға Әлти бірнеше салт атыт аадамдар даярлаған екен, басқарушысы – біздің елде бір жайда «Шоқынды хажы», бір жайда «Тік аяқ хажы» аталатын Меккеге үш барған, өзі Алашорданың мүшесі – Абылай Рамазанов. Бұ кісіні менің бірінші көруім, бірақ ол туралы естігенім көп. Көтермелеп айтушылардың сөзіне қарағанда, ол «жеті жұрттың тілін біледі», «жүрегі таудан да, тастан да қайтпайды», бұл арадағы Керей атаулының ғана еемес, бүкіл қазақ атаулының ер жүрегі...» Сонша көтермелейтін Абылайды Әлти хажының үйінде көрсем: зор денелі, биік мұрынды, қалындау қара мұртын сақалына тұтастырып, ұзарта түсірген сақалыны иек тұсын тұтамдай ғана қыр қырыққан, дәу қара кісі екен.

Қонақтар көрінген кезде хабарлау үшін Әлти ауылынан бес-алты шақырым жердегі Толыбай (Богдановка) аталатын орыс поселкесінежүйрік атты кісі қойылыпты... бір кезде сол жүйрік атты бар пәрменімен шауып кеп: «Ау, келе жатыр!» деген хабар берді. Даяр тұрған салттыларды басқарып, басында қара қалпағы, сыртында орысша пальтосы, аяғында

фабрикалық шегрен етігі бар Абылай тарта жөнелді... Біреулер Әлти ауылына үйірілген адамдарды:

— Уа, тараңдар жылдам! ... Ұятты кісілер келеді... Шоғарылып гүрмандар! — деп қуалағанмен, «оқыған азаматтарды» көруге құмартып келгендер тарай қоймады, солардың біреуі — менмін...

Бір кезде Толыбай жақтан жолдың бойында көтерліген қою шаң көрінді... Міне, шаң жақындап та қалды... Міне, парлап ат жеккен пәуескелер де көріне бастады... Оларды жанапайлап салттылар да шауып келеді... Міне, қалаша киінген адамдар қатарланған пәуескелерден түсіп те жатыр... Міне, оларды атынан өзгелерден бұрын қарғып түскен Абылай бастап, үйлерге кіргізіп те жатыр... Біз таңырқап қарап тұрмыз... Бірақ көп тұра алған жоқпыз. Абылай кірген үйінен тез шықты да, дауысын көтере қазақшылап боқтап жіберіп:

— Қуыңдар, мыналарды, — деді шоғырланған бізді нұсқап. Біреулер: — Құғанға болмайды, — деп еді:

— Не оттап тұрсың — деді Абылай ақырып, — сөз бе кен болмайды деген?... Алыңдар қамшының астына!... Болар ма екен, бомас па екен...

Әлекедей жаланған бірнеше жігіт аттылы-жаяулы қамшыларын көтере ұмтылғанда, таңсық көрген топ бет-бетімен ыдырай қашты... Мен де қаштым...

Келетін қонақтың мөлшері келесі күні «жүздептің» орнына «мыңдап» өсіп кетті...

Біздің естуімізше, Алаш оқығандарының бастылары: бұл жұмысқа Орнбордан әдейілеп келген, Алашорданың Орталық комитетінің мүшесі Мыржақып Дулатов, Омбыдағы облыстық Алашорда комитетінен келген Ережеп Итпаев, Айдархан Тұрлыбаев. Қызылжардан ояздық комитетінен келген Салмақпай Күсемісов, Жұмағали Тілеулин, Көкшетау Алашордасынан келген Ерқосай Мұқышев, тағы басқалар. Осылардың ішінде Торсанның Қазии да жүр Алашордашыл оқығандардың жалпы саны — шамасы жүздей адам...

үсті басымды қабағын түйген көзбен бастан-аяқ шолып өтті. Содан кейін, жақындап кеп амандасқан біреулерге кеңескісі келген қалпын көрсетіп: — Сен далаға бар, — деді маған, — Кемікпайдың Ғабдолласы бармысың деп айғай сал. Ол менің атқосшым... Соны тауып ал да «Сені Абылай шақырады» деп алып кел. Мен оны Абылайға шақырып кеп ем:

— Сен, деді Абылай оған, — мына баланы қасыңа мінгізіп базарға бар. Содан бұған пальто, костюм әпер. Аяғына етік ал. Үстіне екі пар көйлек-дамбал, басына құлақшын ал. Содан кейін екеуің моншаға барыңдар. Моншаға түсер алдында, мына жалбыраған шашын под-полька ғып қырықтыр. Ұқтың ба?

— Ұқтым — деді Ғабдолла.

— Барыңдар ендеше! Моншадан шыға біздің пәтерге келіңдер.

Ғабдолла екеуміз Абылайдың арғымақ қаракөк айғырына жегілген жеңіл кошевамен базар жаққа кете бардық... Ақыры, екеуміз керкілдесіп жүріп, киюге жарайтын бір сыдырғы ішкі, тысқы киім алдық. Абылайдың өзге тапсырмалары да орындалды. Моншадан кейін Ғабдолла екеуміз шанаға қатар мініп Абылайдың пәтеріне келе жатырмыз. Бұрынғымен салыстырғанда жұрттай боп киінген маған Ғабдолла жымия қарап алды да, әуелі:

— Сен өзің неғыылған бала едің, хажының ықыласын осынша түсірген? — деп, мән-жайымды сұрады. Мен қысқаша баяндасам, «Ә, солай ма?» — деп ыңылдап отырып, — «Ім-м-м, мұнда бір гәп болар, бала» — дейді маған, — біздің хажы пайда түспейтін жерге шығындала қоймайтын еді».

— Не пайда? — деп сұраймын мен.

— Қызылдар кеп қала ма деп, бай атаулының бәрі сасулы ғой, — дейді Ғабдолла, — егер келсе, сен сияқты жоқ жітіктіерді әкім қойып, байларды қатты ұстайды дейді ғой. Біздің хажы алыстан болжайтын кісі, ертең қызылдар кеп қалса, сені де бір керегіне жаратуға ойлаған ғой ол. Сол үшін, сені аз ғана

дүниемен алдағысы келеді ғой. Әйтпесе, осынша киімді тегін әперетін сен кімісің онын? Ешкімі де емессің ғой.

— Мен Ғабдоллаға «олай деменіз» деймін де, Абылай жағдайын сұрап:

— Дәулет жағдайы қалай өзінің? — деймін.

— Атасы Майлыға бес жүздей жылқы бітті деседі. Өзі жігіт болған кезде, бұл үй кедейленіп, айғыр-үйір жылқыға ғана қарап қапты, — дейді Ғабдолла.

— Себеп?

— Хажы жас күнінен қағына шыққан. Он бес жасында біреудің қалыңмал беріп отырған қызын алып қашып, әкесін көп шығынғы ұшыратқан... Он сегіз жасында көп жылдар би болған Сәмтік дейтін адаммен билікке таласып, қанша малын шығын қылған, сөйтіп үйін кедейлендірген...

— Ендеше, хажылыққа қайдан барып жүр, бұл кісі?

— Аңдамас дейтін момын бай ағайыны болған, Меккеге әуелі соны бастап апарған. Қаражат, әрине, Аідамастікі. Екінші рет Әлти хажыны бастап апарып, шығынын соған көтерткен. Бұл кісінің дүние жүзінде араламаған жері жоқ деседі. Өзге жұрт қажылыққа бірер мыңмен аттанғанда Әлти хажы 50 мың сом алыпты. Сол ақшаның бәрі сол Абылай хажының қарамағында болып, Әлтиге жер жүзіндегі бар елді аралатып көрсетіпті...

— Қазіргі шаруасы қалай?

— Жаман емес. Былтырдан бері сауда-саттыққа айналып, шаруасын нығайтып алды. Қазір үйінде 20-отыздай жылқысы, екі-үш жүз қойы, жыйырмаға тарта сауын сыйыры бар... Ақша жағы нығыз.

— Баласы бар ма?

— Бәйбишесі — аты Бәтес, пұшпағы қанамаған адам. Бірақ қасқыр кісі.— «Сен Майлының тұқымы болсаң, мен Шолпанның тұқымымын» дей, Абылай тоқал алам десе шапылдап бет қаратпайды...

Кеңесіп отырып Абылайдың пәтері Дүйсембайдікіне кеп қаппыз. Еңсесі биік, көп бөлмелі, бір қабат қарағай үй. Абылай отырған кең бөлме лық толы кісі екен. Түр-тұрпаттары елдің, қаланың байлары екенін көрсетеді. Бәріде сәкіге жайған кілем мен оның үстіне төсеген көрпелерге малдасын құрып қазақша отыр. Біз кіргенде олар әлденені айтысып, самбырласа кеңесіп, сұңқылдаса күлісіп отыр екен... Есіктен кірген маған, Абылайдың көзі түсе кетті. Мен төрдегілерге сәлем беріп, қолдасуға ыңғайланғанда:

— Уай, пұштиған мұрнынды ұрайын, — деді Абылай маған, күліп, — жылтиып қапсың ғой, әп-әдемі боп! Неғыласын қол беріп?... Хажыдан келді деп ойлайсың ба бұларды?.. Кел, мұнда кеп отыр!

Ол сырылыңқырап, қасынан маған орын нұсқады.

— Кім еді мұның? — деп әркімдер таңданайын деп еді:

— Менін бір жақыным, — дей салды Абылай.

Сол күні кешке Абылайға елге қайту жайын сөйлесіп ем:

— Асықпа, бала, — деді ол, — мұнда бір жұмалық жұмысым бар, соны бітірген соң қайтамыз.

«Бір жұмалық жұмыстың» жайын ертеңіне-ақ білдім: ол да баяғы мені Қызылжарға әкелген серіктерім Бәкен мен Боржабайға ұқсап, «ел атынан кооперация ашуға приговор әкелген екен. Бірақ, бұл сәтсіздікке ұшырамай, әлдекімдерді сатылап отырып, мол товар алыпты да, алдын бірнеше ылаумен еліне жөнелтіп, артын жыйнауға қалыпты.

Абылай ылауларын еліне қазақ ауылдары арқылы жөнелтті де, өзі Есілдің күнгеі жағын бойлап отырып 80 шақырымдай жерде тұратын, Андағұл болысындағы қайынының үйіне соға кетпек болды.

Қызылжардан бірге аттанған ол, қамқорсып елге алып келе жатқанмен маған сенбейтін өалпын көрсетіп, саяси мәселеде жолшыбай әрдайым бойын тарта сөйледі. Алашорданы да, оның бір мүшесі өзін де, ол бейкүнә жандар ғып көрсетпек болады.

— Патшаға қарсы болдық қой бәріміз, — дейді ол, — таяқ та жедік қой содан. Патша түсіп, бостандық алғанда, қазақ та жеке ел болсын деп, Алаш туын көтергеніміз рас. Енді заман мынадай аумалы-төкпелі боп барады. Жасыратыны жоқ, қызылдар бері жылжып келеді. Совет өкіметінің аужайын байқармыз, егер қазаққа тыйышты өкімет болса, біз де қолдай кетерміз.

— «Қазақ» дегенде бәрін емес, кедейін жақтаса қайтесіз?

— О, мұрның бар болсын, пұштиған? — деді Абылай қуланған боп, мені бүйірден түртіп қап, — кім айтты саған мен бай деп? Кісі ақшасымен хажыға барған кісі бай бола ма екен?... Және сен біздің елге барып сұрашы, кедейге мен қалай қайырымды екем? Сені осы көксалпақта атыма ауыр ғып алып келем, неге әкелем? Содан байқамаймысың кедейге қалай қарайтынымды? Совет өкіметі осының анығына жетпей ме? Сендер жеткізбейсіңдер ме, ә?

— Бізден сұраса, жеткіземіз ғой, — деген болам мен. Ауызша солай дей отырып, ішімнен «менен жәрдем күткенің, сыртыңа сыр бермегенің мен, іштей қысылғаның-ақ екен!» — деймін.

Абылай мені үйіне апарып, біраз жатқызып, тойындырып жібермек болады,... реті келсе, сол маңайға мұғалімдікке орналастырмақ болады... Бірақ оның «сәті келмеді».

Сәбеңнің бұл жазғандарына тағы да Абылайдың кескіндемесі берілген. Сонымен бірге оның тез және дұрыс шешімге келетіндігі, жетім-жесірге қамқорлығы, ешкімнен қаймықпайтын, жасқанбайтын өткірлігі де көрсетілген. Бұл әңгімеден біз оның басқа да Алаш азаматтарының армандаған қазақтың тәуелсіздігіне жетуге құштарлығын, келе жатқан большевиктердің (қызылдардың) қандай билік орнататынын біле алмай дал болып жүргенін де байқаймыз.

Мұнда Абылайдың кооперация ашып саудамен айналысатыны да көрінеді.

Кейбір адмдардың айтуынша, Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын курсқа оқуға Сәбитті, тағы бірнеше жастарды осы Абылай жіберген дейді.

Осы әңгімесінде Сәбит Абылайды тағы бір қырынан көрсетеді. Бұлар Пlosкеуге (қазіргі Есіл ауданындағы Покровка селосы) келіп Семe Сычнoй деген бір орыс байының үйіне түседі. Сонда Сәбит Сычнoйдың қорасындағы малдарын көріп келе жатқанда, Абылай оны тоқтатып:

«– Я, қайда болдың? – деп сұрады Абылай, маған жақындап.

– Осы үйдің қорасын араладым, – дедім мен.

– Я несі бар екен?

– Бары көп екен, хажеке... Және ғажап екен. Мұның бір жылқысы біздің қазақтың айғыр үйір жылқысына тұратын, сыйыры да солай сияқты!

– Уа, көзіңді ұрайын, сондайды көргіш-ақсың-ау! – деді Абылай күліп. – Рас айтасың, біздің қазақы мал, мал ма тәйірі!

Осы сияқты шаруа ұстайтын, шын мағнасындағы фермалар орыстың әр поселкесінде ұшырайды. Біздің қазақта жалғыз Әлти болмаса, бұлай шару ұстайтын кім бар?!»

Бұдан біз Абылайдың қазақ пен орыстың шаруашылықтарын салыстырып, қазақтың шаруашылығының төмендігіне жаны күйетінін байқаймыз және сол кездегі Әлтидің малды сол орыстардан кем ұстамайтынын да көреміз. Абылай өзі де асыл тұқымды жылқылар ұстаған және оларды баптап күте білген.

III

1919 жылдың қараша айының аяғында – желтоқсан айының басында Сәбит Абылаймен үшінші рет кездеседі. Сол жылғы 16-шы желтоқсанда Қызылжар қаласында мұғалімдердің уездік съезі шақырылды. Соған қатысу үшін Сәбит Нұртаза баласы

Молдағазы екеуі шанамен шығады. Жолда келе жатып олар Абылай хажының үйіне қонады. Енді Сәбиттің өзіне сөз берейік:

«Оның (Абылайдың. — Қ. М.) қыстауы сиректеу зәулім қаралаштың ығында екен. Өзге байлардай ол жалшы-жалаугерлерімен бірге отырмай, мал қораларын жағалай отыратын қонсы, жалышларынан бөлек қыстайды екен. Үлкен екі ағаш үйлі, кең шарбақты Абылайдың маңында мінер аттарынан басқа мал тұрмайды екен. Оның Мұхаметжан дейтін інісі бар екен. Жасы со кезде елулерді орталаған, бийік бойлы, жуан денелі, селдір сақал-мұртты, ет жеңді, жалпақ бетті ол үнемі үй шаруасында отырған адам болғанымен, Абылай алдыратын татар және түрік тіліндегі кітаптардың, журналдардың, газеттердің бәрін оқып отырады екен. Сондықтан білетіндері көп және өзі кеңесшіл... Ол өзінше философ адам. Былғарыдан тіккен үлкен кisetтегі махорканы алдына қояды да, шылымды үздіксіз бұрап, түтінін бүрқыратады да отырады. Сол күйінде ол кеңестен тынбайды... Сөз арасында Молдағазы мен менің білім мөлшерімді байқап алған ол, «Мен Ибиз Гарбиді де, Ибиз Тәймияні де, Мұхаммед Абдулһуді де оқыдым» деп әлдеқайдағы мұсылман ғалымдарын атап, алысқа созып кетеді...

Абылай інісіндей емес жыйнақ. Ол «ел-жұрттың амандығы» сияқты жалпылама сөздерден басқа, саяси мәселеге соқпайды. Біреулер біздің көзімізше одан қызылдар жайын сұраса:

— Қайдан білейін мен, — деп жауап береді Абылай, — істес болмаған кісінің кім екенін қайдан білесің. Қазақта «Құлақ ксітіген өтірік, көз көрген рас» деген мақал бар. Сырттан біреуді біреу не демейді. Ел басқаратын үкімет түгіл, қарапайым адам — бізді де біреулер «жақсы», біреулер «жаман» демей ме. Со сияқты әр үкіметті де жамандайтындар мен жақсылайтындар табыла береді. Совет үкіметін де жақсылайтындар мен жамандайтындар аз емес. Өзіміз бұл үкіметтің не үкімет екенін әлі көрген жоқпыз. Бет алысын, ісін көрейік, не десе те содан кейін айтармыз».

Бұдан біз Абылайдың өте сақ адам екенің, бір нәрсеге анық көзі жеткенше әсірелеп сөйлеп сыр шашпайтынын, сөзіне тиянақты екенін байқаймыз.

Абылайдың Алашорда жұмысына қатысы жөнінде әзірше біздің қолымызда ешқандай ресми құжат жоқ. Сәбит Мұқанов сол жолы өзіне айтқан Молдағазы Нұртазаұлының мынадай әңгімесін келтіреді:

«Патша тақтан құлаған кезде мен Қызылжарда Хасен Пономаревтің медресесінде оқып жүрдім. Жұрт «патша түсті, бостандық болды» деп көшеге демонстрацияға шыққанда, мен де ішінде болдым. Абылайды алғаш көруім сонда. Демонстрацияда — үстіне кілем жапқан, өркешіне кигіз үйдің шаңырағын орнатқан, басына әшекейлеген нөқта кигізген ақ түйені жетектеген бірнеше адам көпшіліктің көзіне оғаш көрінді.

Түйе жетектеген адамдарды сұрастырсақ, Қызылжардың Шынықаев, Мәубиев, сақау Баймағамбет сияқты байлары екен. Солардың ішінде үстінде жасыл шуғамен тыстаған қамзолша қасқыр ішігі бар, басында сеңсең жүнді қара папахасы бар, қалың қара мұртты, шоқша сақалды, зор денелі, қарасұр кескінді адам жүрді. Сұрастырсақ: осы Абылай екен... Артынан Алашорда партиясы ұйымдасып, уездік және губерниялық съезд шақырғанда ішінде Абылай да болды. Одан кейін алашорданың Орныборда шақырылған «Бүкілқазақтық» бірінші съезіне қатынасты... Съезден келе ол елге алашорданың ауылдық және облыстық комитеттерін ашуға шықты. Сол бетінен ол әлі қайтқан жоқ екен...»

Молдағазының бұл айтқандары шын болуы ықтимал. Патша құлағанда халықтың көпшілігі, әсіресе қазақ зиялылары бұл хабарды қуанышпен қарсы алғаны тарихтан белгілі. Олар енді қазақ халқы орталықтан құтылып, автономиялық республика болады деп үміттенді. Ал Абылай көзі ашық, көп нәрсені біліп жүрген және Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин сияқты қазақтың зиялы азаматтарымен жақын

қарым-қатынаста болған. Оның үстіне өзі сол кезде шығып тұрған қазақ, татар, түрік тілдеріндегі газет, журналдарды, кітаптарды оқып отырған.

IV

Сәбит Мұқанов 1920 жылы маусым айында Қызылжар қаласында ашылған «Қызыл мұғалімдер» курсына оқып жүргенде, ол курс аяқталмай-ақ уездік партия комитеті мен уездік атқару комитетінің арнайы мандатымен шілде айында уездің Смайыл, Преснов, Таузар, Аққұсақ, Қаратал, Қараоба болыстарына астық жинау ісімен іссапарға шығады. Осы сапарында оған Қоскөл (Семиполка) поселкесінің көшесінде салт атпен шауып келе жатқан бір кісі жолығады. Ендігі сөзді Сәбеңе берейік.

«– Қарағым-ай, қазақпысың? – деді маған, атынан қарғып түсе қалып.

– Я, қазақпын.

– Қазақ болсаң, қарағым-ай, қара қазақпысың, өкіметтің кісісімісің?

– Өкіметтің кісісімін.

– Ендеше, қарағым-ай, сүйемелдеп жібер, мен сияқты на-шар кісіні.

– Я не болды, Сізге?

– Мына жақта, – деді ол қолын батыс жаққа сілтеп, – 5–6 шақырым жерде Майлы-Мұсайт атанатын елміз. Сонда Абылай деген кісі бар.

– Білем.

– Абылай біздің немере туысымыз еді, бірақ біз – кедей, ол бай. Ол кісі күллі Керей-Уаққа ықпалын жүргізуді азсынғандай қоңсысы боп отырған азғана үй бізді... ата-бабамыздан бері қарай отырған қыстауымыздан көш деп..., туған жерімізден неге көшеміз десек, ендеше еріксіз көшірем деп... Содан оның

тілін алмайтын кісі бар ма, мына шеті Қаратоқа деген елден, мына шеті Жарылғап деген елден қалың қол жинап... бізді зорлап көшіргелі жатыр!..

Содан сасқан соң, орыс әділ жұрт еді ғой деп... арашалар деп, осы Қоскөлге шауып кеп тұрмын...

— Түсінікті ағай, — дедім мен. — Бұл жұмысты мен-ақ бітіріп берейін.

— Құлдығың кетейін, қарағым, онда! Ал қалай бітіресің?

— Қазір мен поселкеден ылау алайын, сіз менімен қайтыңыз.

— Ойбай, қарағым, Абылай деген азу тісі балғадай кісі. Өзің жас бала екенсің, сенің сөзінді-тындай ма ол?

— Тындатам!

— Қайдам шырағым! — деп аз күдіктеніп тұрды да ол:

— Жаным қысылған соң кеп оытрмын. Сөзіңе сенейін. Бірақ «Бала соққан кездіктің басы жарық» боп жүрмесін. Мен саған еріп барып, Абылай сөзінді тындамаса, маған обал болар.

— Сол өкіметтің өкілімін ғой мен, атыңызды босқа қинамаңыз, менімен қайтыңыз.

— Болсын, шырағым, — деді қазақ.

— Я, атыңыз кім? — деп сұрадым мен қазақтан.

— Ықыш, шырағым, әкемнің аты Көпшік, Абылай бай болды да, біз — Атығай балалары кедей боп, біріміз жылқышысы, біріміз қойшысы, біріміз сауыншысы сияқты жалшысы болдық. «Ақы-пұл» дегенді біз алып көрген кісі емпеспіз. Былтыр қызылдар өкіметі кеп, кедейдің ақысын байға жегізбейді деген соң, біздің ауылдың Әбілқас, Махмет деген жастары елеңдеп, Абылайдан ақы сұрай бастап едік, ақы берудің орынна, «ендеше кет маңайымнан! Қарада бойларыңды көрсетпе!» — деп көшірмек болды. «Туған жерден неге көшеміз» деп ек зорлық жасады. Көрерсің, шырағым, енді біздің ауыл алдымыздан көш үстінде жолығады.

— Қайда барады сонда?

— Қайдам қайда баратынын? Абылай айтыпты-мыс дейді «Беталды құла дүзге қанғыртам» деп. «Құла дүзі» қайда екенін құдай білмесе, кім білсін...

Ықыштың айтқаны расқа келді, еріксіз көшірілген ауыл бізге қарсы жолықты: барлығы 5–6 үй екен, адамдарының өздері де, киім-кешектері де, көлік-саймандары да өте жүдеу...

Оларды айдап келе жатқан 20 шақты салттының ішінде, сол кездегі маған таныс атқамінерлер: Жүсіптің Мұқышы, Сәмтіктің Мұқаны, Азнаштың Бердені бар екен. Оларға менің айтқан сөзім қысқа болды:

— Бұ кісілер мекеніне қайтады, қарсылық сөз болуға тиіс емес, оның арты жаманға соғады. Абылайды мен өзім көндірем.

— Шырағым, — деді жорға тілід Берден, — бұл жұмысқа жетекші кісі Абылай екенін естіген көрінесің. Керей-Уақтың аруағы сияқты кісі болған соң сөзінен шыға алмадық. Сенің сөзіңді де тыңдайық, бұларды сен қайтарып апарма. Әуелі Абылайды көндір де, одан кейін қайтар.

— Былшылды қою керек, — дедім мен қатты кеп, — не деп оттап тұрсың өзің сақалды басыңмен. Абылай бай болса, мына тұрған бесеу — алтауың соеың құйыршығысың. — Кане, — дедім мен еріксіз көшіріліп келе жатқандарға қарап, — бұрындар көліктеріңді кейін қарай. Қарсы болған Абылайды көріп алайын. Олар көліктерін бұра бастады.

— Кане, қайсысың атыңды бересің, — дедім мен салттыларға, — Абылайға тезірек жетейін.

— Менікін ал, — деп Алпысбайдың Әбені деген кісі атынан түсе берді. Жараулау жиренқасқа атқа ырғып мініп, мен кете бардым.

Абылай ауылы қыстауына жақын жерде екен. Күтпеген жерде кеп қалған менімен амандасқаннан кейін Абылайды оңаша алып шықтым да:

— Сізге қысқа және тұжырымды бір сөз айтайын деп келдім, дедім мен. — 1919 жылдың көктемнің ала-сапыран кезінде

Сізге жолығып, маған жәрдемді көрсеткеніңіз есімде. Соның қарызын өтейін деп келдім.

— Соншама немене еді салмақтандырып тұрғаның.

— Сіз Совет өкіметінің кімнің өкіметі екенін білесіз. Мен сол өкіметтің өкілімін. Сіз бір зор қылмыс істепсіз, ол үшін Сізді менің жауапқа тартуым керек.

— Не қылмыс істеппін мен?

— «Жер кедейдікі» деген Совет үкіметінің декретін білесіз ғой?

— Білем.

— Ендеше анау Атығай балаларын ата мекенінен неге зорлықпен көшіресіз?

— Я, көшірдім. Бірақ, неге екенін білдің бе?

— Неге екенінің маған керегі жоқ. Ата-бабсынан қоныстап келген мекенінен көшіруге қақыңыз жоқ...

— Егер ұрлап шыдатпаса ше?

— Оны тексеретін өкімет бар.

— Соны сенен сұрадым ба? — деп келе жатқан Абылайға:

— Өлеріңізді білмейтін ұраңғы кісі емессіз, — дедім мен.

— Мына қылығыңызбен басыңызды жойғалы тұрсыз. Анау зорлықпен көшірілген кедейлерді мекеніне қайта қондырыңыз!

Қабағы салбырап кеткен Абылай, жерге сүзіле қарап аз тұрды да:

— Қайдан кеп қалдың сен? — деді басын көтеріп. Әліде кіріспесең қайтелі осыған!

— Жоқ, кірісем, өйткені, мен өкіметтің өкілімін!

Ол тағы да аз түнеріп алды да, «бір жөні болар, үйге кір», — деді маған.

— Жоқ, кірмеймін. Әуелі кедейлердің көліктерін мекендеріне ағыттырамын.

— Қап, тар жерден қыстың-ау! — деді Абылай, манағы ширақ дауысын солғындатып, — амал жоқ, айтқаның болсын!

«Совет үкіметінің күші-ай! — деп сүйсіндім мен ішімнен, — мына Абылай сияқты зорлықшыларды кедейлердің аяғына жығып беріп тұрған!... Жаса, советтік күш!»

Бұл жерде Сәбең заманның ағымына қарай осы көшіру мәселесінде әдейі Абылайға кінәні көбірек артып отырған сияқты. Осы мәселенің білетін қариялардың айтуынша, бұл көшіру жалғыз Абылайдың ісі емес, көпшіліктің шешімімен істелген іс. Үйткені көшірілгендер бастығы сол арызданып жүрген Ықыштың өзі және туыстары Махмает, Қабдолла ұрлықпен айналысқан. Олар жұрттың малын, дүниесін ұрлап маза бермеген. Мысалы, Махмет Көшкенің үйінің 40–50 жылқысын ұрлап әкеп тыққан, желісі мен ноктасына дейін ұрлаған. Ауыл үйлерінің мал-мүліктің иелері ұрыларды тыйғызады деп Абылайға келеді. Абылай бірнеше рет ескерту жасайды. Тіпті Махметті ұрғызып та алады. Ұрлық тыйылмайды.

Ақыры басқа да ел азаматтарымен ақылдасып ұрыларды отбасымен көшіреді. Істің бұлай шешілуіне ыза болған Ықыш Көпшікұлы (бұлар Абылайға бөтен де емес, ағайын: Абылайдың аталары Алдаберген мен Ықыштың аталары Атығай Қалжан батырдың балалары) Абылайдың үстінен шағым жасаған. Ал Абылай ұрлықты, тәртіпсіздікті, ел ішінің тиыштығын бұзушыларды жақтырмаған, оларға шамасынша тыйым салып отырған, шектен шыққандарына қатаң жаза қолданған. Ал көшіріп әкеле жатқандар: Жұсыптың Мұқышы — Абылайдың бәйбишесі Бәтестің нағашысы, Сәмтіктің Мұқаны — Көшебе Қаратоқа атасынан, Азнаштың Бердені — Абылайға жақын ағайын.

Абылай басқа ұрыларды да жазалатып отырған. Мысалы, ұрылардың бір тобының басшысы Қантай Балашауды және оның баласы ұры Мұқышты түрмеге жаптырған. Атақты Тәкөттің Сүлейменін бірде Қызылжардың ақ түрмесіне 6 айға қаматып, артынан өзі барып босаттырып алған. Сүлеймен де өжет, батыр адам болған, бірақ ұрлықпен көп айналысқан. Сол Сүлеймен бірде Абылайдың баласы Үкітайға былай деп шынын айтыпты:

«–Мен де аруағы бар кісімін. 40 жыл ұрлық істегенде маған ешкім қарсы келе алмап еді. Сенің әкеңнің бір айғырын ұрлап алып сойып, қуырдағын жеп едік. Ертеңіне тәңертең мұны сезген Абылай қуып келді. Түскен үйіне мені шақыртты. Мен бардым. Оның көзіне мен шыдай алмай шынымды айттым. Оның аруағы мені жеңді. Айғырдың орнына айғыр қосып, 12 жылқының орнына 14 жылқы қайтардым».

Абылай өзінің жақын ағайыны Сауттыда жазалап бір жылға Семейге жер аудартады. Күз жер аудартады да, қысты күні өзі пар атпен барып босатып алып келеді.

V

Сәбитке тілектес Жәмпейіс Омаров оған «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды», кәрі шал сияқты «құ тізенді құшақтамай» енді үйленуің керек дейді Орынборда рабфакта оқып жүрген әрі КазЦИКтің мүшесі Сәбитке оның Орынбордағы пәтерінде. 1924 жылғы жазғы каникулда Қызылжарға келген Сәбитті ол поездан қарсы алып үйіне әкеледі. Үйге кіріп Сәбит Жаңылмен (Жәмпейістің әйелі) амандасақаннан кейін, Жәмпейіс оңаша қалған Сәбитке қалыңдық туралы сөйлеп кетеді. Ендігі әңгімені Сәбиттің «Есею жылдары» кітабынан алған үзіндіге берейік:

– «Шұбар ат Самайы» – дейтін елді білуші ме ең? – деп сұрады ол менен.

– Анау Күрке, Көшке аталатын байлардың елі ме?

– Қай Қошығұл екен ол?

– Қазі дейтін баласы Орынборда оқитын.

– Қазі Қошығұловты білем. Орынборда Қазақтың Педагогикалық институтында оқиды.

– Соның әкесі – Қошығұл. Бой жетіп отырған қызы бар. Аты – Рахима...

– Жәмпейіс... «мен арттарыңнан қуып жетем» – деді де – бұрыл жорғаны жеңіл тарантасқа жегіп, қасыма інісі – Мақыжанды қосты да жөнелтті. Аттанарда айтқаны:

– Естуім, Қошығұл қызына құрып жүрген біздің тұзағымызды сезген сияқты. Ол өз дегені болмаса, қисайған жағынан іурмайтын қыңыр адам. Бірақ, қызы көнсе не істейді ол. Шамаң келсе өызға жолығуға тырыс. Өз бетімен жолыға алмайтын болсаң, Абылай хажыға ақылдас. Ол ретін келтіреді.

Жолда бірер күн кідірген Мақыжан екеуміз Абылай хажының үйіне түстік. Оның ауылы да, Қошығұлдың ауылы да «Қаратомар» аталатын сулы өзектің жағасында екен.

– Естідім, – деді Абылай, дол жәйін ақылдасқанда. – Қошығұлға қалың мал керек. Және «анау-мынау» емес, 47-ге бара-бар ақша керек. Ны таба аласың ба?»

– Қанша болады ол, ақшадай? – дедім мен мөлшерін білгім кеп.

Абылай іштей есептеді де, «екі мыңнан кем болмас» деді. Ондай мен төлесем, өзге қайтпек?... Осы жәйді айта кеп:

– Қалың-салында не ақың бар? – деді Абылай, – қызды көр. Егер ұнатсаң, қыз көнсе, занға сүйен де алып қаш.

Қалай көруді ақылдасқанда:

– Қыдырманың Шәкірін білесің ғой? – деп сұрады Абылай менен.

– Сізбен сауда-дос боп жүретін, биік, жуан Шәкір ғой?

– Ия, сол.

Үйіне неге кеп түсуімізді Шәкір де біліп отыр екен. Қымыз ішіп жайланғаннан кейін:

– Сәбит шырағым, тысқа шығып желпінеміз бе, қайтеміз? деді ол.

– Әйтсек әйтеік, – дедім мен. Екеуміз тысқа шықтық. Былайырақ барып отырғаннан кейін, Шәкір...не үшін келе жатқанымды қысқаша баяндап берді. Сонан кейін, «үйленуге іұрарлық» деп, Қошығұлдың қызын мақтап ап: – Бұл жолда

бірнеше бөгеттер бар, — деді — солардың зоры — қызды айтырып қойған жер. Жәңгісі Самайда Мықтыбай балалары дегендерді білетін боларсың?

— Білем, — дедім елеңдей ғап, — олар: Жәкіш, Әділ, Әбілтай, Тынымбай, Шыныбай дейтін бес ағайынды, адамдар болатын, қазақ-орыс станциясында жылқы баққан боп тұрып, үнемі жылқы ұрлығын істейтін жатақтар да.

— Жақсы біледі екенсің, — деді Шәкір, — Қошығұл қызын Мықтыбайдың кенжесі — Шыныбайына атстырған. «Оқуы жоқ» демесең, ешкімнен кем жігіт емес. — Рас...

— «Сәбит Қошығұл қызы алуға келе жатыр» деген сөз ел ішінде дүнк ете түсіп, ауыл арасы кәзір шапқын. Мықтыбай балалары бірінен соң бірі келіп ат ізін суытар емес. Әбілі маған да келіп кетті... Уән руының Шәкірі емес пе едің? Арғы атамыз Самай емес пе еді? Қаның бірге туысым, бұйтуге қалай қидың?» — деп, алды-артымды орап, қашқалақтайын десем бұлтартпай қойды.

— Не дедіңіз оған?

— Не дейін? «Совет заманы. Ұлға да, қызға да ерік. Не десе де заң білер» дедім.

— Маған не дейсіз?

— Қызға жолықтыруға өз ебім келмейді, шырағым. Оған епті інім — Қасен... Мен оған ертең кешке осы Қаратомар басындағы ауылдардың қыз-бозбаларын «алтыбақан» ойынына шақыруды тапсырайын. «Қошығұл қызын да келтірт» дейін. Сонда қызға сөйлес те, ризашылығын ал. Одан әрі-заңға сүйенерсің. Мен бұл істе бой көрсетпейін.

Шәкір мені... інісі Қасенмен таныстырып, мән-жәйді атқан соң:

— Болады, — деді ол. — Бәрін де реттеймін. Бұған да тәсіл керек. Алтыбақан ұйымдастыруды ауыл жігіттеріне тапсырайын да, өзім Сәбитке ерген боп, ауыл аралап, бой таса қыла тұрайын. Алтыбақан ойынына Сәбит екеуміз ілдеқалай кезіккеп болайық.

– О да мақұл, – деді Шәкір.

Сол «алтыбақан» түні Шәукер маған қызбен оңаша жаолығысып сыр ашысудың да ретін келтірді. Біз қосылуға сөз байластық. Қыздың жалғыз ғана шарты: – Арнаулы кісі жіберіп, әкемнің ризашылығын алыңыз!

Алтыбақаннан Шәкірдің үйіне тақ ағара кеосем, ауыл шырт ұйқыда жатқанмен, ол... сыртта жүр екен. Ол Сәбиттен сөз тиянағы неге соққанын сұрады. Сәбит айтып берді.

– Шырағым, – деді Шәкір мені тығдап ап, – мана саған қыздың қайын жағынан келетін қиындықты ескертіп ем, одан да қиынын, қызбен сөз байласқан соң айтайын деп ем. Сөз байласыпсың. Қайырлы болсын! Бірақ, бұл уәденің салмағы артында екен. «Әкемнің лұқсатын ал» деген сөз – ең ауыр сөз. Шынымды айтайын, – бұ томардың басында, Қошқыұлға тілін алдыратын кісі жоқ. Мені де ол тындамайды, «сен де ақыл үйрететін деп пе едің?» – деп боқтап шығарады. Мен түгілі «осы Уәннің тұтқасымыз» деп жүрген Күркенің Әубәкірі мен Қошкенің Жақыбын да тындамайды...

– Кімді тындайды сонда?

– Қайдам... – деп Шәкір аз кідірді де, – бір тындаса өзіңнің ағаң – Нұртазаны тындайды, – деді.

– Неге?

– Талай құдалықтың, дау-дамайдың айтысына түсіп, көбіне жеңіп шығатын «айыр көмей, жез таңдай» емес пе, Нұртаза?

Бұл қатты шалды бір балқытса, сол балқытады.

– Қазақшылыққа бармай, заңға жүгінсе қайтеді?

– Оған қыз көнбейді.

– Неге?

– Қошығұлдың үкідей мәпелеп отырған баласы емес пе ол? Әкесін кеңсеге сүйретіп күйеуге тиеді деп тұрсың ба қызды?

Шәукер – Күркенің Әубәкірінің баласы Сәбитпен шамалас.

Ауыл қызы әлі ондай халге жеткен жоқ. Бұның ретін Нұртаза ғана келтіре алады, ол келтірмесе қыздан күдер үзу керек.

Сөз осыған тоқырады. Мен Нұртазаны құдалыққа жібермек бодым да... өзімнің туған ауылыма аттандым.

...Нұртаза бір пар атты жектіріп, қасына бірер адам жолдас ап, Қошығұлдың ауылына жүріп кетті. Ол 2–3 күнде оралды. Айтып келген сөзі: жорамалым келді де қойды, сұраған кідесін бермесең, құлағына қол апартар Қошығұл жоқ.

— Сұрайтыны қанша? — деген біреулерге: жүз деп отырмысың? — деді Нұртаза ақырып — мың сом сұрайды да.

— Ойбо-оой — десті әркімдер. Мынасы сұмдық қой... Екі қыздың толық қалың малы ғой, бұл!

Імм-десті тыңдаушылар — Сәті түспеген құдалық болған екен бұл!... Бала аузына алмағай еді, Нұртаза, сен бармағай едің: бұл енді жалғыз бізге емес, бүкіл Сибан атаулыға ұят болды.

Өкінген жұрт ауылды-ауылына бытырап кеткен шақта, жирен қасқасын екпіндете жорғалатып Жәмпейіс келіп қалды. Ол бізге:

— Бәрін де естідім. Қошығұлдың құлағына қол апартпауына көзім жеткен соң қыздың ағасы — Тоқсанбайға, Орынбордан келіп жатқан ағасы Қазифа астыртын кісі сап: «Мені де, Сәбитті де мерт етіп бұл қай қылықтарын? Қойсын бұларын, көндірсін әке-шешсін!» дедім. Олар «кемпір мен шалға не қыл дейді, сонда?» деп былқылдаған соң екеуіне де білдірмей қызға астыртын кісі салдым. Қыз «әліде әкеммен сөйлесіп көрсін, араға кісі салмай Сәбиттің өзі келсін, әкем көнсе көнді, көнбесе, занға жүгінуге бейілмін» — депті.

Ал, бұны былай істеу керек — деді ағынан түсіп, Жәмпейіс — Қошығұлдың ауылына жәй бармау керек, зәресін ұшыра бару керек.

— Қалай?

— Сибанда кәзір не көп, — оқыған «жырық етек» көп. Бәрін де оқуға апарған Сәбит. Басы — Ғабит Мүсірепов қып солардың

тайлы-таяқтысын тастамай, түгел апару керек, бір отряд болсын өзі!

Жел көңіл Жәмпейіс «отряд боп бару керк! — деп қыздырған мен, ауылдың үлкендері басу айтты.

— Ұят болар өйту, — десті олар, — қалың топ жинайтын, таргып алуға бара жатқан жоқсындар. Шағын ғана адам, сыпайы түрде ғана барыңдар.

Сөз осыған тоқырағаннан кейін, пар-пардан ат жеккен бес гарантаспен ататндық.

Қаратомар басында біз 3–4 күн алдандық. Бірақ, Қошығұл бізді үйіне жолтақан жоқ. Сонда айтары: «ашқан аузымды толтырсын да, қызды алып жүре берсын, әйтпесе қолдан берер қызым жоқ. Қыз ерсе, заңмен әкетем десе, мейлі білсің!»...

Қошығұлдан қажыған біз қызына астыртын кісі салсақ:

— «Әкем бүйтпес деп ойлаған едім, — депті қыз. — Көнбеуіне көзім жетті. Уәдем-уәде. Заңға жүгінуге бейілмін».

Шәкір маған, заңға жүгінуден бұрын тағы бір амал қолдануды ұсынды.

— Қошығұлдың, — деді ол, — бұл маңда Абылайдың басқа қорқары жоқ, өзгеге өре түрегелгенмен, Абылайды көрсе бұғып қап, алдында бүгежектеп, тіл қата алмайды. Осыған Абылайды жұмсап көру керек.

Шәкір Абылайға астыртын хабар салса, — «Бәрін де естіп жатырмын. Сәбит бар нөкерімен бүгін кешке Қошығұлдың үйіне келсін де түссін. Со кезде мен де барайын, көрейін, көніп тұрған қызын бермейтн Қошығұлдың әуселесін» — депті.

Біз Қошығұлдың үйіне іңірде барсақ, аспа кәрәсіе шамның әлсіз жарығынан кескіндері бозамық сұрғылт тартқан аз ғана адам отыр. Қошығұл үйінің біз білетін адамдары түгел. Бәрінің де еңсесі түскен. Төрде, басы қаздың айғырындай қақырайып, орысшалау киінген, тас-түйін боп түйініп, оң жақ білегіне бүлдіргесінен ілген қамшыны екі бүктеп қолына ұстап алған Абылай жалғыз отыр. Оң жақ босағада басын жастыққа қойып,

шөке түсе жөтеліп кксау кемпір жатыр. «Бұл тегі қыздың шешесі болу керек» деп жорыдым. Біз үйдегілермен сәлемдескеннен кейін, Абылайды төңіректей, төрдің бос жерлеріне қатарласа отыра қалдық. Абылай сөзін Ғабитқа арнап бастады.

— Шырағым Ғабит, — деді ол, — амандық-саулықтан кейін, — Сибанның ойдағы-қырдағы оқығаны жиналып мұнда келе қалған екенсіңдер. Бәрін сен бастап кепсің. Бірінші айтарым — сапарларың оң болсын. Екінші айтарым — Сәбитке бермеген қызды сүрлеп қоя ма бұл Қошығұл? Осы әңгімені әнеугіден бері үйде естіп жаттым да, «ақырын күтейін» деп, ат ізін салған жоқпын. Көксау Нұртаза біздің үйге кеп қоғанда, мен айтқам: «Ауызға алмағай едіңдер бұл кеңесті, алғаннан кейін қайтудың реті жоқ. Қошығұл қазақы адам. Ол баяғы патша заманымен бірге адыра қалған ескі ғұрыпты көксейді. Кәзіргі заман оның сақалын жұлып қолына беруін надан байғұс білмейді. Қыз көнсе болды. Содан кейін өзгенің әлі келмесе, Қошығұлдың мойнын мен-ақ бұрап берейін» — деп. Сол Қошығұл әлі де қиқарлығын қоймай жатыр деген соң әдейі келдім. Ал, шал, — деді Абылай төмен тұқырған Қошығұлға бетін бұрып, қалың дауысын ызғарлы түрде шығарып. Айтқаным айтқан. Сөзді қой да, кәзір бір тоқтыңды сойып, мына күйеуің мен қосшыларына қонақасы бер! Сөйт те, түнде аттандыр!

— Тан атуын күтетін болармыз, — деді Қошығұл күмілжіп.

— Таң-маңның керегі не? — деді Абылай жеки сөйлеп, — күн тәулігінің 24 сағатында сәтсіз жоқ. Ауылыңның үстінде топыр болу жетпей жатыр ма? Бұл айтқанымды орындамасаң, екеуіміз қанжығада көрісетін болармыз. Ал, мен аттанам, — деп Абылай қамшысын жерге таяна орнынан қозғала бастады.

— Мына кісілерге сойған малдың басын жеп кетпеймісің? — деді Қошығұл.

— Мені сыйлағың келсе, кейін сыйла. Қонақтарыңды риза қыл. Араға кісі жүргізіп біліп тұрам да, егер тағы да

арындауықтығың ұстаса, тағы кеп, қызыңды өз қолымен Сәбиттің арбасына салып берем. Оған шыдасаң отыра бер.

Абылай түрегелді де, үн-түнсіз шығып кетті.

— Әй, бейшарасың-ау, — деді анадай отырған Тоқсанбай әкесіне, — осынша шыр-шу шығаратын ештеңе жоқ еді. Ел ішін ылаң қылмай әнеугүні ғана орындап жіберетін іс еді. Жат жұрттыққа жаралған жасы жеткен бала. Қалау ғып отырған адамы-теңі, не керек еді, жөні кеп тұрған істі осынша шиелендіріп? Ендігі сөзді қой. Мен тойдың қойын әкеліп соям да, осы Сибандарға ғана қонақасы беріп, қарындасымды қастарына қосып аттандырам.

Қошығұл мақұлдағандай үндемей қалды...

Қонағасы ішілгеннен кейін:

— Ал, Қошеке, — деді Ғабит-Қошығұлға, рұқсат болса біз енді аттанамыз.

— Оған енді сөз бар ма? — деді ет жер алдында келген Қазі.

Ал, енді жылау сықтау деген болмасын. Ауыл адамдарының бәрі ұйқыда. Бақырып-шақырып мазасын алмаңдар. Рәшті өзім апарып салам. Үн-түнсіз жөнеліп кетейік...

Ал тарттық-дескен серіктерім бірінің артынан бірі сөгіле жөнелді. Мен арбама зор қуанышпен міндім. Өйткен себебім - үйленуім ғана емес, үйлену күресінде жеңіп шығуым».

Бұл әңгімеден де біз ешкімге көнбей қарасырып отырған Қошығұлды Абылайдың мысы басып жеңіп шыққанын көреміз.

VI

1925 жылғы күзде Сәбит Қызылжарда «Бостандық туы» газетінде істеп жүрген кезде оның әйелі Рахима мен жаңа тұған ұлы Арыстан қайтыс болады. Сәбит екі бірдей ауыр қазадан кейін сары уайымға түсіп жүдеп кетеді. Осындай ауыр халде жүргенінде 1926 жылдың мамыр айының бір күні жайрандай

сөйлей Жәмпейіс келеді. Ол Сәбитті үйіне қонаққа шақырады. Сәбит «Қайте бересіз шақырып» — дейді.

— Бұл жолғы қонағым сен емессің, — дейді Жәмпейіс, — Абылай хажы. Ол кісіге арнап мал сойдым, сен табақтас боласың.

Одан арғы болған уақиғаны «Есею жылдарында» Сәбит былай әңгімелейді:

«Жәмпейістің пәтеріне барсам, Абылайдан басқа қонақ жоқ екен. Қызылжарда біраздан бері жатқан ол, әйелім өлгеннен кейін де, балам өлгеннен кейін де пәтеріме кеп, көңіл айтып шыққан. Сонан соң кездесуім — осы».

Жәмпейіс «аз уақытқа ғана шаруам бар еді, кәзір келем» деп шығып кетті, Жаңыл жеңгей ауыз бөлмеде ас жабдығымен жүрді. Абылай екеуміз оңаша қалдық. Ашық мінезді, сөзді тік айтатын Абылай суық түсімен кескініме одырая қарап алды да:

— Бұ не, қазылып жүдеп кеткенің?! — деді ағалық көрсетіп ұрысқан дауыспен, — жуықта ғана жап-жалпақ, топ-толық бетің, кедей үйдің кішкене шөмші сияқтанып, бірақ уыс бола ғапты ғой!.. Қайратты жігіт бола ма десем, сен де осындай бор-кемік, жасық па едін? Сенен басқа кісінің қатынны мен баласы өлмеп пе? «Қатын өлді қамшының сабы сынды» демей ме қазақ? «Бала — белде, қатын — жолда» демей ме? Қартайып отырған кісімісің сен, — әенді маған кім тиеді?!» дейтін. Тепсең темір үзетін қыршын жас шағың емес пе? Қатын тұрсын қыздардың өздері таласып тимей ме саған, мынадай — әйел атаулыға бостандық болған шақта?... Тәйт әрі! — деді Абылай маған тағы да қарап қойып, ақырын жекіген дауыспен, — таста, мұның бәрін!.. «Болған іске болат бол».. да, белінді тас қып буып ап тіршілік жолына түс!

— Аруағыңнан садаға кетейін, хажеке-ай, — деді алжапқыш байлап, көйлектерінің жеңін түрген Жаңыл ауыз бөлменің есігін ашып, басын сұғып, — бұл қайыніме, — деді мені қолымен нұсқап, біз де айтпайды емеспіз. Өзгеміздің сөзімізді жеңіл

көреді. Енді айтқан соң мықтап айтып, Сіз осы қайнымды қолыңыздан аяқтандырып жіберіңіз!

Қазақты мінезді Абылай, әйелдің сөзге қосарлануын ұнатпағандай, Жаңылға түйіле қарап қойып еді, ол қаймыққандай бөлменің есігін жаба қойды.

— Қызылордаға жүргелі жатыр деп естідім бе? — деді Абылай маған.

— Солай еді, хажеке, — дедім.

— Алдақашан аттанатын жолыңнан бөгеліп жүр деседі ғой сені, әйелің мен балаңның басына барыңқырап?.. Абылай жауап күткендей бетіме қарап еді мен үндемедім.

— «Қайғы — қара жер, жұтпай тынбайды» депті бұрыңғылар, деді Абылай. — «Құсаның түбі — құрт» депті. Бүйтіп жүріп ауруға шалдығуың мүмкін. Өйтпеу үшін, біріншіден — бұл қаладан тез кетуің керек. Қатын, балаңның қабырын көрмесең көңілің алыстай береді де, содан кейін біртіндеп суыйды. Бұл — бір, — деді Абылай, сөз аяғын шегелегендей нық дауыспен, — екінші — «қайғының уытын қуаныш қана алады» депті бұрынғылар. Бұл қайғыдан арылу үшін қуанышқа бөленуің керек.

— Қалай? — дедім мен.

— Не «қалайы» бар?.. Қатын алу керек!

Біздің кеңесімізді ауыз бөлмеден тындап тұрғандай, Жәмпейіс төргі бөлмеге кіріп келді де:

— Менің де айтып жүргенім осы, хажеке, — деді іліп ала жөнеліп.

— Өз сөзімді қанағат көрмеген соң, әнеугүні Ғалауетден екеуміз отырып айттық...

Ғалауетден Есілбайұлы Мәмеков — ауқатты семьяда туған, мұсылманша орысша орта білімі бар. Троицкіде шығатын «Айқап» журналында бірнеше мақаласы жарық көрген. Қызылжардағы педтехникумда жаратылыстанудан көп жыл сабақ берген, мінезі момын, адамгершілігі мол, жақсы адам.

— Естідім, — деді Абылай, Жәмпейістің сөзін бөліп. — өзінің балдызы, Арабтың қызына телітін ойы бар көрінеді ғой оның...

— Дәл түстің, хажы, — деді Жәмпейіс, — Торсанның немересі! Бүкіл Керей-Уақтың патшасындай болған адам! Өздері қандай көрікті және! Арабтың қызы — бет біткеннің сұлуы дейді... Совет заманы болмаса, кеше есігінде жүрген батырағы — Сәбитке Торсан сияқты адам қыз бермек түгіл, маңайына жолатпас еді. Енді, бермеске амалы жоқ. «Торсанның немересін алып-ты» деген атақтың өзі қандай! Сәбит ризашылық берсе, арғы жағының ретін Ғалауетденнің өзі-ақ келтіретін...

— Болдың ба? — деді Абылай ұнаптаған кескінімен.

— Болдым, — деді Жәмпейіс, — сәті түсіп тұрған осы қызды ұйпалап ала өю керек.

— Оны алмайды! — деп Абылай кесіп айтқан дауыспен.

— Неге, хажеке-ау?!

— Төре қызын алмаңыз

Төрде отырап шалжиып.

Береке байлық таба алмас,

Байы оның мал жиып» —

дегенді естіген жоқ па ең? Торсан тұқымынан қыз алса ол бұған қатын болмайды, бұл оған қатын болады.

— Ойбай, хажеке, сонда қызды қайдан табамыз, бұл Сәбитке?

— Ел емес пе? — деді Абылай. — Іздесек табамыз.

— Әрине, — деді Жәмпейіс, бірақ қай қыз өз бетімен келе қояды, «Мені ал!» деп. Табу керек қой оны! «Таптым» деген қыздан мені құып шықтың, хажеке. Енді өз білгенің болса, айт! Бұл Сәбитті үйлендірмей жібермеу керек, әйтпесе жүнжіп кететін түрі бар.

Абылай шылым тартатын кісі болатын. Бірақ жиі емес, сирек тартатын және қағазға қолдан орайтын махорка тартатын. Сол дағдысымен жан қалтасына салы жүретін аузы бүрмелі кисетін суырды да, төс қалтасынан текшелеп бүктеген газетті алып, шылымын үн-түнсіз бұрады, бір шетіп аузына тістеп,

сіріңкесімен тұтатты, мол сорған түтінді қияғын баспайтын қалың қара мұртының арасынан бұрқырата шығарды. Сөйтіп, «шылымға мейірім қанды-ау» деген кезде: — Қыз толып жатыр. Аты қыз керек болса, осы Қызылжардан да тауып берейін. Бұл Сәбитке — «Жалғыз жігіт қатыны, ат — шалмандай шұлғысын» дерлік пысық, таза, ынсапты, ұятты, арлы қыз керек, — деді.

— Оның бәрі рас қой хажы, — деді Жәмпейіс, — сонда, өзің сипаттап отырғандай тәрбиелі, бипаз қызды қайдан табамыз бұл Сәбитке?

— Ұшқалақтығың-ай, бейшара! — деп қойды Абылай, Жәмпейіске алая қарап, ұнатпаған кескінмен. — Мені осы жұмыстың ретін тап деп шақырдың ба?

— Рас, — деді Жәмпейіс.

— Рас болса, мені ойламай келді деймісің, сақалды басым-мен?

— Өзім де солай жорыған едім, — деді Жәмпейіс жарамсақтанған кескінмен.

— Ойлап қойған бір жерім бар. Егер ол жер туысым болса, мені «Қарына тартты» дей көрмендер! Сен — Сибансың гой, — деді Абылай маған қарап, — мен — Көшебемін. Көшебе: Жоламан, Таузар деп екіге бөлінеді. Жоламаны: Мәмбет, Үмбет деп бөлінеді. Мәмбет — менмін. Үмбеті — мына Жәмпейіс. Мәмбеттен — Жарылғап, Қалжан. Мен — Қалжаңмын. Қалжаннан: Майлы, Мұсайыт. Мен — Майлының шөбересімін. Мұсайыттан: Азынаш, Көшер. Көшерден кәзір табаны күректей он үй бар. Мұсайыттың еркек-әйелінде (барлық саны елу-алпыс болар) жөн білетіні — Сатанның бәйбишесі — Зейнеп.

— Ие, ол ақылды адам, — деді Жәмпейіс.

— Сатан Зейнептің отызды жаңа орталаған кезінде өлді, — деді Абылай маған қарап. — Қожақмет дейтін жалғыз кішкене ұлы қалды. Зейнеп осы баласын күтіп, жас болса да байға тимеді. Ақыры Қожақмет ер жетіп, үйленіп бірер балаға ғана әке болған шағында өлді. Сол Қожақметтен төрт жасар қыз, бір

жасар ұл қалды. Ұлы өлді, қызы — тірі. Аты — Мариям. Кәзір он бестен он алтыға қарап тұр. Сымбатты, көрікті боп өсіп келе жатқан бала...

«Ендігі айтарымды өздерің жобалай тұрындар» дегендей орталанып сөнген шылымын Абылай аузы-мұрнынан бұрқырата отырып:

— Келелі сөзіме енді келейін, — деді ақырын дауыспен, сабырмен, — Қожақметтен қыз қалды дедім ғой, аты — Мариям дедім ғой. Оның шешесі — Бәт. Байы өлгең соң немере қайнысы — Қажымұрат дегенге қостық. Қожақметтің қызы — Мариям оның бауырында емес, әжесі — Зейнептің бауырында өсті. Біздің Мұхаметжанның Марияммен құрдас Хайыржамал дейтін қызы болған, бертінде өлді. Мариям сол қызбен дос болып, біздің үйге көп келетін еді. Зейнептің үйіне мен де көп барып, кеңесіп қайтам. Сонда байқасам, бір үйдің жалғыз баласы болған соң аздап еркелігі, тентектігі болғанмен, тәрбиесіне, жүріс-тұрысына, мінезіне қарап жақсы адам бола ма деген үмітім бар. «Емшек табы — аузынан, бесік табы — арқасынан кетпеген», өрұмталдай жаңа өсіп келе жатқан бала. Менің бұл Сәбитке осы баладан басқа тапқан қызым жоқ.

— Басы бос бала ма? — деп сұрады Жәмпейіс Абылайдан.

— Кішкене күнінде атастырып қойған біреу бар еді, онымен қазір ажырасты. Жақын арада. «Таздың байы — Нүрпейіс хажының баласы — Мұхаметқали баласына құда түсем деп жүр» деп естідім. Араларында аздап кәде де ауыса бастағанға ұқсайды.

— Онда қалай болады?! — деді Жәмпейіс.

— Түк те болмайды. Қыздың билігі Зейнепте. Ол менің сөзімді далаға тастамауға тиісті.

— Олай болса, осыған тоқтаймыз да? — деді асығыс Жәмпейіс маған қарап.

— Қалай дейсің, Сәбит? — деп жылпылдатқан Жәмпейіске:

— Көрерміз, ақылдасармыз, — дедім мен.

— Ол қызды Сәбит қалай көріп, қалай сөйлеседі? — деп жылпылдатқан Жәмпейіске:

— Ойланайын. Ақылдасайық. Ертең менің пәтеріме кел! — деді Абылай.

Ертеңіне Жәмпейістің маған айтып келгені: сен туған ауылыңа бара жатып, жолда Мұсайытқа көрші — Қаратоқа ауылындағы Нұртаза қызы Рабиға апаңның үйіне түсесің. Абылай хажы елінде бұл мәселеге қатынасы болатын сенімді адамдарына астыртын хабар айтады. Рабиға апаңның үйіне олар хабарлайды.

— Мақұл, — дедім мен. Ойымда: «Нем кетіпті. Көрсем көрейін қызды. Ұнаса оны көрермін, ұнамаса оны көрермін...» Жәмпейіске осылай уәделестім де, бетімді Қаратоқа ауылына түзеп жүріп кеттім...

Бұл «тоқсан сөздің тобықтай түйінін» ғана айтқанда: Абылайдың астыртын жіберген сәлемін естігеннен кейін, Зейнеп шеші немересіне: «қарағым, өзің көнсең, мен бейілмін», — деген. Немересінің көнгенін көргеннен кейін: «ендігі мәселе заңмен шешілсін: Сәбит аудандық кеңсеге барсын да, «қыз — риза, төркіні — риза емес» деп, немеремді милиция арқылы шақыртсың, мен жұрт көзіне наразы болған болайын, немеремның уәдеден таймауына өзім кепілмін» деген.

Сөз осыған байланғаннан кейін, мен «Бөкен» аталатын көлдің басындағы «Құрамсы» ауылына орнаған Төңкеріс ауданының кеңсесіне жүріп кеттім. Болыстық атқару комитетінің председателі — Баязит Тілегенов маған таныс және дос жігіт те... ақылды, сабырлы, білімді бұл жолдас менің сөзімді тыңдап алғаннан кейін:

— Милиция жіберу қиын емес, алып келуі де қиын емес. Бірақ, сөз түріне қарағанда, тым жастау адам екен, уәде байласқан қызың. Кеңсеге келген соң уәдесінде тұрса жақсы, өйтпей туыстарының жүзін жыртпай, уәдесінен тайып кетсе қайтеміз? Сонда саған да, бәрәмәзге де қят болмай ма? — деді.

... Нар тәуекел! — дедім Баязитке. — Жіберейік милиционерді!...Қасына сенімді адам қосайық.

— Кімді?

— Имақ Тоқпановты.

— Білем. Бірінші ауыл советінің председателі. Қолайлы адам. Аудандық милиция начальнигі — Самарқан Жүмәділов дейтін, кіші милиционер Қасым Сәдуақасов дейтін жігіттер болатын. Екеуі де көңілді, ойнарқы адамдар, Қасым-әнші...

Болыстық атком жұмсаған Самарқан, Қасым, Имақ — үшеуі кешке аттанып, ертеңіне ертемен қызды алды да келді. Бірақ қыз жалғыз келмей, «бұл қорлыққа көнбейміз, қызды бермейміз» деген даурығумен, Жарылғап — Қалжан аталатын бес ауылдан жетпіс-сексен салт кісі ере келді, қолдарында бір-бір жолдағаш!.. Соларға еріп, қыздың шешесі — Бәт, әжесі — Зейнеп, өгей әкесі Қажымұрат, немере ағасы — Шұғайып келді. Түн қатып келген кісілер тынығу үшін Бөкен басындағы ауылдарға бөлініп орналасты. Баязит Тілегенов қызды Бекболаттың Жақиясы деген адамның үйіне жеке түсірді...

Менің қасымда немере ағаларым — Мырзағазы мен Ғаббас, інім — Шәкен бар еді. Олаға кеңсе маңында жүрген бұрыңғы мұғалімім — Хамит Махмудов қосылған...

ЗАГСтен өткен біз Сүгірбай үйінде (Мырзағазының бажасы) қонақта бодық та, Қызылорда сапарына Лебязжы теміржол станциясынан поезбен жүрмек болып аттандық. «Салттысы, арбалысы...» дегендей бізді бір қоналқа жерге дейін көп достар шығарып салды. Ертеңіне аздаған ғана адам еріп, қалың топ хоштасты да, сол арада қалып қойды. Біз жөнеле бергенде, олардың шуласа айтқаны — «Оң сапар!»

Жұбайлық өмірдің оң сапарына Мәкең екеуіміз осылай аттанған едік...»

Жазушы осылай Мариямға үйленуі туралы сол 1926 жылы шығарған «Оң сапарға» (М...ға) деген өлеңінде:

Өмірдің білмейтұғын балын, тұзын,
Талдырмаш орта бойлы, шашы қзын,
Бұралған тал шыбықтай еркек-шора
Мұсайттың сәби мінез бір жас қызын.

Сездім де айтысқан сөз, алған қолға,
Бірлесіп сапар шектім жырақ жолға
Ұядан ұша сала дірілдейді,
Дегендей, «бұл сапарым теріс пе, оң ба?»

Менімше, бұл оң сапар, оған куә, –
Азбаған ар-ұятым өзім туа
– деп өлеңнің сүйген жары Марияға арналғанын білдіреді
де, одан әрі:

Себеп бар әрбір түрлі көрінсте,
Бұл қызды бір дос алғаш түсірді еске.
Арада дәнекер боп тағы да ол,
Оңаша жолықтырды бір күн кешке –

Деп жұмбақтап кетеді. Жоғарыда айтылған әңгімеден бұл екі жастың қосылуына дәнекер боп жәрдемдескен адамның Абылай Рамазанов екенін білеміз.

Абылай мен Сәбиттің кездесулері туралы әңгімені осымен ғамамдайтын болғандықтан бұл екеуінің арасындағы байланысқа қатысты мынадай жайларды айта кетпеске болмайды.

Білетін адамдардың айтуынша, Сәбит алғаш Омбыға оқуға барарда да бірсыпыра жаңа киім әперіп, қалтасына ақша салып берген де осы Абылай Рамазанов болыпты. Сәбитке алғаш Қосшығұл қызы Рахиманы алып беруге көмектескен де, сол Рахима мен баласы Арыстан қатар көз жұмып соқа басы сопайып жалғыз қалған кезде болашақ жазушының жағдайына бел шешіп кірісіп, өзінің қызы есепті он бес жастағы Мариямды

алып беріп жүрген де осы кісі. Ол бай ретінде конфискеленіп Ақтөбеге жер аударылғанда Мәриям апай іздеп барып талай рет жолығыпты. Сәбең де іздеп барып жолыққысы келген екен, Абылай хажы: «Жаңа жетіліп келе жатқан жігіт еді, кесірім тиіп кете ме, келмей-ақ қосың, көзге түсер», – депті.

Міне, Абылайдың бұл сөзінен біз оның тек өзінің қара басын ғана ойламай кейінгі өсіп келе жатқан жастардың амандығын ойлағанын байқаймыз. Абылай сол кездегі жағдайды білген. Егер Сәбит оған жолап кетсе-ақ, оны ондырмайтынын сезіп, оның өзіне келуіне қарсы болған.

АБЫЛАЙ МЕН МҰХАМЕТЖАННЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Ағаларымыз «Орнында бар оңалар» – деп бекер айтпаған ой. Кітабіміздің басты кейіпкері Абылай хажы Рамазановтың қайтыс болғанына 80 жылдан астам уақыт өтсе де, оның ұрпақтары өсіп-өнуде. Оның өзінің және інісі Мұхаметжанның балаларының балалары өсіп келеді. Жоғарыда Абылай хажының: «Шіркін-ай он балам болып, бәрін де оқытсам!» – деген арманын келтірген едік. Бүгінде оның немерелерінің бәрі де жоғары білімді мамандар. Тіпті шөберелерінің алды жоғары білім алып, мамандықтары бойынша қызмет істеуде. Міне, бұл ол кісінің арманының орындалғаны емес пе?!

Енді Абылай мен інісі Мұхаметжанның ұрпақтарын толығырақ көрсетейік:

а) Сұлтан және оның ұрпағы

Жоғарыда айтқанымыздай, Сұлтан 1900 жылы Мұхаметжан мен Рабиғаның от басында дүниеге келген. Бірақ оны туа салысымен Абылай мен Бәтес өз бауырларына салып, содан ол Абылай баласы болып кеткен. Абылай оны ерке қылып өсірген. Жастайынан әуелі ауыл молалсынан оқытып, одан соң Қызылжарға апарып реальды училищеге оқуға берген. Қызылжарда Сұлтан белгілі дәрігер әрі педагог, соңынан Алашорданың Қызылжардағы комитетінің басшыларының бірі олған Жұмағали Ілеулиннің үйінде тұрып оқыған. Сол кезде ол Мұхаметжан Бегишевтің медресесінде оқып жүрген Мағжан Жұмабаевпен де танысып, қарым-қатынас жасап жүрген.

Қызылжардағы реальное училищені бітіргесін Сұлтанды әкесі Абылай Уфаның «Ғалия» медресесінде оқып жүрген балдызы Әбу Жұсыповтың жанына апарып, сол қаладағы учетно-бухгалтерский техникына оқуға түсіреді. Қазақстан

Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан филиалының мұрағатынан (архивтен) табылған фотографияда Абылайдың 1913 жылы Уфаға барған кезінде баласы Сұлтанмен, балдызы Әбумен түскен суреті көрсетілген. Онда Сұлтан қолына кітап ұстап тұр. Бұл оның 13 жасар кезі. Абылай ол кезде 42 жаста. Сұлтан Орынбордың рабфагінде де оқыған деген сөз бар. Бірақ бұл сөздің анықтығына сене қою қиын.

1922 жылы жазда Ақмола Губерниясы Қызылжар уезі Таузар болысындағы Жекекөл (Благовещенка) селосында қазақтың аудандық милиция бөлімі құрылған. Оның начальнигі болып Сұлтан тағайындалады да, соңынан оның орынбасары болып Ғабит Мүсірепов (кейін әйгілі жазушы болған) бекітіледі.

Қармаш ақсақалдың айтуынша, Абылай Итемірдің Күзембайының Үмітбайын өте жақсы көрген. Үмітбай адамгершілігі мол, кедейлерге қайырымдылықпен қараған жанашыр, ұры-қарыға қарсы тұратын адал адам екен. Бір кезде Абылай Үмітбайды болыстыққа да ұсыныпты. Осы Үмітбай қайтыс болғаннан кейін оның әйелі Рахиманы Ақыш қажының баласы Қалике алады. Қалике ер мінезді, балуан денелі, өткір әрі шешен адам болыпты. Үмітбайдан қалған Шұғайып деген ұлын, Зақот деген қызын өз баласындай тәрбиелеп өсіріпті.

Үмітбайдың осы Зақот деген қызын жас кезінде әйгілі Торсан Тілемісұлы өзінің Шери деген баласынна туған Хамит деген немересіне айттырып, құда түсіп қойған екен. Абылай Торсанды ұнатпайды екен. Сондықтан Үмітбайдың Зақоттың оның немересіне қимай, өзінің баласы Сұлтанға әперуге тырысады.

1923 жылы жазда Сұлтан Благовещенкода милиция начальнигі, Ғабит Мүсірепов оның орынбасары болып істеп жүреді. Торсанның немересі Хамит Зақотты жасауымен еліне алып келе жатқанда Абылайдың үйретуімен Сұлтан, Ғабит және бірнеше милиция қызметкерлері Зақотты бүкіл жасауымен алып келіп Абылайдың Сұлтанға дайындап қойған отауына түсіреді. Зақот ол кезде әлі тым жас болғандықтан Абылай

оған үш әйелді күтуші етіп қояды. Олар: Мағрипа Смағұл қызы, Үлмекен Кендірбай қызы, Айтжан.

Соңынан олар тұрмысқа шығып жан-жаққа тарап кеткенде, Ұқот Бәтес пен Көпейдің қамқорлығында болады.

Абылайдан қорыққан Торсан жағы еш қайран қыла алмайды. Сұлтан милиция начальнигі болып 1926 жылға дейін істеп, 1926–1928 жылға дейін сол Благовещенкада әскери гарнизонда писарь болып істейді. Гарнизонда 300 дей атты әскер болған. Сол жылдың орта кезінде оны байдың баласысың деп бұл қызметтен шығарып повар ғып қояды. Кәмпеске туралы хабарды естіген Абылай оған басқа жаққа кетуге ақыл береді де, Сұлтан елден басқа жаққа кетіп қалады. Соңынан Ақтөбеге келіп, туыстарымен қосылып бірге тұрады.

Бухгалтерлік білімінің арқасында Ақтөбенің қаржы орындарында бухгалтерлік қызметтер атқарады. Олардың салақ жүргізіліп қараусыз қалған істерін жөнге келтіріп, бухгалтерлік құжаттарды дұрыстайды. Сондықтан Ақтөбенің қаржы орындары оны елге жібергілері келмей әрең босатады. Жоғарыда айтқанымыздай, 1930 жылы Макушинге келгенде ол Макушин совхозында бухгалтерлік қызметке орналасады. Оған Макушиннен үлкен үй де береді. Тек сол жылғы июнь айында әкесі Абылаймен бірге жала жабылып Қызылжардың түрмесінде ол жылғы қараша айының ортасына дейін отырып шығады.

Сұлтан бұл кезде бай баласы ретінде ылғи құғыннан қашып, бір орныда тұрақтамай көшіп-қонып жүреді. 1932 жылы Омбы облысының Москаленко ауданындағы № 16 қой совхозында болады. 1934 жылы ол жақтан кетіп Түмен облысының Ишим ауданындағы Қармаштар отырған Кругленькое («Қызыл ту» колхозы) селосына келеді. Бұл жерге де іздеушілер келе берген соң, тағы қоныс ауыстыруына тура келеді.

1935–1936 жылдары ол Солтүстік Қазақстан облысының Шағлы совхозында, Қиялы стансасының маңында Блюхер совхозында, Омбы облысының Тайшалинский совхозында,

Қызылжарда облтресте бухгалтер, бухгалтер-ревизор болып істейді.

Сөйтіп қашып жүргенде 1942 жылдың январында Круглень-коеға келген жерінен Сәпіні Бірімжанынң үйінен қашқын деп Сәпі Исаның Ахметін, Күзембайдың Үмітбайының Шұғайыбын және Сұлтанды ұстап әкетеді. Тіпті сол үйде бірге болған 16-дан жаңа асқан Үкітайды да ала кетеді. Бастапқы үшеуін біреулер әскерден қашып жүр деп көрсеткен екен. Ал Сұлтан бұл кезде документте Абылаев Бөкен болып жүр екен. Сондықтан оны да босатады. Ахмет пен Шұғайыпты ұрып-соғып, алдымен түрмеге жауып, сосын соғысқа жібереді. Шұғайып 6 айдасын жараланып қайтып келеді. Сұлтан Голышман стансасында военный зауытқа отын дайындайтын бригадада жұмыс істеді. Одан әскерге алынып, Омбыдан 18 км Черемушкидегі әскери бөлімінің штабында писарь болып істеді.

Одан кейін Омбының военный зауытында бас бухгалтер, сол маңайда әскерилерге киім тігетін фабрикада бас бухгалтер болады. Оның сол жерлердегі қызметі аса қажетті болғандығы сондай, тіпті ол соғысқа жәберілмей броньмен қалдырылып отырыпты.

Соғыстан кейін 1946 жылы Сұлтан Ишим қаласының маңында Ветлинский демалыс үйінде бас бухгалтер, 1947 жылы Түмен облысының Қазан ауданындағы «Челюскинский» совхозында бухгалтер болып істейді. 1950 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Соколов ауданындағы Красноярка селосына келеді, 1951 жылы қайтадан Қазан ауданындағы Баландино селосына көшеді. Сол Қазан ауданында тері, жүн жинайтын заготовитель болып орналасады. 1955 жылдан бастап сол аданның Афонькино селосында тұрады. Ол тіпті сол 1955-ші жылға дейін органдар ұстап әкете ме деп қорқып жүреді.

1972 жылы сол кездегі Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданында аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істеп жүрген Уәп Латыпұлы Латанов Сұлтанды сол аудандағы

Ступинка селосына Афонькинодан көшіріп әкеліп орналастырады. Уәптің Сұлтандарға жиен болатынын жоғарыда «Абылайдың ата тегі» бөлімінде айтқан болатынбыз.

Өмірінің көбін құғын көріп, әр жерге көшіп-қонып өткізген Сұлтан отағасы тіпті ешқандай пенсия да алмапты.

Сұлтан жасында ауыл молласынан оқып жадидше хат танып, одан кейін Қызылжардағы реальное училищені орысша бітіріп, Уфада учетно-бухгалтерлік техникум бітірген сол кездегі сауатты, білімді адамдардың бірі болған. Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин сияқты Алашорданың белгілі мүшелерімен жақын көңілдес жолдас болған, сол үшін, әрі бай баласы деген атағы үшін 20 жылдан артық құғын көрген. Соның өзінде бір талай жерде әр түрлі қызметтер атқарған. Ол әдебиеттен де жақсы хабары болған. Өзі де бірнеше әңгімелер жазған. Соңғы жылдары Қали деген революционер туралы повесть жазған екен. Сол повесін Латанов Уәптің айтуынша, біреулерге қарап шығып баспаға беруін тапсырып берген екен. Өкінішке орай, сол шығармасы із-түзсіз жоғалып кетіпті.

Сұлтан осы Ступинка селосында 79 жасында 1979 жылы ауырып қайтыс болды. Балуан ауылындағы зиратта жерленді.

Сұлтанның Жұбайы Зақот 1970 жылы декабрьде Түмен облысының Қазан ауданындағы Афонькинода қайтқан болатын, «бірліктегі» зиратта жерленген.

Сұлтан Зақоттан Бекет, Сейілбек, Әлімбек, Қайырбек есімді төрт ұл, Рауза есімі бір қыз көрген. Бекет 1991 жылы 66 жасында дүние салды. Одан – Алтай, Қарпық, Нағашбай, Тоқа есімді ұлдар және Күләй, Күлзипа, Мариям есімді қыздар туған.

Алтай Түмен облысындағы Афонькино селосында отбасымен тұрып жатыр. Қарпық та жолдасы Нұржамал мен, балаларымен сол Афонькинода тұрады. Нағашыбай шешесі Раузаның қолында. Тоқа Қызылжарда. Оның жолдасы Үмітжан Әйіп қызы. Бекеттің қыздары да Түмен облысында. Екі үлкен қызы тұрмыста. Кенжесі

Мәоиям Күләй апасының қолында. Күләйдің жолдасы Камбар Серікұлы. Бекеттің жұбайы Мәстура Бірімжан қызы (Сәпі).

Сұлтанның екінші ұлы Сейілбек 1993 жылы Ступинка селосында 57 жасында қайтыс болды. Жұбайы Мамыр Мәжен қызы екеуінен Әскер, Сәйпи, Асылбек есімді үш ұл, Гүлнәр, Айша, Қайша есімді үш қыз туған. Ең үлкені Гүлнәр Шал ақын ауданындағы лесхозда тұрмыста. Айша Қызылжар ауданындағы Шаховское селосында, Қайша Қоскөлде (Семиполкада). Бұларда тұрмыста. Үлкен ұлы Әскер Ботагөз Серіебайқызына үйленген, Қызылжарда тұрады, сонда ЗАГSte қызметте. Сұлтанмен Сейілбектің Ступинкадағы шаңырағында Сейілбектің жұбайы Мамыр кенже ұлдары Сәйпимен және Асылбекпен отыр.

Сұлтанның үшінші ұлы Әлімбек 1984 жылы 44 жасында қайтқан. Оның жұбайы Көкөштен туған қызы Аққағаз тұрмыста, ұлы Жиас отбасымен Түмен облысының Қазан ауданында тұрады.

Сұлтанның төртінші ұлы Қайырбек Мария есімді әйелімен Ресейдің Правдинск қаласында тұрады. Әл-Фараби есімді ұлы сонда қызметте.

Сұлтанның Рауза (1938) есімді қызы Айымжан ауылының Базарбаев Есмағзам деген жігітіне тұрмысқа шыққан. Ол 1991 жылы қайтыс болды. Бұлардың Есімжан, Ботажан, Қалабай, Раушан, Бибінұр деген бабалары бар. Есімжан Қызылжар ауданындағы Красноярка селосында. Ботажан Фарида деген әйелімен шешесі Раузаның қолында тұрады. Қалабай — Қызылжарда ішкі істер басқармасында қызметте. Раушан Омбы облысында тұрмыста. Бибінұр жолдасы Марат пен Қызылжарда тұрады.

б) Қармаш және оның ұрпағы

Қармаш Мұхаметжанұлы 1920 жылғы 17 ақпанда Қарашоқта туыпты. Жасынан Абылайды көріп жүргендіктен ол кісіні жақсы біледі. Оның сымбаттылығын, өжеттігін, қайырымдылығын, сөзге шешендігін айтып отырады. Қармаштың балалық шағы Кеңес үкіметінің байларды қыса бастаған кезі еді. Сондықтан

сол қысымдардың шарпуы оған да тимей қоймайды. Мысалы, Қарашоқтан бір жарым шақырымдай жердегі «Қаратал» деген үлкен ауылда (Жарылғап ауылы) ашылған мектепке Қармашты бәй баласы деп алмапты. Баян мұғалім алып оқыта бастаған екен, кейбір кедейлердің жігіт боп қалған балалары қуып шыға беріпті.

Баян бұрын Абылайдың үйінде ашқан мектебінде Боярский-ден оқыған екен. Бірақ ол Қармашты мектепте қалтыруға қанша тырыссада шамасы келмепті. Заман оның ырқына жібермепті.

Қармаш тек 1930 жылы Макушин ауданныдағы Буденновка селосындағы мектептің бірінші класына оқуға түсіп 6–7 шақырым «Красная полянка» деген жерден (Коноваловка районының қаласындағы) барып тұрған. Бірақ бұлар құғыннан қорқып, бір жерде орнығып көп отыра алма, ан. Қармаш ақсақалдың айтуынша, 1930 жылғы жазда Абылай мен Сұлтан Қызылжардың түрмесінде жатқанда олар Петухов ауданындағы «Жаңа қазақ» деген ауылда бір өзекте талдың ішінде тығылып отырады. Сол кезде Заготскоттың гуртоправы болып қызмет атқарып жүрген жиендері Сәйпи Қарабалин сол жылғы күзде бұларды Гришино селосына апарып орналастырады. Ал 1931 жылғы күзде Мұхаметжан отбасымен Петухово станциясынан поездға мініп (основка селосына барып орнығады. Онда 70–80 үй ағайындарына қосылады. Сұлтан өз отбасымен әуелі Қызылжарға, одан Қиялы стансасының маңындағы Блюхер совхозына барған.

1932 жылғы мамыр айында Сосновкада Мұхаметжан дүние салды. Одан кейін бұл жерде тұру қиын болады. «Бір жағынан ұрылар шадатпады, екінші жағынан орыстар қысым көрсете бастады», — дейді Қармаш ақсақал. Сондықтан сол 1932 жылы жаздың ортасында бұлар Омбы облысының Москаленко ауданындағы № 16 қой совхозыны көшіп барады. Онда да көп ұрақтай алмай 1933 жылғы күзде Түмен облысының Ишим ауданындағы Кругленькое селосына көшеді. Мұнда Қармаштар 1933–1935 жылдары ағайыны Көшердің Сүлейменінің баласы

Хамзаның қолында болады. Осы жерге Сұлтандар, Сауыттар, Сәпилер де жиналып, бәрі бірнеше үй болып тұрады.

1939 жылы 19 жастағы Қармаш әскерге алынды. Әскерлік міндетін Қиыр Шығыста атқарып жүреді. Соғыс кезінде 1942 жылы оны Шығыстан Батысқа жөнелтеді. Содан соғыстың барлық ауыртпалығын басынан өткізеді. 1945 жылғы Жеңіс күнін ол әскери госпитальда емделіп жатып қарсы алады. Өзінен екі жас кіші інісі Сопан осы соғыста қаза тапқан.

Қармаш әскер қатарынан 1946 жылы босап Кругленькоеға келсе, Сұлтан бұдан бір ай ғана бұрын оралған екен. Үкітай және Сұлтанның үлкен ұлы Бекет әлі әскерде көрінеді. Мұндағы колхоз ыдырап, селода 11–12-ақ үй қалыпты. Бұлардың отбасы соғыс кезінің бар ауыртпалығын көріп жүдеп отыр екен. Әскерден келісімен Сұлтан Ишим қаласының маңындағы Ветлинский демалсы үйінің бас бухгалтері, Қармаш сонда директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып қызметке орналасады. Бірақ 1947 жылы демалыс үйінің директоры болып әскерден босап келген бір орыс офицері тағайындалады. Ол келе сала мұндағы қазақтарды құдалай бастайды. Сондықтан Қармаштар бұл жерден кетіп Қазан ауданындағы Челюскин совхозының маңында бір ағаштың ішінде мал фермасында отырады.

Одан кейін Қазан ауданындағы «Бірлік» колхозына келеді. Бұл колхоздың халқының көпшілігі әр жерден жиналған адамдар екен. Колхоз деген тек аты ғана. Бірігіп жұмыс істемейді. Үкіметтің тұқымға берген бидайын колхозшылар бөліп алады да, егін шықпай қалды деп жлғары жаққа мәлімет береді. Сонынан сендерде бәрібір егін шықпайды деп үкімет тұқым бермей қояды. Отыратын үй де болмайды. Сондықтан Қармаштар мұнда көп тұрақтамайды.

Осы «Бірлікте» тұрғанда 1949 жылғы мамыр айында Қармаш Тайкөттің Түйтебайының баласы Қожахметтің қызы Ұлбөпеге үйленеді. Келесі жылы Солтүстік Қазақстан облысының Соколов

луданныдағы Красноярка селосына қоныс аударады. Бұл селода 1951 жылы Қармаш пен Ұлбөпенің тұңғыш ұлы дүниеге келеді. Оның есімін Сұлтан баяғыда Ыбырай ақынның Абылайға айтқан тілегін ескеріп Шығытай қояды. Келесі жылы бұларды Ұкітай өздері отырған Баландино селосына көшіріп алады.

Осы Баландинода 1956 жыдың жазында Абылайдың бәйбишесі Бәтес дүние салады. Бір жылға жетпей 1957 жылдың наурыз айында Мұхаметжанның бәйбишесі, Қармаштың шешесі Рабиға да қайтыс болады. Екеуі де Бірлік зиратында жерленеді.

Баландино селосында Қармаштар 1974 жылға дейін отырады. 1974 жылғы жазда сол жерден Сұлтандар отырған Ступинка селосына көшіп келді. Сонда отырғанда 1980 жылы Қармаш Мұхаметжанұлы 60 жасқа толып пенсияға шығады. 1981 жылы осы күні Қызылжар ауданына қарасты Новоникольск селосына көшіп келеді. 1989 жылы қазіргі Есіл ауданындағы Петровка селосына барып орналасады. Ал 2000 жылы Қызылжар қаласына көшіп келіп, содан бері осында жұбайы Ұлбөпе екеуі тұрып жатыр. Балалардың бәрі де ер жеткен, әрқайсысының өздерінің бала-шағасы бар. Бәрі де әке-шешесіне келіп тұрады.

Олардың Шығытай, Ғалымбек, Жабай, Қазыбек, Қайыргельді есімді ұлдары мен Сәуле есімді қызы бар. Шығытайдан – Асқар, Нұрлан, Нариман; Ғалымбектен – Әлия, Азамат; Жабайдан – Альмира, Ерлан; Қазыбектен – Гульмира, Гүлжан, Раушан; Қайыргельдіден – Индира, Жасұлан деген немерелері өсіп келеді.

Шығытай 1980 жылы Омбы ауылшаруашылық институтын бітіріп, инженер-механик мамандығын алып шықты. Қазір Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің машина жасау технологиясы кафедрасында лаборатория меңгеушісі болып істейді. Жұбайы Жұмабике мектепте қазақ тілі пәнінен сабақ береді. Ұлы Асқар 2001 жылы СҚМУ бітірген, жекеменшік фирмасында жұмыс істейді. Екінші ұлы Нұрлан СҚМУ бітірген. Үшінші ұлы Нариман сол университетті тәмамдаған.

Ғалымбек Петропавлдың ауылшаруашылығын механизациялау техникумын бітірген. Қазір Түмен облысындағы Голышманово селосында кәсіптік-техникалық училищеде мастер болып істейді. Жұбайы Майра дүкенде сатушы. Қызы Әлия Түмен медицина институтының түлегі. Ұлы Азамат та мектепте 11-сыныпта.

Жабай Петропавлдың индустриалды-педагогикалық техникумын бітірген. Ол қайтыс болған. Әйелі Марзия, қызы Эльмира, ұлы Ерлан Түмен қаласында тұрады.

Қазыбек орта мектеп бітірген, жекеменшік фирмада істейді. Әйелі Ләйла СКМУ-де істейді. Қызы Гульмира осы университеттің тарих факультетін тәмамдаған. Екінші қызы Гүлжан экономикалық колледжді бітірді. Раушаны мектеп бітіріп, ЖОО түсті.

Қайргельді орта мектеп бітірген, құс фабрикасында істейді. Әйелі Күлбаршын жекеменшік фирмада істейді. Қызы Индира оқушы, ұлы Жасұлан да.

Сәуле университеттің тарих факультетімен заң факультетін бітірген.

в) Үкітай және оның ұрпағы

Үкітай 1925 жылғы 12 желтоқсанда Абылайдың қыстауы Қарашоқта туған. Оның кіндігін кескен Абылайдың сенімді жұмысшыларының бірі Кендірбайдың Сүлеймені. Есімін Үкілі Ыбырайдың айтқанын орындап Абылайдың өзі қойды. Үкітай Көпейден туғанмен Бәтес бәйбишенің бауырында, соның тәрбиесінде болды. 1930 жылы туған шешесі Көпей қайтыс болғанда Үкітай не бары 4 жаста еді. Сондықтан ол шешесін аса білмейді. Тек оның өзі ауырып жатып кішкентай Үкітайының басынан сипап, бір түйір қант бергені есімде қалыпты.

Әкесі Абылай қайтыс болғанда бұл беске де толмаған еді. Оның үстіне ол әкесін 1929 жылы мартта Ақтөбеден этаппен Қызылжарға алып кеткеннен кейін, тек Омбы жақтан Макушинге 1931 жылғы марттың ортасында келіп, аз уақыттан кейін июнь

айында қайта тұтқындалғанға дейінгі екі айдан кезеңде ғана көрді ғой. Сондықтан ол әкесін де көзіне елестете алмайды.

Үкітай да Сұлтан мен Қармаш ағалары сияқты бай баласы аталып қиыншылықты көп көрді. Ол қашан әскерге алынғанша ылғи Сұлтанның отбасында болды шешесі Бәтеспен бірге. Сондықтан Сұлтанның отбасы қайда болса, бұл да сонда болды. Барлық қиыншылықты бірге көрді.

1943 жылғы ноябрьде 18-ге толар-толмас жасөспірім Үкітай Іүмен облысы Ишим ауданынан әскерге алынады. Алдымен оны Шығысқа Бийск қаласына апарып дайындап, 1944 жылы жазғытұрым батысқа соғысқа жібереді. Ол соғыс жүріп, Кеңес Одағының шекарасынан өтіп Румыния, Чехословакия жерлерін азат етісуге қатысады. Сол жылдың аяғында жараланып дала госпиталіне түседі. Онда емделіп, жазылып шығып, 1945 жылдың март айында қайтадан соғысқа жіберіледі. 3 апрельде Австрияның астанасы Вена қаласының маңында болған ұрыста қайта жараланып, Чехословакияның Брно қаласында далық жылжымалы госпитальға тағы түсіп емделеді. Бір айдасын соғыс бітеді. Госпитальдан жазылып шыққасын оны Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі НКВД әскерлері қатарына алады. Бұлардың дивизиясы басшылары мұның білімінің аздығын ескеріп, Будапештен 120 км тұратын Пана қаласына офицерлік оқуға жібереді. Оны бітіріп, лейтенант атғын алады. Одан кейін Австрия, Венгрия, Румыния, Германия, Польша жерлерінде поенторг бөлімдерін ашуға арналған ақшаны таратады.

Германия жерінде 3 ай маршал Коневтің күзетінде болады. 1947 жылы Америкадан 700 кісі соғыс тұтқындарын әкеледі. Үкітай солардың күзетінде тұрғанда бір қазаққа жаны ашып, бір бөлке нан бергені үшін офицерлік атағынан айрылады. 1948 жылдың басында оны қызмет атқарушы иттердің нұсқаушыларын даярлайтын оқуға жібереді. Оны бітіргеннен кейін 1951 жылдың көктеміне дейін Үкітай сондай иттердің нұсқаушысы қызметіне атқарады. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін Үкітай Қызыл

жұлдыз. Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, бір-неше медальдармен марапатталған.

Сөйтіп, әскерде 8 жылдай болып, 1951 жылдың май айының бас кезінде бір жола босап елге келеді. Бұл келгенде Сұлтан-ның отбасы Түмен облысының Қазан ауданындағы Баландино селосында отыр екен. Сұлтан өзі аудандық заготовительный пункт деп аталатын мекемеде заготовитель болып істеп жүреді.

Бір күні әскерден жаңа келген Үкітай Сұлтанмен аудан орталығына барады. Сонда ол Жарылғап Өтеуов Ахметтің («Танау Ахметтің») немере інісі Қойшығали Жұмабайұлына кездеседі. Ол сол Казанканың маңында ағаш арасында, Лесхозда тұрады екен. Қойшығали бұрыннан інісіндей көретін Үкітайды сонда үйіне қонаққа апарды.

Бұл жерде Таз Нұрпейіс хажының баласы Мұхаметжан молла отбасымен тұрады екен. Оның отбасында ол кезде Қоспан деген ұлы, Рахила деген үлкен қызы, баласы Кеңес және Шая атты 17-ге жаңа келген жас қызы бар екен. Рахила 1928–1930 жылдары Ақтөбеде Абылайлармен бірге айдауда болған Мұхаметжанның ағасы Мұхаметғалидың қолында болып, сонда жүргенде сол Ақтөбе жағының Қажыгерей Жүйріков деген жігітіне тұрмысқа шыққан болатын. Ол оқыған, ірі қызметтер атқарған талантты жігіт екен. Әттең сол кезедгі құғын-сүргінге тап болып, ауруға шалдығып 1942 жылы жастай қайтыс болады. Енді Рахида Қажыгерейден қалған баласы Кеңес пен әкесі Мұхаметжанды паналап отыр екен. Шаяға сол Түмен облысының Армизон ауданында тұратын Бике қалын малын да төлеп қойған екен. Бірақ Шаяның ол жігітті көзі де көрмепті. Енді бір жұмадасын олар келіп алып кетпекке келісіп қойған екен. Көрмеген адамға Шаяның барғысы да келмей әрең жүр екен.

Осындай жағдайда қазақтың ұзатылып кететін қызды сыйлап қонақ қылатын әдетін сақтап, Қойшығали Шаяны үйінде қонақ қылады. Үкітай бірге болып қызбен танысады. Екеуі сөйлесе келе бірін-бірі ұнатып, қосылып семья құруға келіседі. Бірақ

бұған қыздың ағасы Қоспан көнбеді. Ол тіпті қарындасын үйінен шығармай, өз бетімен кетіп қалмасын деп аңдушылар қояды.

Қыздың апасы Рахила теңіне барсын деп Үкітайға сіңілісін шығарып бергісі келеді. Бірақ ағасының қойған күзеті оған ондай мүмкіншілік бермейді. Арада 3–4 күн өтіп кетеді. Амалы таусылған Үкітай Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қазан аудандық бөлімінің бастығының орынбасары Төлебаев деген капитанды ертіп тура қыздың әкесі Мұхаметжанға барады. (Бұл кезде Қоспан Армизон ауданына құдаларына кеткен екен).

Төлебаев қыздың әкесіне қазіргі кезде қызды еріксіз қалыңмалға сатуға болмайтынын, оны өзі сүйген адамына беру керектігін айтып түсіндіреді, әрі қорқытады. Мұхаметжан егер қыз өзі ұнатып осы жігітке барамын десе, мен қарсы емеспін, дейді. Төлебаев қызды алдырып, оның қалауын сұрағанда, ол осы жігітке юарғысы келетінін ашық айтады. Содан кейін ол Төлебаевтардың берген көлігімен Үкітай Шаяны Баландинодағы үйіне алып келіп ойын-тойын жасайды.

Бұған риза болмаған қыздың ағасы Қоспан бұларға ұзақ уақыт ат ізін салмай жүріп, тек он жылдасын ғана табысады. Шаяны кедей Үкітайға шығарып берген сендерсіндер деп, ол Қойшығалиды да, қарындасы Рахиланы да құдалайды. Оны өстіген Үкітай оларды өздері отырған Соколов ауданындағы Сумное селосының жанындағы Лебедкиге көшіріп алады.

Абылай әкесі сияқты бұл да қаріп-қасерлерге біреулерден қиянат көргендерге көмегін аямайды. Ол Рахиланың қолында өсіп келе жатқан оқуға зерек Кеңестің оқуын жалғастыруына көмектеседі. Кеңес әуелі Сумноеда оқып, одан соң Соколовканың орта мектебін бітіріп шығады.

Кейін Кеңес Қажыгерейұлы Жүйріков бірнеше ірі қызметтер аттысынан өтіп, министрлік қызмет — Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясының басқармасының төрағасына дейін жоғарылайды. Ол Қазақстанның еңбек сіңірген экономисі, экономика ғылымдарының

докторы, профессор, Халықаралық евразиялық экономикалық академияның академигі, қазір зейнеткер, Алматыда тұрады. Ол өзінің өмір жолы мен қызметі туралы 2001 жылы «Воспоминания и размышления финансиста» атты кітап шығарған. Сол кітабында Абылай, Үкітай және олардың ұрпақтары туралы да айтқан екен.

1952 жылы Үкітайдың тұңғышы Абай туады. Оны туысымен Абылайдың бәйбишесі Бәтес өз бауырына салады. Бұл кезде Сұлтанның бірнеше баласы болады. Отбасында жан басының көбеюіне байланысты, сонша жанынң бір үйде тұруы қиынға айналғасын, Үкітай Сұлтаннан рұхсат алып бөлек отау құрады.

Бәтес бәйбіше Үкітаймен бірге болады. Бұлар Соколов ауданындағы Сумное селосының жанындағы Лебедки деген шағын ауылда тұрады. Бәтес Үкітайды туған баласындай көрді. Оның Абай, Аяз атты балаларын да жақсы көріп қамқоршы болды. Шаяға да жақсы тірбие берді. Үкітай мен оның жас жұбайы Шая да ол кісіні сыйлап күтті.

Бір жылдасын бұлар Баландино селосына ұайта көшіп барды. Сол жерге Краснояркада отырған Қармаштарды да көшіріп алды.

Сөйтіп енді Баландинода Рамазановтардың үш отбасы үш үй болып отырды. Осы жерде 1956 жылы шешелері Бәтес бәйбіше қайтыс болды. Оны таза арулап Бірлік зиратына* жерледі. Сол зиратқа келесі жылғы наурыз айында қайтқан Қармаштың шешесі Рабиға да қойылды.

Баландинода Үкітай мен Қармаштар мал бақты, басқа да әр түрлі жұмыстармен айналысты. 60-жылдардан Сұлтандар да, Үкітайлар да сол Қазан ауданының Афонькино селосында тұрады. Үкітай сонда колхоз фермаларының алын бағады.

Жоғарыда Абылайдың Сәбит Мұқановқа жасаған көмегі туралы, олардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынастары туралы

* Сонда Абылайдың досы Ахмет Жантөлин де жерленген болатын.

біраз айтылды ғой. Сәбит хажының өзіне жасаған жақсылығын өмір бойы ұмытпаған. Оны Сәбеннің Абылайдың баласы Үкітайға деген ыхыласынан көруге болады.

Үкітай соғыстан кейін 1947 жылы Вена қаласында жүрген кезінде өзін көрмесе де, туыстарынан оның бөтен емес екеінін, Абылай мен Сәбеннің жұбайы Мариямның әкелері Омардың ағайынды кісілер болғанын естіген. Үкітай танысу үшін Сәбең хат жазып жібереді. Сәбең ол хатқа жазған жауабында мұны әскерден босағасын Алматыға кел деп шақырады. Үкітайдың Алматыға баруға тек 1965 жылы ғана сәті түседі. Сәбең оны жақсы қарсы алыпты «Әкеңнің маған жасаған жақсылығы көп еді. Мен соны қайтарайын, Алматыға көшіп кел, оқуға түсірейін, үй алып берейін», — деді Сәбең — Үкітайға. Бұл кезде үйленген, екі баласы бар Үкітай көшіп жүруді қиынсынады. Сәбең: «өзің келе алмасаң, балаларыңды жібер, осында оқытайын», деп те ұсыныс жасайды. «Аяз деген балам орта мектепті бітіргенде: «Жездең мен апаңа апарайын Алматыға, олар сені оқуға түсіреді», деп едім, ол: «Мен біреудің жетегімен жүрмеймін» деп өзі Түмен зоотехникалық — мал дәрігерлік институтына түсіп, оны Лениндік стипендиат болып бітірді. Балаларымның бәрі жоғары оқу орнын өз беттерімен бітіріп шықты, ешкімнен көмек сұраған жоқ», — деді Үкең.

«1967 жылы, — дейді Үкең, — Сәбит Мұқанов қасында Кенен Әзербайев, Игібай Әлібаев бар Түмен облысы Қазан ауданында отырған бізге қонаққа келді. Біз Мариямның ағасы Шұғайып бәріміз бір ауылда тұратынбыз. Шұғайып қатты ауырып, операциядан аман қалып, соған құрмалдық берген еді. Сәбең соған келді. Сонда біраз сырластық. «Әскерде жараланып, контузия алған екенсің, Алматыға кел, әскери госпитальға көрсетейін» — деді Сәбең. Сол шақыруымен Алматыға барып, Сәбең үйінде бір қыс болдым. Мариям апай екеуі мені сыйқұрметке бөлеп күтті. Сондай риза болдым.

Бір күні Сәбең жазуынан қолы босап жадырап, көңілді әңгіме айтып отырды да: «Үкітай, осы суретке түсейікші, балалрыңа көрсетіп айтып отырарсың. Мен сенің әкеңнің жақсылығын өмір бойы ұмытпаймын», – деді де суретшіні үйіне шақыртып екеуіміз суретке түстік. Мен суретшіден пленкасын да сұрап алдым. Ол пленка әлі күнге менде сақтаулы».

«Мен Сәбеңнің батылдығына таң қаламын, – деп әңгімесін жалғастырды Үкең. – Ол жақсылықты ұмытпай түгел болмаса да жаза білген. Бізге де келіп жүрді. Онысы да батылдық. Ал басқа біреулер байдың балалары деп, бізден пәлесі жұғады деп қашып жүрді ғой».

Үкітай Абылайұлы жасы ұлғайған кезде ел жаққа келуді көбірек ойлайтын болды. Ол әсіресе Сұлтандар ел жаққа көшіп кеткесін қоңылтақси берді. Ақыры 1978 жылы Қызылжарға көшіп келді. Мұнда ол Нефтеналивная станциядағы мекемеден тыс күзеттің (вневедомственной охраны) нанчальнигі болып орнықты да 1985 жылы осы жерден зейнеткерлікке шықты. Қызметін ұқыпты істеп, бірнеше рет Мақтау грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сол жақсы істегенінің арқасы шығар: сол ұжым осы күнге дейін мереке күндері оны құттықтап, сыйлықтар беріп тұрады. Үкең тіпті зейнетке шыққасын да біржола отырып қалған жоқ. 1994 жылдың басына дейін әр түрлі жұмыстар істеп жүрді.

Бір өкініштісі, 1994 жылғы май айында 43 жыл бірге дәм-тұзы жарасып өмір сүрген жан-жары Шая қайтыс болды. Ол Бірлік зиратына жерленді. Екеуінің мәпелеп өсірген төрт ұлы мен екі қызы ер жетті. Бәрі де жоғары білімді мамандық алып шықты: Абай, Аяз, Райхан, Гулхан, Нияз, Илияс.

Тұңғышы Абай Алматының зооветеринарлық институтын бітіріп, сол мамандығы бойынша Түмен облысының Қазан ауданында, Қызылжар қаласындағы Калинин зауытының қосалқы (подсобное хозяйство) шаруашылығында қызмет атқарды. Әттең, ол 1997 жылы 45-ке қараған шағында дүниеден өтті. Артында

жұбайы Базила екі ұлымен қалды. Абайдың үлкен ұлы Дулат Алматының заң Академиясын бітіріп, Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасында бір бөлімді басқарады. Амангелді да мектеп бітіріп жоғары білім алуда.

Аяз Түмен зооветеринарлық институтын зооинженер мамандығы бойынша бітіріп, Новосибирск қаласында аспирантурада оқып, кандидаттық диссертация қорғаған. Солтүстік мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты директорының өндіріс жұмыстары бойынша орынбасары болып қызмет атқарады. Бірнеше монографияның авторы, докторлық диссертациясын дайындауда. Жолдасы Сағынай Түмен ауылшаруашылық институтының экономика факультетін бітірген. Қызылжар аудандық әкімшілігінде жоспралау-экономика бөлімін басқарады. Бұлардың төрт баласы бар: Гүлжан, Айжан, Сұлужан және Болат. Болат Алматыдағы ерекше дарынды балаларға арналған физика-математикалық мектепті бітірген, бірнеше республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болған.

Райхан Ленинградтың архитектуралық-құрылыстық институтын тәмамдаған. Ресейдің Псков қаласында тұрады. Сол қаланың коммуналдық шаруашылығын басқарады, қалалық Думаның депутаты.

Гүлхан Түмен ауылшаруашылық институтының зооинженерлік факультетін және Түмен Мемлекеттік университетінің есеп-экономикалық факультетін тәмамдап, Солтүстік мал шаруашылық ғылыми-зерттеу институтында бас бухгалтер болып істеді. Жолдасы Қадіралин Қайрат екеуі бір ұл – Жасұлан, бір қыз – Мәдина – өсіріп тәрбиелеуде.

Нияз СҚМУ-нің фермерлік шаруашылық бөлімін бітірген. Солтүстік мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер. Жұбайы Сандуғаш Маркс қызы да сол Институтта бухгалтер. Ұлы Жанат, қызы Гүлсұлу.

Үкеңнің кенжесі Ілияс жоғары білімді заңгер. Ол 1969 жылғы 6 қыркүйекте Түмен облысының Қазан ауданындағы Афонькино

елосында туған. Еңбек жолын Петропавл қаласындағы құрылыс ресіндегі қатардағы жұмыскер болып бастады. Қарағанды Мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірді (1995). Солтүстік Қазақстан облыстық әділет басқармасында жетекші консультант (1994–1995), бөлім бастығы (1995–1996) болды. Кейін Әділет басқармасының бастығының бірінші орынбасары (1996–1997); облыстық соттың төрағасының көмекшісі (1997–1998); облыстық прокуратурада – прокурор; аға прокурор; бөлім бастығының орынбасары.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің ішкі администрация департаментінде кадрлар және специалист бөлімінің бастығы (1999); кадрлық жұмыс басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.

Солтүстік Қазақстан облыстық әділет басқармасының бастығы (1999–2002).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ішкі администрация департаментінің директоры қызметін атқарды (2002 ж. бастап).

Ілиястың жолдасы Әсем жоғары білімді заңгер, Қарағанды МУ-нің заң факультетін бітірген. Қызылжар қаласындағы мемлекеттік қызмет институтында сабақ береді. Ұлдары Қанат.

2003 жылы декабрьдің ортасында Ілияс атасы Абылай туралы менің жазған «Елін сүйген азамат» атты кітабимді Астанада шығарып әкелгенде әкесі Үкітай керемет қуанды. Өзі ауырып жатырса да біраз адамдарды жинап Бескөлдегі өзінің үйінде кітаптың тұсаукесерін өткізіп, шағын той жасады. Кітапты жазған маған, оны шығарған баласы Ілиясқа алғысын айтып батасын берді. Өкініштісі, осыдан кейін көп ұзамай сол декабрь айында қайтыс болы. Кітап тек 20 данамен шыққан, сондықтан жұртшылықтың көбі оны білмейді де.

Абылай Рамазанов туралы жаңа деректер

«Солтүстік Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 30 мамырдағы санында еліміздің біртуар зиялы ұлы Абылай Рамазанов туралы «Ел ардақтаған азамат» деген мақала жариялаған едік. Онда Абылайдың көзі ашық, көкірегі ояу азамат, жалпы қазақ халқының жанашыры болғаны және оның көптеген Алаш асылдарымен таныстығы, пікірлестігі айтылған-ды.

Енді оның жақсы таныс, пікірлес жолдастары біздің олыстан басқа жерлерде де болғаны анықталып отыр.

«Егемен Қазақстан» газетінің үстіміздегі 30-ншы шілдедегі санында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Бәтташұлы Сыдықовтың «Ахаң мен «Ғалия» медресесінің шәкірттері» атты мақаласы жарияланды. Онда сонау 1916 жылы Алаштың ардақтысы, сол кезде Орынборда «Қазақ» газетінің редакторы болып істеген Ахаңның – Ахмет Байтұрсыновтың Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне барып сонда оқып жүрген қазақ, қырғыз шәкірттерімен кездескені туралы айтылады және сол кездесу кезінде қазақтың 32 шәкірттерімен түскен суреті туралы деректер келтіріледі.

Газетте сол тарихи сурет те жарияланыпты. Онда осы мақалада көбірек айтылатын медресе шәкіртінің бірі Хайролла Ибрагимов та бар. Осы мақаласында автор бүкіл саналы өмірін мұғалімдікке арнаған семейлік Хайролла Ибрагимовтың мұрағатында сақталған құжаттар мен фотосуреттер туралы көп мағлұмат беріпті.

Солардың ішінде мені ерекше елең еткізген – жерлесіміз Абылай Рамазановтың 1910 жылы Стамбул қаласында түскен фотосуреті мен Әрхам Кәкітайұлының Абылайға арналған төрт шумақ өлеңі болды.

Абылай аталған фотосуретінің сыртына: «Хайролла қари Ибраһим баласына. 1910 жыл. Стамбул. Абылай Рамазанұлынан» деп жазып, осы кісіге арнайы сыйлапты.

Абылай өзінің фотосуретін танымайтын кісіге сыйламайтыны белгілі. Ал мына Хайрола Ибраһим баласына қалай берген және бұл қандай адам? Абылай онымен қалай танысқан? Енді осыған келейік.

Хайролла Ибрагимов Семейдегі № 5 орта мектепте жұмыс істеп жүргенде 1955 жылы өз қолымен толтырған жеке басының іс қағазына: «1881 жылы Қарағанды облысының Қу ауданының № 3 ауылында (бұрынғы Семей губерниясы Қарқаралы уезінің Достар болысы) кедей шаруа отбасында дүниеге келдім. 1916–1917 жылдары Уфа қаласында «Ғалия» медресесін бітірдім. Мұғалімдік еңбек стажым 55 жыл. 1900–1917 жылдары Семей губерниясының Семейтау және Көкен болыстарында бала оқыттым. 1917–1931 жылдары Семей қаласының Калинин ауданындағы № 20 мектепке жетекшілік, 1931–1939 жылдары Семей геология-кен барлау рабфагында оқытушылық қызмет еттім. 1939 жылдан қазірге дейін № 5 орта мектепте мұғалім болып істеймін», – деп жазыпты.

Қарт ұстаз 1939 жылдан 1957 жылға дейін сол № 5 орта мектепте жұмыс істеп зейнетке шығыпты. Халыққа білім беру саласында 57 жыл бойы үздіксіз еңбек сіңіріп 1966 жылы 85 жасында дүние салыпты.

Жазушы Ғалым Ахмедов «Алаш «Алаш» болғанда» кітабының «Ғалия» медресесі» тарауында XX ғасырдың басында сонда білім алған 52 қазақ-қырғыз шәкіртінің тізімін береді. Солардың арасында басқалармен қатар қарт ұстазды атайды. «Ибраһимов Хайрулла – 1916 жылы бітіріп, «имам хатиб уә мүдarris атағын алған», – деп жазыпты.

Тағы бір ескеретін жағдай: Хайролла Ибрагимов Семейде Алаш арыстарымен жақсы қарым-қатынаста болған екен.

Міне осындай адамға Абылай Рамазанов өзінің 1910 жылы Стамбулда түскен фотосуретін сыйлапты. Соған қарағанда Абылай онымен 1910 жылдан бұрын таныс болса керек. Ал мына сурет Абылайдың сол 1910 жылы Меккеге барар жолында Стамбулда түскені.

Абылайдың бұдан бұрын да Меккеге бірнеше рет барғаны белгілі. Сол сапарлардың бірінде Хайролламен танысуы мүмкін. Олай жобалауымыздың бір дәлелі — Абылай фотосының сыртына: — «Хайролла қари Ибраһим баласына» — деп жазған ғой.

Қари деп жайдан-жай жазбаған болар. Хайролла да Меккеге баруы мүмкін ғой. Екіншіден, Абылай Уфа қаласына да жиі барып тұрған... Ондағы «Ғалия» медресесіне балдызы Әбу Жұсыповты оқуға түсірген және баласы Сұлтанды сонда бухгалтерлік оқуға орналастырған.

Оның сол Уфа қаласында Әбу, Сұлтан үшеуі түскен фотосуреті де бар. Сондықтан Абылай Хайролламен Уфа қаласында «Ғалия» медресесінде танысты деуге де негіз бар. Ал бұл екеуінің пікірлес адамдар екеніне күмән болмауға тиіс.

Екінші құжат белгілі абайтанушы ғалым Қайым Мұхамеджанов «Абайдың ақын шәкірттері» атты кітабында Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың өмірі мен шығармашылығы туралы айта келіп, оның Абылай Рамазановқа арнаған өлеңін беріпті:

Абылайжан, қатты ауырып бір ай жаттым,
Қиынның неше түрлі дәмін таттым.
Алысқан өлім-өмір тартысында
Жаратылыс ұлы заңы табиғаттың.

Тәуір боп үйге қайттым больницадан
Анадан не көрмейді туған адам.
Баладай күнәсі жоқ жаңа туған
Талпынып тіршілікке бастым қадам.

Өзіңді бір көруге сағынамын
Мұнайып жалғыз жатсам, жабығаымн.
Тілеу дос, көкірек дос, інім едің,
Әйтпесе өңгені іздеп неғыламын?

Келіп қайт, мүмкін болса дидарласып
Ақ-жарқын мінезіңмен көңілді ашып.
Қажыған, қалжыраған кәрі дене,
Көркейіп, көтерілсін судай тасып.

Ұлы Абай ұрпақтарын құдалап қинаған сталиндік сұм заманың зардабынан жаны ауырып, жапа шеккен Әрхам Кәкітайлының осы төрт шумақ өлеңінен оның сол кездегі бар наласын сезесің. Сонымен қатар оның Абылайда тілеулес, тілектес дос көріп, үлкен сағынышпен, мүмкін болса, «келіп қайт, ақ-жарқын мінезіңмен көңілді ашып», деуі Абылайды інісіндей жақсы көруі Абылаймен көптен жақсы таныс, пікірлес болғанын көрсетеді және Абылайдың да тегін адам емес екендігін білдіреді. Әкініштісі бұл өлеңнің қай жылы жазылғаны Абылайдың қолына гигиен-тимергені бізге беймәлім.

«Егемен Қазақстанда» мақаланың авторы сөзінің соңында:

«Хайролла ақсақалдың үйінен ұрпағына аманат қып қалдырған көне суреттерден басқа, оның қойын дәптері, сондай-ақ XX ғасырдың басында Мәскеу, Орынбор, қазан, Уфа баспаларынан араб қарпімен шыққан алпысқа жуық кітаптар табылғанын да айта кеткен жөн. Әсіресе қойын дәптерлеріндегі өлең, терме, аңыз-әңгімелердің, тарихы ешкімді бейжай қалдырмасы анық», — деп жазыпты.

Кім білді сол қойын дәптерлерінен біздің Абылайға қатысты тағы де тың деректер табылып қалуы ғажап емес-қой. Білایым солай болғай.

// «Солтүстік Қазақстан» 27.08.2003 жыл.

СОҢҒЫ СӨЗ

Міне, содан 60 жыл бойы еліміз Тәуелсізді болғанша, Абылай ауызға алынбады. Оның балалары, бүкіл ағайын-туысқандары құғын-сүргінге ұшырады. Олар сол кездегі Кеңес үкіметінің әміршіл қаһарынан қорқып бір жерде орнығып отыра алмай көптеген жылдар бойы бір жерде ауысып көшіп-қонумен болды. Оның өзінде олар туған елдеріне жолай алмай Ресейдің Омбы, Қорған, Түмен облыстарында көшіп жүрді.

Олар Қазақстанға 70-ші жылдары ғана көшіп келе бастады. Онда да Абыла әлі ақталған жоқ еді. Тек Қазақстан Республикасы егеменді тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін ғана Кеңес Үкіметі кезінде жіберілген қателіктер мойындалып, оларды түзетуге мүмкіндік туды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңес Төралқасының арнайы комиссиясы республикалық және ведомстволық архивтердің материалдарын, статистикалық деректемелерді, мерзімді баспасөзді, көз көргендердің айғақтарын зерттей келіп мынадай қорытынды жасады:

«XX ғасырды тітіреткен сұмдық қасіреттердің жан түршігер тізімінде большевиктердің шаруаларды жазалау шаралары, ... халықтарды сталиндік жер аудару... сияқты адамзатқа қарсы қылмыстармен қатар қисапсыз қасіретті бастан кешірген Қазақстан халқы жөніндегі қырып-жою әрекеттері де ешқашан естен шықпақ емес.

Жылдар өтіп, ұрпақтар да алмасар, бірақ қылмысты режимнің озбырлығымен жүз мыңдаған отандастарымыздың өмірі мән-мағынасынан айрылып, құнын жоғалтқан сол бір сұмдық қасіретке бізді тарихи зерде қайта-қайта оралтатын болады».

1928 жылғы 27 тамызда республикалық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу» қаулысы бойынша «байлардың

ын тәркілеу ауылдағы орташаларды топтастыруға және ауқаттын артуына емес, қайта, керісінше, қайыршылағандар халқының жарлы-жақыбайға айналуының өрши түмен шаруалықтың күйзелуіне ұшыратты. Күшпен тәркілеу қанының нақты қорытындысы міне, осындай болды».

Құжаттық материалдары көзімен көргендердің күүгерлік-н, сот органдары мен соттан тыс органдардың материал-ын, статистикалық деректемелерді зерттей келіп, Жоғарғы естің комиссиясы мынадай қорытындыларға келді:

Комиссия ауқатты шаруаның мүлкін тәркілеу, оны жаппай аудару жөніндегі озбырлық акцияларды, көшпенді және тылай көшпенді шаруашылықтарды ұжымдастыру мен ырықшыландыру, халықтан ауылшаруашылық өнімін алып жөніндегі зорлық-зомбылық науқандарын заңсыз, адам ықтарына қайшы келеді деп есептейді және оларды мем-еттің өз халқына қарсы қылмысы деп бағалайды.

. Жазықсыз, бейбіт халықты жаппай құғын-сүргінге салудың волық негізі болғанын... ескере отырып, тарихи әділеттілік-элпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының арғы Кеңесінен мыналар сұралсын:

. 1928–1932 жылдары тәркілеу, ұжымдастыру, отырықшы-дыру және басқа да мәселелер бойынша қабылданған тылар мен актілер... заңсыз әрі халыққа қарсы қаулылар актілер ретінде күші жойылып, айыпталсын.

. Мүліктері тәркіленіп, жер аударуға дайындау науқан-ы күштеп ұжымдастыру барысында ауыл шаруашылық лдері мемлекеттің ұйымдасқан түрдегі әр түрлі тартып ына ұшыраған адамдарды, сондай-ақ халыққа қарсы са-ты жүргізуге белсене қарсылық көрсеткені үшін ату, бас андығынан айыру немесе жер аудару түрінде заңсыз жаза қан адамдарды, халықаралық құқық қағидаларын негізге отырып, саяси жазалау құрбандары деп тану қажет».

Комиссияның бұл қаулысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысымен бекітілді.

// «Халық кеңесі» 22.12.1992 ж. «Зобалаң зардаптары».

1993 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев қол қойған «Жаппай саяси құғын-сүргіндер Құрбандарын ақтау туралы» заңы қабылданды. Осы Заңның І-ші бөлімінің 3-ші бабында:

«Саяси себептер бойынша елден аласталған, тұрған жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аулақтатылған (айдауға немесе жер аударуға жіберілген), арнайы қоныс аударылған, бостандығын шектеп еңбекке ықтиярсыз тартылған, сондай-ақ әкімшілік тәртіппен құқықтары мен бостандықтарынан айруға немесе шектеулерге ұшыраған, әкімшілік тәртіпте немесе сот емес органдар шешімдері бойынша психиатриялық мекемелерде емдеуге күшпен жатқызылған адмадардың бәрі ақталған адамдар деп жарияланады».

Сол күні Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бұл қаулыны бекітіп, қаулы «1993 жылғы 1 шілдеден бастап күніне енгізілсін» деп жарлық шығарады.

// «Ленин туы» 1993 ж., 1 маусым.

Міне осы құжаттарға сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы 1929 жылғы 14 сентябрьде ОГПУ Коллегиясының жанындағы Ерекше совещаниенің шешімімен РСФСР-дың қылмыстық Кодексінің 58–2, 58–10 баптарымен сотталған Рамазанов Абылайды ақтап анықтама берді. Онда былай делінген:

«Учитывая, что Рамазанов Аблай подвергнут репрессиям по политическим мотивам, соединенным с ложными обвинениями в совершении преступлений и преследованием как социально опасного лица по признакам классовой принадлежности, во внесудебном порядке, на него распространяется Закон РК «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года, и он реабилитирован».

17.12.1997 г.

Зам. прокурора спецпрокуратуры по надзору за законностью в ИТУ. — С. Габдуллин.

Утверждаю: Первый зам. прокурора по СКО — Н. К. Мамытов.

Сөйтіп еліміздің көрнекті зиялы азаматтарының бірі әрі бірегейі Абылай хажы Рамазанов біржола ақталды. Енді оның ұрпақтары әйгілі аталарымен жақсылап танысуына толық мүмкіндік алды. Осы кітап сол танысудың алды болсын. Бұдан кейін де ол кісі туралы жаңа деректер табылып жатса, құба-құп. Қорыта келе айтпағымыз: ұрпақтары осындай аталарын енді қорықпай-үрікпей, мақтанышпен айтуларына болады.

ҚОСЫМШАЛАР



«УТВЕРЖДАЮ»

Первый заместитель прокурора

Северо-Казахстанской области

Старший советник юстиции

/подпись/ Н. К. Мамытов

«17» декабря 1997 г.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

По уголовному делу № 119 /арх. № 712/

Ф. И. О.: Рамазанов Аблай

Год и место рождения: 1871 аул № 4 Тонкерейского района
Петропавловского округа

Место жительства до ареста: аул № 4 Тонкерейского района.

Место работы и должность до ареста: Скотовод аула № 4
Тонкерейского района Петропавловского округа.

Дата ареста: 20.05.1929 г.

Каким судом, когда и по какой ст. Закона осужден: Особым
совещанием при коллегии ОГПУ 14.09.1929 г. по ст. ст. 58–2,
58–10 УК РСФСР.

Фабула обвинения: Беспощадно угнетал и эксплуатировал
бедноту, вел антисоветскую агитацию. В г. Петропавловске
совместно с националистической интеллигенцией принял
активное участие в создании буржуазно-националистической
партии «Алаш» и, как активный ее член, возглавлял аульную
группу. Вел агитацию за созыв Учредительного собрания, при-
зывал к вступлению в партию «Алаш» и к борьбе против Со-
ветской власти.

Учитывая, что Рамазанов Аблай подвергнут репрессиям по политическим мотивам, соединенным с ложными обвинениями в совершении преступлений и преследованием как социально-опасного типа по признакам классовой принадлежности во внесудебном порядке, на него распространяется Закон Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года и он РЕАБИЛИТИРОВАН».

Зам. прокурора спецпрокуратуры

По надзору за законностью в ИТУ /подпись/ С. Ж. Габдулин.



Дәстен Баймұқанов: «Елін сүйген азамат»

Азаттықтың азапты жалының тәлім-тәрбиесі мен өкініш – сабақтарын ұмытпау үшін барша мұрамызды түгендеп, тиянақтап жарыққа шығаруымыз қажет-ақ. Сол үшін де «Мәдени мұра» атты кешенді бағдарлама мемлекеттік деңгейде қолға алынуда. Соның бір нышаны ретінде тарихтан өзінің орынын ала алмай келе жатқан Алаштың тағы бір ардағы ортамызға оралғандай болып отыр.

Ел мен жер тағдыры, ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі үшін бел шешіп күрескен сол жолда құрбан болған жерлес зиялыларымызды ұлықтауды мақсат еткен облыстық тарихи өлкетану мұражайы жнандағы «Асыл мұра» орталығы Қайролла Мұқановтың авторлығымен Алаш қайраткері Абылай Рамазанов жайында «Елін сүйген азамат» атты кітап шығарды.

Абылай 1871 жылы қазіргі Шал ақын ауданы Семиполка селосының маңында Майлының Қаратомар жайлауында дүниеге келіпті. Алдымен ауыл молдасынан оқып, сауатын ашып Троицк медресесінде, Стамбул, Қазан қалаларында оқыған, қазақша да, орысша да сауатты.

Алаш партиясының құрамында болды. Қазақ елінің патша отаршылығынан құтылып өз алдына автономия алуын қолдап, халқына жанашыр болған.

Көп елдерді аралап, жер көріп, әртүрлі халықтардың тұрмыс жағдайымен, әдет-ғұрпымен тансықан. Ол өз халықна алдыңғы қатарлы елдердей тұрмыс құрып, мәдениетті болуын тілеген. Сол үшін өзі де күрескен, жастарды оқу-білімге шақырған.

Жуырда Тәуелсіздік күні қарсанында Бескөл селосында кітаптың авторы Қайролла Мұқанов және «Асыл мұра» орталығының мүшелері Ғалым Қадірәлі, Социал Жұмабаевтар сөйлеп, Абылай Рамазановтың Қазақ елін отарлау жүйесінен құтқарып, ұлттың құқылықты орнату, оқу-ағарту ісін жетілдіріп, өркениетті елдер қатарына қосу талаптарын жүзеге асыру барысында Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтармен пікірлес, қызметтес болғанын, саяси аренада бірге болғанын айтты.

Мәжілісте сөйлеген Бескөлдiк ақын Манап Ысқақова кітаптың құндылығын нақты тарихи дерек көздеріне сүйене отырып жазылғанын, әсіресе өлкеміздің тарихын танып-білуде өте құнды еңбек екенін айта келе, сөзін өлеңмен өрнектеді.

Абылайдың немерелері: ауылшаруашылық ғылымының кандидаты Аяз бен жоғары лауазымды заң қызметкері Ілияс және келіні Бәзила да қуан. штарымен бөлісті. Абылайдың шөбересі 8 жасар Қанат Рамазанов ән орындап мәжілісті думаға бөледі. Бұл күні Абылай Рамазановтың баласы Үкітай Рамазановтың қуанышында шек болмады.

// «Солтүстік Қазақстан» — 22.12.2003 жыл.



Из книги: Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. Изд. 2-е., доп. — Алматы: «Арыс», 2006. С. 473. /Автор статьи К. Муканов/:

РАМАЗАНОВ Абылай (1871, аул № 4, ныне аул Балуан р-на им. Шал акына Сев.-Каз. обл.— 1931, г. Петропавловск) — общественный деятель, кажы. Окончил духовное медресе в Троицке. Отец и дед были изв. биями своего времени. Р. занимался земледелием и торговлей, стремился помочь талантливой молодежи получить образование. У себя дома открыл школу на рус. языке, в к-ой обучал детей и подростков рус. грамоте выпускник Петербургского мед. ин-та И. Боярский, сосланный в Сев. Казахстан за револ. деятельность. Р. помогал молодому С. Муканову в период его обучения на пед. курсах в Омске, возглавляемых М. Жумабаевым. Позже в 20-х он продолжал поддерживать С. Муканова. Активно помогал алашординцам, среди к-рых был хорошо знаком с М. Дулатовым, членом Акмолинского обл. комитета Алашорды М. Жумабаевым, одним из руководителей Петропавловского уездного комитета Ж. Тлеулиным. Вследствие этого, с 1927 года начались преследования Р. В 1928 году его имущество было конфисковано, он с семьей был выслан в Актюбинскую обл., затем сослан на 3 года в Омскую обл. В марте 1931 г. был освобожден и вернулся в свою семью. Однако, уже в июне того же года, по ложному обвинению, снова арестован и заключен в тюрьму г. Петропавловска, где тяжело заболел и умер через неск. месяцев.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР, ӘДЕБИЕТТЕР

Центральный Государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК, г. Алматы). Ф. 135. Оп.1. Связка 24. Дело по конфискации и выселении бая 4-го аула Тонкерейского района Петропавловского округа Рамазанова Аблая.

Государственный архив Северо-Казахстанской области (ГАСКО, г. Петропавловск). Фонд.5. Опись 1. Дело 16. Выписка из Резолюции Бюро Петропавловского Окружного комитета ВКП(б) от 14 августа 1928 г. «О подготовительных мероприятиях по конфискации и выселению крупного байства из аула».

ГАСКО. Ф. 5П. Оп.1. Д.16. Выписка из письма Петропавловского Окружкома всем райкомам ВКП(б) от 17 августа 1928 г.

ГАСКО. Ф. 5П. Оп.1. Д.15. Выписка из резолюции бюро Петропавловского ОК ВКП(б) от 3 сентября 1928 г. по обсуждению письма Крайкома о конфискации.

ГАСКО. Ф. 195. Оп.4. Д.102. Постановление Президиума Петропавловского Окружного исполкома от 6 сентября 1928 г. «О конфискации байских хозяйств и по выселению баев».

ГАСКО. Ф. 195. Оп.4. Д.102. Протокол заседания исполкома Петропавловского Окружного комитета от 22 сентября 1928 г. «Об утверждении списка конфискуемых».

ГАСКО. Ф. 5. Оп.1. Связка 12. Д.156. Список конфискуемых баев.

ГАСКО. Выписка из протоколов Петропавловского окружного отдела ОГПУ.

Архив СКФ КНБ РК. Выписка из Архива Северо-Казахстанского филиала КНБ РК.

Закключение прокуратуры Северо-Казахстанской области по уголовному делу № 119 /арх.№ 712/ о реабилитации Рамазанова Аблая от 17 декабря 1997 г.

Жаппай саяси-құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірде Президент Н. Назарбаев қол қойған Заңы // Ленин туы, 1993 ж. 1 маусым.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару туралы» қаулысы.

Азаттық үшін алысқандар. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі тәуелсіздік үшін күрес тарихы: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Под ред. к.ю.н. С.А. Касимова. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2011. — 464 б.

Алашорда — XX ғасырдағы қазақтың алғашқы ұлттық мемлекеті // Ақиқат. 1993. № 1. 32–59 бет.

Ахметов Ғалым. Алаш «Алаш» болғанда. Алматы.

Әбутәлиев Нәбиден. Шоқ жұлдыз. Алматы, 1998.

Әуелбеков Дүйсенбі. Арманда кеткен ардағымыз (Әбу Жұсыпұлытуралы бірер сөз) // Ленин туы, 1991ж. 2 маусым.

Баймұқанов Дәстен. «Елін сүйген азамат» // Солтүстік Қазақстан. 22 желтоқсан 2003 ж.

Жазықсыз жапа шеккендер, немесе күштеп кәмпескелеу құрбандары // Парасат, 1992 ж. № 9.

Жүйріков Кеңес. Воспоминания и размышления финансиста. Алматы, 2001.

Иманбаев Зейнел-Ғаби. Бастама. 1959.

Иманбаев Зейнел-Ғаби. Айналайын адамдар. 1975.

Исабай Қалмұқан, Байжан-Ата Сапар. Қажыға барған қа-
лықтар (Дерекнамалық баян). Алматы, 1996.

Қазақ Совет энциклопедиясы. 12 томдық. Алматы, 1973.

Қаһарманұлы Ғаділша. Ақын әлпештеген Ұрқия // Ленин
туы. 1993 ж. 10 шілде.

Қозыбаев М., Хасанаев М. Өлі риза болмай, тірі байымас // Ленин
туы. 1993 ж. 12 маусым.

Қойгелдиев Мәмбет. Алаш өткен жол // Ақиқат. 1994. № 3.
53–59 бет.

Мәмеков Ғалауетден. Біздің қазақ баласына не қылғанда
басқа жұрттарға теңеулі туралы біраз кеңес // Айқап (Троицк).
1911 ж. № 5.

Мелехин Михаил. Тарихтың қайғылы беттері // Солтүстік
Қазақстан. 1999 ж. 4 тамыз.

Мүсірепов Ғабит. Автобиографиялық әңгіме. — Ғ. Мүсірепов.
Ізденімталы. 3 томдық. 1-том. Алматы, 1980.

Мұқанов Сәбит. Өмір мектебі. 1–2 кітаптар. Алматы, 1950–
1953 ж.

Мұқанов Сәбит. Еесю жылдары. Алматы, 1984.

Мұқанов Сәбит. Қазақ қауымы. Алматы, 1995.

Мұқанов Қайролла. Оправдан через 70 лет // Трибуна.
11 мая 2002 года.

Мұқанов Қайролла. Ел ардақтаған Абылай // Солтүстік Қа-
зақстан. 30

Мұқанов Қайролла. Абылай Рамазанов туралы жаңа дерек-
тер // Солтүстік Қазақстан. 27 тамыз 2003 ж.

Мұқанов Қайролла. Жұмағали Тлеулин — деятель «Алаш-Орды». Документальная биография. Алматы: ИД «Жибек жолы», 2005. — 216 с.

Мұқанов Қайролла. Ұлтын сүйген азамат (Ахмет Жантелин) // Солтүстік Қазақстан. 26 мамыр 2006 ж.

Мұқанов Қайролла. Атақты Абылай қажы. — Ғалым Қадырәлінің «Көкарал» атты кітабында. — Петропавл, 2007 ж. 106–116 беттер.

Мұқанов Қайролла. Ұмсын сұлу. Аңыз бен ақиқат. Петропавл, 2007. — 240 бет.

Мұқанов Қайролла. Алашым деп жүрегі атой салған // Солтүстік Қазақстан. 20 маусым 2008 ж.

Мұқанов Қайролла. Алашым деп өткен арысымыз еді // Солтүстік Қазақстан. 22 мамыр 2010 ж.

Мұқанов Қ. Мағжан ізімен / По следам Магжана (О жизни и творчестве выдающегося поэта). Қазақша-орысша. Петропавл, 2013. — 440 б.

Мұқанов Қайролла. Арманда өткен асыл тұлға (Хамза Ыбыраев) // Астана, 2014.

Мұқанов Қайролла. Ел ардақтаған Абылай (Рамазанов). — Қ. Мұқанов. Ел ардақтылары. Петропавл, 2016. 45–49 бет

Мұқанов Қайролла. Атақты Абылай қажы Рамазанов // Қ. Мұқанов. Ел ардақтылары. Петропавл, 2016. 49–56 бет

Мұқанов Қайролла. «Айқаптың» Солтүстік өңіріндегі тілшілері // Айқап (Алматы). 2016. № 2. 65–69 беттер.

Мұстафин Бақыт. Сурет сыры // Солтүстік Қазақстан. 2000 ж. 16 маусым.

Нурпеисов Кенес, Аяган Беркут. Алаш-Орда и алашордынцы: долгая дорога к свободе // Караван. 1998 января 9–16.

Нұрбетова Гүлнар. Бай-кулактарды тап ретінде жою науқаны қалай жүргізілді? // Ақиқат. 1999. № 5.

Рамазанов Абылай // Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. Изд. 2-е., доп. — Алматы: «Арыс», 2006. С. 473. /Автор статьи К. Муканов/.

Сыдықов Ерлан. Ахаң мен «Ғалия» медресесінің шәкірттері // Егемен Қазақстан». 30 шілде 2003 ж.

Шәкенов Серік. Бір сөзі бір аттық еді // Ленин туы. 1992 ж. 8 шілде.

Ысқақ Әйіп. Ахмет Тегісов // Ленин туы. 1993 ж. 20 шілде.

КІТАПТАҒЫ ТАРИХИ ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ (ТОПОНИМДЕР) ТІЗІМІ

А

Абылай шілігі
Айымжан, ауыл
Ақ сиыр
Ақанай
Аққусақ
Ақмола (Астана), қала
Ақтөбе, қала
Алматы, қала
Анновка, село
Аралағаш (Көктерек), ауыл
Атлантика мұхиты
Афонькино, село

Б

Бағлан, ауыл
Баландино, село
Балуан (Семиполка), ауыл
Белое, село
Бірлік, ауыл
Бийск, қала
Блюхер, совхоз
Бөкей
Бөкен, көл
Благовещенка (Жекекөл)
Благодатное, село
Брно, қала
Будапешт, қала
Буденновка, село
Бұхара

В

Варгаша
Вена, қала
Вознесенка

Д

Дмитриевка, село

Е

Еркіншілік
Ертіс, өзен
Есіл – өзен, аудан
Ескендір (Александрия)

Ж

Жалтыр – ауыл, көл
Жамантұз
Жаңа жол
Жарқын, ауыл
Жерорта теңізі
Жетісу
Жидда, қала

И

Ишим, қала

К

Кавказ
Калачинск
Каспий теңізі

Кеңес (Шоқат ауылы)

Кенже

Көктерек (Аралағаш)

Көкшетау, қала

Кругленькое (Қызыл ту)

Қ

Казан — қала, аудан

Қара теңіз

Қара томар

Қарағай

Қаратоғай

Қарағанды, қала

Қарақалпақстан

Қараоба

Қаратал (Жарылғап) ауылы

Қаратоқа, ауыл

Қарашалғын

Қарашоқ, ауыл

Қаскелен

Қорғалжын, көл

Қорған, қала

Қоскөл

Қостанай, қала

Краснояр, қала

Красноярка, село

Қиялы, станция

Құрымсы, ауыл

Қызылжар, қала

Қызылорда, қала

Л

Лебяжье, станция

Лебедки, село

М

Майбалық

Макушин, ауданы

Мамлют

Мәскеу, қала

Медина, қала

Мекке, қала

Мойнақ

Н

Николаевка

Новосибирск, қала

О

Омбы, қала

Орал, қала

Орталық, ауыл

Орташа

Орынбор, қала

Ө

Өрнек, ауыл

П

Пана, қала

Петербург, қала

Петровка, село

Петухово, станция

Покровка

Преснов

С

Саврасовка (Ступинка)

Сарыайғыр

Семиполка (Қоскөл)

ібір
майыл
основка, село
тамбол
тупинка (Саврасовка), село
умное, село
ырымбет

алдықорған
арқай-Айымжан
аузар
ашкент
еңдік
обыл
олыбай
оранғұл
орғай
орқа
өңкеріс
роицк
үмен
үркия

У
Уән
Уфа

Ұ
Ұлытау

Ф
Филимоново

Ц
Целиноград (Астана)

Ч
Челюскинский, совхоз
Челябі

Ш
Шәуілдір
Шағлы
Шарбақкөл
Шоқат (Кеңес)



Абылай Рамазанов (1871–1931)
34 жаста тускен



Солдан оңға қарай: Султан, Абылай. Әбу Жұсыпов

۱۹۱۳ - جلد ۱ - اوفاء، شہرہ

نور سلطان، سید

از: یوسف، اہل، رضا

سلطانہ اہل

Br 1913 روزی کو روزی

یوسف

1) A. H. H. H.

2) A. H. H. H.

3) A. H. H. H.



**Мәриям-апай, Жүйрикова Рахилә және Сәбит Мұқанов.
Сарыағаш. 1965 ж.**



**Бакенов (Нурпеисов) Коспан.
г. Актюбинск. Май 1967 г.**



İhtay Абылайұлы Рамазанов



İliyas Ykıtayұлы Рамазанов



Міржақып Дулатов, Қызыл
орда, 1925.



Міржақып Дулатов туысканы
Нуржан Смайылұлымен.
Қызылорда, 1925



г. Троицк, учащиеся-казахи мусульманской учительской семинарии

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	5
КІРІСПЕ СӨЗ	7
АБЫЛАЙДЫҢ АТА ТЕГІ	10
Абылайдың ата тегінің толық шежіресі	15
Абылайдың ағайыны Қаратоқа әулетінің шежіресі ..	16
Мәмбет, Майлы билер	19
РАМАЗАН, ИМАҚ, ЖАМАҚ	21
АБЫЛАЙДЫҢ ӨМІР ДЕРЕКТЕРІ	23
МЕККЕГЕ БАРУЫ	30
ЗАҢСЫЗДЫҚ ІСТЕРМЕН КҮРЕСІ	37
МЕКТЕП АШУЫ	45
АБЫЛАЙ РАМАЗАНОВ — АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ	51
ӘНШІ-ЖЫРШЫЛАР АРАСЫНДА	59
САУДА-САТТЫҚПЕН АЙНАЛЫСУЫ	65
КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДА	70
ҚҰҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУЫ	75
МҰХАМЕТЖАН	102
ӘБУРАЙРА ЖҰСЫПҰЛЫ	104
АСЫЛ ЖЕЗДЕМ	107
АБЫЛАЙ ЖӘНЕ СӘБИТ	111
I	111
II	114
III	120
IV	123
V	128
VI	135

АБЫЛАЙ МЕН МҰХАМЕТЖАННЫҢ ҰРПАҚТА

а) Сұлтан және оның ұрпағы

б) Қармаш және оның ұрпағы

в) Үкітай және оның ұрпағы

Абылай Рамазановтуралы жаңа деректер ...

СОҢҒЫ СӨЗ

ҚОСЫМШАЛАР

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР, ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАҒЫ ТАРИХИ ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ

(ТОПОНИМДЕР) ТІЗІМІ

Книга отпечатана в типографии

ТОО «Издательство «Северный Казахстан».

Адрес: 150001, Республика Казахстан,

Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. № 1

Тел. +7(7152)- 31-07-72, e-mail: mail@izdatelstvo.kz

Родился 26 сентября 1932 г. в ауле Ынтымак Октябрьского (ныне — Тимирязевского) района Северо-Казахстанской области. В 1957 году окончил исторический факультет Казахского Государственного университета имени С.М. Кирова (ныне — КазНУ им. аль-Фараби).

Четырнадцать лет работал учителем в сельской школе, из них 12 лет директором. Двадцать три года служил заместителем заведующего



Северо-Казахстанским областным отделом народного образования, пять лет — старшим преподавателем областного Института усовершенствования учителей. Затем двенадцать лет работал научным сотрудником историко-просветительного центра «Асыл мұра» («Драгоценное наследие») при областном историко-краеведческом музее.

Всю самостоятельную жизнь К.М. Муканов собирает сведения о знаменитых людях родного края, из истории народного образования области.

Автор многочисленных статей, очерков, книг по истории края, истории образования. Вышли из печати такие книги, как: «Ынтымақ ауылы», «Ұмсын сұлу», «Жумағали Тлеулин — деятель Алаш-орды», «Өлке тұлғалары», «Мағжан ізімен. По следам Мағжана» и другие.